

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ  
ХАБАРШЫ

№ 1 (60) 2021

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы  
Республикалық терминология комиссиясының бюллетені

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ  
**ХАБАРШЫ**

№1 (60) 2021

**Бас редактор**  
**Ш. Құрманбайұлы**

**Жауапты редактор**  
**Қ. Есентаев**

ҚР Мәдениет, ақпарат  
және қоғамдық келісім  
министрлігінде  
тіркеліп, тіркеу туралы  
2002 жылғы  
27 мамырда  
№2993 – куәлігі берілген.

**Құрылтайшы:**

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
Тіл саясаты комитеті

**Редакциялық алқаның төрағасы**

**Ш. Каринова**  
ҚР Білім және ғылым вице-министрі

**Редакциялық алқа**

**Ә. Қаба**, ҚР Білім және ғылым министрлігі Тіл саясаты  
комитетінің төрағасы

**Ғ. Абзалбек**, ҚР Білім және ғылым министрлігі  
Тіл саясаты комитеті төрағасының орынбасары

**М. Бақтиярұлы**, ҚР Парламенті Сенатының депутаты

**С. Абдрахманов**, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты

**М. Ахметов**, Медицина ғылымдарының кандидаты

**Ж. Жақсымбетов**, ҚР Парламенті Сенаты  
Аппаратының Редакциялық баспа бөлімінің  
меңгерушісі

**Д. Омашұлы**, ҚР Парламенті Мәжілісі Аппаратының  
Редакциялық және аударма бөлімінің меңгерушісі

**Б. Сағын**, ҚР Президенті Әкімшілігі Жалпы бөлімінің  
редакциялық сараптама және актілерді шығару  
секторының меңгерушісі

**Л. Қабылдина**, ҚР Премьер-Министрі Кеңесінің  
Бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету  
бөлімінің бас инспекторы

**Д. Қыдырәлі**, «Egemen Qazaqstan» республикалық  
газеті» АҚ басқарма төрағасы

**М. Айымбетов**, «ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат  
институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы  
республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жетекші  
ғылыми қызметкері

**С. Әлісжан**, «Назарбаев университеті» дербес білім  
беру ұйымының қазақ тілі кафедрасының профессоры

**С. Қали**, «Ана тілі» газетінің бас редакторы

**Қ. Әуесбай**, «Түркістан» газетінің бас редакторы

**Е. Жеңісұлы**, жазушы, аудармашы

## **РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ**

2021 жылғы 30 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясының кезекті отырысы өтті.

Отырыстың күн тәртібіне сәйкес жасанды интеллект, әскери іс, банк, энергетика, лингвистика және әдебиет салалары бойынша 824 термин қаралып, 700-ден аса бекітілді.

Бекітуге ұсынылған терминдерге ғылыми-лингвистикалық сараптама жасалып, алдын ала талдау үшін [termincom.kz](http://termincom.kz) сайтындағы «Алаң» платформасына орналастырылған болатын.

Комиссия шешіміне сәйкес бекітілген терминдер орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға, ұлттық компанияларға жұмыс барысында басшылыққа алу үшін жолданады, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ КОМИССИЯСЫНЫҢ  
2021 ЖЫЛҒЫ 30 СӘУІРДЕГІ ОТЫРЫСЫНДА  
БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР**

<b>р/с</b>	<b>орыс тілінде</b>	<b>қазақ тілінде</b>
<b>ИНТЕЛЛЕКТ САЛАСЫ ТЕРМИНДЕРІ</b>		
1.	аффинное преобразование	аффиндік түрлендіру
2.	воздушный зазор	ауа саңылауы
3.	алюминий	алюминий
4.	амплитудная модуляция	амплитудалық модуляция
5.	аналоговый выход	аналогтық шығыс
6.	муравьиный алгоритм	«құмырсқа» алгоритмі
7.	антивирусная программа	вирусқа қарсы бағдарлама
8.	апостроф	апостроф
9.	арифметическое кодирование	арифметикалық кодтау
10.	искусственная нейронная сеть	жасанды нейрондық желі
11.	язык ассемблера	ассемблер тілі
12.	асинхронный	асинхронды
13.	система ориентации аппарата	аппаратты бағдарлау жүйесі
14.	дополненная реальность	толықтырылған шындық
15.	автокодировщик	автокодтаушы
16.	теория автоматов	автоматтар теориясы
17.	автономное вождение	автономды жүргізу
18.	ограничивающий прямоугольник выровненный по осям	осьтері түзелген шектеуші тікбұрыш
19.	бэкэнд	бэкэнд
20.	бэкдор, тайный вход	бэкдор, құпия кіру
21.	метод обратного распространения ошибки	қатенің кері таралу әдісі
22.	модель «набор слов»	«сөздер жиыны» моделі

23.	бэггинг	бэггинг
24.	шариковый винт механический	механикалық шарикті бұранда
25.	нормализация батча	батчты нормалау
26.	аккумулятор	аккумулятор
27.	батарея	батарея
28.	монитор батареи	батарея мониторуы
29.	поиск балки	арқалықты іздеу
30.	бета-тестирование	бета-тестілеу
31.	дилемма смещения-дисперсии	ығысу-дисперсия диллемасы
32.	двоичный	екілік
33.	биоинформатика	биоинформатика
34.	биомиметика	биомиметика
35.	бит	бит
36.	частота битовых ошибок	биттік қателер жиілігі
37.	бит в секунду	секундтағы бит
38.	модель черного ящика	қара жәшік моделі
39.	булева алгебра, алгебра логики	бульдік алгебра, логика алгебрасы
40.	бустинг	бустинг
41.	бутстреппинг	бутстреппинг
42.	ограниченный вход	шектеулі кіріс
43.	ограниченный выход	шектеулі шығыс
44.	ограничивающий объем	шектеуші көлем
45.	нейрокомпьютерный интерфейс	нейрокомпьютерлік интерфейс
46.	латунь	жез
47.	яркость	жарықтылық
48.	полный перебор	толықтай іріктеу
49.	кэш	кэш
50.	каскадное управление	каскадтық басқару

51.	причинность	себептілік
52.	причинная связь	себептік байланыс
53.	молекулярная декомпозиция	молекулалық декомпозиция
54.	центральная предельная теорема	орталық шекті теорема
55.	центральный процессор	орталық процессор
56.	центроид, барицентр	центроид, барицентр
57.	кора головного мозга	ми қыртысы
58.	дифференцирование сложной функции; цепное правило	күрделі функцияны дифференциялау; тізбекті қағида
59.	химическая инженерия	химиялық инженерия
60.	расстояние ситиблок	ситиблок арақашықтығы
61.	строительная инженерия	құрылыс инженериясы
62.	кликбейт	кликбейт
63.	модель «клиент сервер»	«клиент-сервер» моделі
64.	система поддержки принятия клинических решений	клиникалық шешімдерді қабылдауды қолдау жүйесі
65.	дрожание часов	сағат дірілі
66.	замкнутое управление	тұйықталған басқару
67.	облачная робототехника	бұлтты роботтехника
68.	кластеризация	кластерлеу
69.	запутывание кода; обфускация	кодты шатастыру; обфускация
70.	рефакторинг кода	код рефакторингі
71.	когнитивистика	когнитивистика
72.	комбинаторная оптимизация	комбинаторлық оңтайландыру
73.	запятая	үтір
74.	значения с разделительной запятой	бөлгіш үтірі бар мәндер
75.	компилятор	компилятор
76.	вычислительная химия	есептеуіш химия
77.	вычислительная геометрия	есептеуіш геометрия

78.	вычислительный график	есептеуіш график
79.	вычислительный интеллект	есептеуіш интеллект
80.	компьютерная лингвистика	компьютерлік лингвистика
81.	вычислительная неврология	есептеуіш неврология
82.	вычислительная физика	есептеуіш физика
83.	компьютерная томография	компьютерлік томография
84.	бот	бот
85.	компьютерная инженерия	компьютерлік инженерия
86.	компьютерная криминалистика	компьютерлік криминалистика
87.	компьютерные науки	компьютерлік ғылымдар
88.	компьютерный вирус	компьютерлік вирус
89.	компьютерное зрение	компьютерлік көру
90.	автоматизированная диагностика	автоматтандырылған диагностика
91.	системы инженерного анализа	инженерлік талдау жүйелері
92.	генерируемые компьютером изображения	компьютер жасайтын бейне
93.	бетонный анкер	бетон анкері
94.	условная независимость	шартты тәуелсіздік
95.	проводимость	өткізгіштік
96.	конус	конус
97.	конфигурационное пространство	конфигурациялық кеңістік
98.	матрица ошибок	қателер матрицасы
99.	непрерывный	үздіксіз
100.	теория управления	басқару теориясы
101.	выпуклая функция	дөңес функция
102.	выпуклая оболочка	дөңес қабықша
103.	выпуклая оптимизация	дөңес оңтайландыру
104.	куки	куки

105.	охлаждающий вентилятор	салқындатқыш желдеткі
106.	медь	мыс
107.	подъемный кран	көтергіш кран
108.	ток	тоқ
109.	курсор	меңзер
110.	киберпреступник	киберқылмыскер
111.	кибернетика	кибернетика
112.	кибербезопасность	киберқауіпсіздік
113.	циклоидальный привод	циклоидты жетек
114.	цилиндр	цилиндр
115.	обработка данных	деректерді өңдеу
116.	центр обработки данных	деректерді өңдеу орталығы
117.	наука о данных	деректер туралы ғылым
118.	хранилище данных	деректер қоймасы
119.	набор данных	деректер жиыны
120.	счисление координат	координаттарды есептеу
121.	десятичный	ондық
122.	граница принятия решения	шешім қабылдау шекарасы
123.	глубокая сеть доверия	сенімнің терең желісі
124.	степень свободы	еркіндік дәрежесі
125.	демодуляция	демодуляция
126.	атака типа «отказ в обслуживании»	«қызмет көрсетуден бас тарту» түріндегі шабуыл
127.	зависимая переменная	тәуелді айнымалы
128.	поиск в глубину	тереңдігі бойынша іздеу
129.	производный	туынды
130.	робот с дифференциальным приводом	дифференциялық жетекті робот
131.	цифровой ввод	цифрлық енгізу
132.	цифровой мультиметр	цифрлық мультиметр
133.	цифровой вывод	цифрлық шығару
134.	размерность	өлшемділік



135.	снижение размерности	өлшемділікті азайту
136.	диод	диод
137.	ориентированный ациклический граф	бағдарланған ациклді граф
138.	направленное освещение	бағытталған жарық
139.	каталог (директория)	каталог (директория)
140.	дискретное событие	дискретті оқиға
141.	преобразование фурье дискретного времени	дискрет уақыты фурьесінің түрленуі
142.	распределенный искусственный интеллект	таратылған жасанды интеллект
143.	реакция на помехи	бөгеуілге қарсы реакция
144.	ошибка деления на ноль	нөлге бөлу қателігі
145.	количество точек на дюйм (dpi, ди-пи-ай)	бір дюймдегі нүктелер саны (dpi, ди-пи-ай)
146.	дрон	дрон
147.	динамический контент	динамикалық контент
148.	динамическая память с произвольным доступом (Dram)	еркін қолжетімді динамикалық жады (Dram)
149.	ранняя остановка	ерте тоқтату
150.	электроэрозионная обработка (edm)	электрэрозиялық өңдеу (edm)
151.	электрокардиограмма	электркардиограмма
152.	электроэнцефалограф	электрэнцефалограф
153.	электромагнитная совместимость	электрмагниттік үйлесімділік
154.	электромагнитные помехи	электрмагниттік бөгеуілдер
155.	электромагнитный спектр	электрмагниттік спектр
156.	электромиография	электрмиография
157.	электронная медицинская карта	электрондық медициналық карта
158.	электроника	электроника

159.	электростатический разряд (esd)	электрстатикалық разряд (esd)
160.	эмиттер	эмиттер
161.	эмуляция	эмуляция
162.	эмулятор	эмулятор
163.	шифрование	шифрлау
164.	конечный покупатель	соңғы сатып алушы
165.	плотность энергии	энергия тығыздығы
166.	энергосберегающий	энергия үнемдеуші
167.	ограничение в виде равенства	теңдік түріндегі шектеу
168.	эквilibриум	эквilibриум
169.	теория эргодичности	эргодикалылық теориясы
170.	этика использования искусственного интеллекта	жасанды интеллектіні пайдалану әдебі
171.	оценочный комплект	бағалау жиынтығы
172.	журнал событий	оқиғалар журналы
173.	эволюционные алгоритмы	эволюциялық алгоритмдер
174.	вычисления с помощью эволюционных алгоритмов	эволюциялық алгоритмдер көмегімен есептеу
175.	исключительная ситуация	айрықша жағдаят
176.	обработка исключительных ситуаций	айрықша жағдаяттарды өңдеу
177.	исполняемый код	орындалатын код
178.	ожидаемая полезность	күтілетін пайдалылық
179.	разведочный анализ данных	деректерді барлап талдау
180.	показательная функция	көрсеткіштік функция
181.	экспоненциальная линейная единица измерения (elu)	экспоненциялық сызықтық өлшем бірлігі (elu)
182.	экстраполяция	экстраполяция
183.	внешние свойства	сыртқы қасиеттер
184.	f1-балл	f1-балл
185.	факторный анализ	факторлық талдау

186.	выделение признаков; выделение атрибутов	белгілерді айрықшалау; атрибуттарды айрықшалау
187.	отбор признаков; отбор атрибутов	белгілерді іріктеу; атрибуттарды іріктеу
188.	федеративное обучение	федеративтік оқыту
189.	переменная обратной связи	кері байланыс айнмалысы
190.	программируемая пользова- телем вентильная матрица	пайдаланушы бағдарламалайтын вентильді матрица
191.	файловая система	файлдық жүйе
192.	конечный автомат	соңғы автомат
193.	конечный автомат с выходом	шығысы бар соңғы автомат
194.	брандмауэр; файрвол	брандмауэр; файрвол
195.	логика первого порядка	бірінші ретті логика
196.	число с плавающей точкой	құбылмалы нүктелі сан
197.	фокусное расстояние	фокустық арақашықтық
198.	сила	күш
199.	чувствительный к силе резистор	күшке сезімтал резистор
200.	прогнозирование	болжау
201.	фрактал, фрактальный	фрактал, фракталды
202.	кадровая частота	кадр жиілігі
203.	обнаружение мошенничества	алаяқтықты анықтау
204.	частотная область	жиілік аймағы
205.	скачкообразное изменение частоты	жиіліктің секірмелі өзгеруі
206.	фронтэнд	фронтэнд
207.	операционный усилитель	операциялық күшейткіш
208.	исследование операций	операцияларды зерттеу
209.	оптическое распознавание символов	символдарды оптикалық тану
210.	оптическая сеть связи	оптикалық байланыс торабы
211.	оптический стол	оптикалық үстел

212.	оптическая беспроводная связь	оптикалық сымсыз байланыс
213.	теория оптимального управления	оңтайлы басқару теориясы
214.	оптимизация	оңтайландыру
215.	ориентированный ограничивающий параллелепипед	бағдарланған шектеуші параллелепипед
216.	ортографическая проекция	ортографиялық проекция
217.	осциллоскоп	осциллоскоп
218.	выброс	шығарынды
219.	переопределенная система	қайта анықталған жүйе
220.	переобучение	қайта оқыту
221.	перерегулирование	қайта реттеу
222.	защита от перенапряжения	асқын кернеуден қорғау
223.	параллельное вычисление	параллель есептеу
224.	параллельный интерфейс	параллель интерфейс
225.	инвариантность параметров	параметрлердің инварианттылығы
226.	синтаксический анализ	синтаксистік талдау
227.	метод Роя частиц	бөлшектердің Рой әдісі
228.	процентиль	процентиль
229.	периферийный	шеткері
230.	постоянная переменная	тұрақты айнымалы
231.	фазовая модуляция (pm)	фазалық модуляция (pm)
232.	фишинг	фишинг
233.	физический движок	физикалық қозғағыш
234.	проблема пианиста-грузчика	пианист-жүкші проблемасы
235.	стеноп, пинхол, лох-камера	стеноп, пинхол, лох-камера
236.	пиксель	пиксель
237.	пластик	пластик
238.	включил и играй (pnp)	қос та ойна (pnp)
239.	пневматический привод	пневматикалық жетек
240.	облако точек	нүктелер бұлты

241.	потенциометр	потенциометр
242.	плотность мощности	қуат тығыздығы
243.	степенная функция	дәрежелік функция
244.	источник питания	қуат беру көзі
245.	печатная монтажная плата (pcb)	баспа монтаждау тақшасы (pcb)
246.	призматическое соединение	призмалық жалғаным
247.	управление процессом	процесті басқару
248.	осмотр продукта	өнімді қарап-тексеру
249.	пропозициональное исчисление	пропозициялық есептеу
250.	обрезка	кесу
251.	псевдокод	псевдокод
252.	общественный домен	қоғамдық домен
253.	шифрование с открытым ключом	ашық кілтпен шифрлау
254.	шкив	шкив
255.	амплитудно-импульсная модуляция	амплитудалық-импульстік модуляция
256.	пазл	пазл
257.	четвероногий робот	төрт аяқты робот
258.	фактор качества	сапа факторы
259.	квантовое вычисление	кванттық есептеу
260.	квартиль	квартиль
261.	моделирование методом наплавления	балқыту әдісімен модельдеу
262.	нечеткая логика	бұлдыр логика
263.	матрица усиления	күшейту матрицасы
264.	походка	жүріс
265.	гальваническая развязка	гальваникалық оқшаулау
266.	гамма-коррекция	гамма-түзету
267.	цветовая палитра	түс палитрасы

268.	управляемый рекуррентный блок	басқарылатын рекурренттік блок
269.	смешанная гауссовская модель	аралас гаусс моделі
270.	механизм	механизм
271.	генеративно-состязательная сеть (gan)	генеративті-бәсекелестік желі (gan)
272.	генетические алгоритмы	генетикалық алгоритмдер
273.	геометрия	геометрия
274.	глобальный максимум	глобалды максимум
275.	глобальный минимум	глобалды минимум
276.	глобальная переменная	глобалды айнымалы
277.	золото	алтын
278.	градиент	градиент
279.	грамматика	грамматика
280.	теория графов	графтар теориясы
281.	обход графа	графты аралап шығу
282.	графический интерфейс пользователя (gui)	пайдаланушының графикалық интерфейсі (gui)
283.	графический процессор (gpu)	графикалық процессор (gpu)
284.	сетевое накопление энергии	желілік энергия жинақтау
285.	земля (заземление)	жер (жерге тұйықтау)
286.	рукопожатие	қол алысу
287.	хаптика	хаптика
288.	рандомизированная (хэш) таблица	рандомизацияланған (хэш) кесте
289.	заголовок	тақырып
290.	тепловая карта	жылу картасы
291.	распределение с медленно убывающим хвостом	баяу кемитін үлестірім
292.	полуферический	жарты шарлы/жарты сфералы
293.	гексаподовый робот	гексаподты робот

294.	скрытый слой	жасырын қабат
295.	гистограмма	гистограмма
296.	несогласная перекрестная проверка	келіспейтін айқас тексеру
297.	голограмма	голограмма
298.	ханипот	ханипот
299.	тон	рең
300.	взаимодействие между человеком и роботом	адам мен роботтың өзара әрекеті
301.	гиперпараметр	гиперпараметр
302.	гиперплоскость	гипержазықтық
303.	независимые одинаково распределенные	тәуелсіз біркелкі бөлінген
304.	следствие	салдар
305.	импульсная переходная функция	импульстік өтпелі функция
306.	условный расчет	шартты есептеу
307.	инкрементальный энкодер	инкрементті энкодер
308.	индексирование	индекстеу
309.	промышленная автоматизация	өнеркәсіптік автоматтандыру
310.	промышленная инженерия	өнеркәсіптік инженерия
311.	промышленный робот	өнеркәсіптік робот
312.	инерционное измерительное устройство/ гиростабилизатор	инерциялық өлшеу құрылғысы/ гиростабилизатор
313.	инерциальная навигационная система	инерциялық навигациялық жүйе
314.	информационная энтропия	ақпараттық энтропия
315.	инфракрасный	инфрақызыл
316.	задача с начальными условиями	бастапқы шарты бар есеп
317.	интеграл	интеграл

318.	интернет-провайдер (isp)	интернет-провайдер (isp)
319.	прерывание	үзу
320.	изобретение	өнертабыс
321.	обратная кинематика	кері кинематика
322.	поиск с итеративным углублением	итеративті терендетумен іздеу
323.	джиттер	джиттер
324.	метод к-ближайших соседей	к-жақын көршілер әдісі
325.	кейлоггер	кейлоггер
326.	кинематическая цепь	кинематикалық тізбек
327.	ползунок	жүгірткі
328.	помеченные данные	белгіленген деректер
329.	лестница	баспалдақ
330.	скрытая переменная	жасырын айнымалы
331.	свинцово-кислотный аккумулятор	қорғасын-қышқылды аккумулятор
332.	система управления обучением (lms)	оқытуды басқару жүйесі (lms)
333.	лемма	лемма
334.	световой конус	жарық конусы
335.	светодиод	жарықдиод
336.	предельный выключатель	шектік ажыратқыш
337.	линейный сегмент	желілік сегмент
338.	линейный	сызықтық
339.	линейная алгебра	сызықтық алгебра
340.	линейная интерполяция	сызықтық интерполяция
341.	линейная оптимизация	сызықтық оңтайландыру
342.	линейная регрессия	сызықтық регрессия
343.	линейный регулятор	сызықтық реттеуіш
344.	регулирование нагрузки	жүктемені реттеу
345.	локальная сеть	жергілікті желі
346.	локальный минимум	локалды минимум



347.	логистическая функция ошибки	қатенің логистикалық функциясы
348.	логарифм	логарифм
349.	таблица поиска	іздеу кестесі
350.	фильтр нижних частот	төменгі жиіліктер сүзгісі
351.	яркость	жарықтық
352.	машинное обучение	машиналық оқыту
353.	вредоносная программа	зиянды бағдарлама
354.	матрица	матрица
355.	обратная матрица	кері матрица
356.	среднее значение	орта мән
357.	машиностроение	машинажасау
358.	мехатроника	мехатроника
359.	медиана	медиана
360.	меню	мәзір
361.	метрология	метрология
362.	микроэлектромеханические системы (мэмс)	микроэлектромеханикалық жүйелер (мэмс)
363.	алгоритм минимакс	минимакс алгоритмі
364.	смешанная реальность	аралас шындық
365.	модель смеси	қоспа моделі
366.	мобильный робот	мобильді робот
367.	выбор модели	модельді таңдау
368.	модуль упругости	серпімділік модулі
369.	монитор	монитор
370.	моделирование по методу Монте-карло	Монте-карло әдісі бойынша модельдеу
371.	закон Мура	Мур заңы
372.	морфологический оператор	морфологиялық оператор
373.	морфология	морфология
374.	управление движением	қозғалысты басқару
375.	планирование движения	қозғалысты жоспарлау

376.	мультиплексор	мультиплексор
377.	многомерный анализ	көп өлшемді талдау
378.	многомерная регрессия	көп өлшемді регрессия
379.	мутация	мутация
380.	обработка естественного языка (n1p)	табиғи тілді өңдеу (n1p)
381.	точка доступа к сети (nap)	желіге кіру нүктесі (nap)
382.	сетевая система обнаружения вторжений	басып кіруді анықтаудың желілік жүйесі
383.	сетевое хранилище данных (nas)	желілік деректер қоймасы (nas)
384.	нейронные генеративные модели	нейрондық генеративтік модельдер
385.	нейрон	нейрон
386.	неврология	неврология
387.	нелинейная оптимизация	бейсызықтық оңтайландыру
388.	нелинейная система/ динамика	бейсызықтық жүйе/ динамика
389.	нелинейность	бейсызықтық
390.	нормальное распределение	қалыпты бөлу
391.	режекторный фильтр	кескіш сүзгі
392.	числитель	бөлінді
393.	гайка	сомын
394.	теорема выборки Котельникова	Котельников таңдау теоремасы
395.	объектно-ориентированное программирование	объектілі-бағытталған бағдарламалау
396.	целевая функция	нысаналық функция
397.	бритва Оккама	Оккама ұстарасы
398.	восьмеричный	сегіздік
399.	транзакционная система (oltp)	транзакциялық жүйе (oltp)
400.	обучение онтологии	онтологияны оқыту

401.	разомкнутая цепь	ашық тізбек
402.	управление с разомкнутым контуром	ашық контурмен басқару
403.	предположение об открытости мира	ашық әлем туралы жорамал
404.	точность	дәлдік
405.	исполнительное устройство, актуатор	актуатор
406.	адаптивное управление	бейімді басқару
407.	аддитивные технологии	аддитивті технологиялар
408.	аффективные вычисления	аффективті есептеу
409.	гибкая разработка программного обеспечения	бағдарламалық жасақтаманың икемді әзірлемесі
410.	аналоговый вход	аналогтық саңылау
411.	интерфейс прикладного программирования	қолданбалы бағдарламалау интерфейсі
412.	автоматизированные рассуждения	автоматтандырылған пайымдау
413.	сбалансированная точность	теңгерімді дәлдік
414.	полосовой фильтр	жолақ сүзгі
415.	пропускная способность	өткізу мүмкіндігі
416.	анализ рыночной корзины	нарық себетін талдау
417.	пакет данных	деректер пакеті
418.	размер партии	партия мөлшері
419.	схема защиты аккумулятора	аккумуляторды қорғау схемасы
420.	бенчмаркинг	бенчмаркинг
421.	предвзятость	үстірттік
422.	двунаправленный поиск	қосбағытты іздеу
423.	большие данные	мол дерек
424.	урна (черное)	урна (қара)
425.	структурная схема	құрылымдық схема
426.	поиск в ширину	ені бойынша іздеу

427.	пузырьковая сортировка	көпіршіктік сұрыптау
428.	байт	байт
429.	кабельный жгут	кәбіл бумағы
430.	математический анализ	математикалық талдау
431.	причинно-следственная сеть	себеп-салдар желісі
432.	прибор с зарядовой связью (пзс)	зарядты байланысы бар аспап (зба)
433.	виртуальный собеседник, чат-бот	виртуалды әңгімелесуші, чат-бот
434.	сигнал с линейным частотным модулем	сызықтық жиілікті модульді сигнал
435.	принципиальная схема	принциптік схема
436.	метка класса	класс таңбасы
437.	видеонаблюдение	бейнебақылау
438.	предположение о замкнутости мира	дүниенің тұйықтығы туралы жорамал
439.	подбрасывание монеты	монета лақтыру
440.	обнаружение столкновений	соқтығысуды анықтау
441.	цветовая карта	түс картасы
442.	интерфейс командной строки	пәрмен жолының интерфейсі
443.	здравый смысл	көкейге қонымды мағына
444.	анализ сложности	күрделілік талдауы
445.	теория вычислительной сложности	есептеуіш күрделілік теориясы
446.	вычислительная фотография	есептеуіш фотография
447.	компьютерная сеть	компьютер желісі
448.	доверительный интервал	сенімділік интервалы
449.	соединитель	жалғағыш
450.	ограниченная оптимизационная задача	шектеулі оңтайландырылған тапсырма
451.	обучение с ограничениями	шектеулері бар оқыту
452.	логическое программирование с ограничениями	шектеулері бар логикалық бағдарламалау

453.	контур	контур
454.	панель управления	басқару панелі
455.	сверточная нейронная сеть	орамдық нейрон желі
456.	целевая функция	нысаналы функция
457.	перекрестная энтропия	тоғыспалы энтропия
458.	векторное произведение	векторлық көбейтінді
459.	перекрестная проверка; кросс-валидация	тоғыспалы тексеру; кросс-валидация
460.	перекрестные помехи	тоғыспалы бөгеуіл
461.	кумулятивная функция распределения	үлестірудің кумулятивті функциясы
462.	проклятие размерности	өлшемділік өрескелдігі
463.	аннотация данных	деректер аннотациясы
464.	наращивание данных	деректерді молықтыру
465.	озеро данных	деректер көлі
466.	лог данных	деректер логи
467.	добыча данных	деректерді алу
468.	разреженность данных	деректер сиректігі
469.	визуализация данных	деректерді көрнекілендіру
470.	система поддержки принятия решений	шешім қабылдауды қолдау жүйесі
471.	теория принятия решений	шешім қабылдау теориясы
472.	дерево решений	шешімдер дарағы
473.	глубокое обучение	тереңдете оқыту
474.	дифференциальный сигнал	дифференциялы сигнал
475.	цифровая обработка сигналов	сигналдарды цифрлық өңдеу
476.	непересекающиеся (дизъюнктные) множества	қиылыспайтын (дизъюнктілі) жиындар
477.	метрическое пространство	метрикалық кеңістік
478.	алгоритм «разделяй и властвуй»	«бөліп ал да билей бер» алгоритмі
479.	скалярное умножение	скаляр көбейту

480.	беспилотный автомобиль	жүргізушісіз автомобиль
481.	динамичное программирование	динамикалық бағдарламалау
482.	пограничные вычисления	шектесімді есептеу
483.	встроенные системы	ендірілген жүйелер
484.	энергоэффективность	энергиятиімділік
485.	аккумуляирование энергии	энергия жинақтау
486.	эпоха обучения	оқыту дәуірі
487.	пакет определения оценки	бағалауды анықтау пакеті
488.	алгоритм максимизации ожидания	күтілетін нәтижені барынша арттыру алгоритмі
489.	экспертная система	сараптама жүйесі
490.	распознавание лица	бетті тану
491.	отказоустойчивый	бұзылысқа төзімді
492.	ложноотрицательный	жалған теріс
493.	пристрелочное обучение	мөлшерлеп оқыту
494.	первым пришел – первым ушел (fifo)	бірінші келді - бірінші шықты (fifo)
495.	функция приспособленности	бейімделу функциясы
496.	флеш-память	флеш-жады
497.	триггерная система	триггерлік жүйе
498.	блок-схема	блок-схема
499.	нижний колонтитул	төменгі колонтитул
500.	формальный язык	формальді тіл
501.	формальная верификация	формальді верификация
502.	кадровый буфер	кадрлық буфер
503.	бесплатное программное обеспечение	тегін бағдарламалық жасақтама
504.	управляемость выхода; управляемость результата	шығыстың басқарылуы; нәтиженің басқарылуы
505.	отношение выхода в входу	шығыстың кіріске қатынасы
506.	перезарядка	қайта зарядтау
507.	многочастичный фильтр	көпбөлікті сүзгі

508.	заплата; патч	жамау; патч
509.	точка; период	нүкте; кезең
510.	круговая диаграмма	шеңбер диаграмма
511.	точечные светильники	нүктелік шырағдан
512.	полигон	полигон
513.	полиномиальная регрессия	полиномиал регрессия
514.	коэффициент мощности	қуат коэффициенті
515.	четкость	анықтық
516.	метод основных компонентов (рса)	негізгі компоненттер әдісі (рса)
517.	вероятностные дорожные карты	ықтимал жол карталары
518.	функция плотности вероятности	ықтималдық тығыздығы функциясы
519.	программируемый логический контроллер	бағдарламаланатын логикалық бақылаушы
520.	проекционная томография	проекциялық томография
521.	программирование	бағдарламалау
522.	логика высказываний	пікірлер логикасы
523.	широотно-импульсная модуляция	ендік-импульстік модуляция
524.	насос	сорғы
525.	квадратичное программирование	квадраттық бағдарламалау;
526.	квадратурный энкодер	квадраттық энкодер;
527.	контроль качества	сапа бақылауы
528.	запрос	сауал
529.	вопросительный знак	сұрақ белгісі
530.	функциональный генератор	функционалдық генератор
531.	функциональное программирование	функционалдық бағдарламалау
532.	нечеткая система управления	бұлдыр басқару жүйесі
533.	теория игр	ойындар теориясы

534.	мусор на входе, мусор на выходе (gigo)	кіре берістегі қоқыс, шыға берістегі қоқыс (gigo)
535.	шлюз	шлюз
536.	потеря обобщения	жалпылауды жоғалту
537.	генетическое программирование	генетикалық бағдарламалау
538.	постепенная деградация/ постепенное ухудшение качества	біртіндеп деградациялану/ сапаның біртіндеп төмендеуі
539.	градиентный спуск	градиенттік төмендеу
540.	градация серого	сұр түс градациясы
541.	жадный поиск	аш іздеу
542.	шлифовальный станок, дробилка	тегістейтін станок, ұнтақтағыш
543.	истина	ақиқат
544.	распознавание рукописных цифр	қолжазбалық цифрларды тану
545.	жесткий диск/ винчестер	қатты диск/ винчестер
546.	аппаратные средства	аппараттық құралдар
547.	гармоническое искажение	гармоникалық бұрмалау
548.	гармонический привод (механический)	гармоникалық жетек (механикалық)
549.	куча (структура данных)	үйме (деректер құрылымы)
550.	шестнадцатеричный	оналтылық
551.	скрытая папка	жасырын папка
552.	скрытая марковская модель	жасырын марков моделі
553.	иерархическая кластеризация	иерархиялық кластерлеу
554.	высокопроизводительные вычисления	жоғары өнімділік есептеу
555.	визуализация с высоким динамическим диапазоном (hdr)	жоғары динамикалы диапазонмен (hdr) көрнекілендіру
556.	фильтр верхних частот	жоғары жиіліктер сүзгісі



557.	человекоподобная робототехника	адам тәрізді роботтехника
558.	гидравлический привод	гидравликалық жетек
559.	пространство гипотез	гипотезалар кеңістігі
560.	сжатие изображения	бейнені сығымдау
561.	регистрация изображения	бейнені тіркеу
562.	восстановление изображения	бейнені қалпына келтіру
563.	сегментация изображений	бейнелерді сегменттеу
564.	неполная информация / несовершенная информация	толық емес ақпарат / жетілмеген ақпарат
565.	уровень реализации	іске асыру деңгейі
566.	лампа накаливания	қыздыру шамы
567.	инкрементное обучение	инкрементті оқыту
568.	анализ независимых компонентов	тәуілсіз құрамбөліктер талдауы
569.	ограничение в виде неравенства	теңсіздік түріндегі шектеу
570.	извлечение информации	ақпарат алу
571.	осведомленный поиск	хабардар іздеу
572.	ввод / вводные данные	іске қосу / кіру деректері
573.	цикл выполнения команды	пәрменді орындау циклі
574.	целочисленное программирование	бүтінсандық бағдарламалау
575.	интегральная схема	интегралдық схема
576.	распознавание намерений	ниеттерді тану
577.	метод внутренней точки	ішкі нүкте әдісі
578.	двигатель внутреннего сгорания	іштен жану қозғалтқышы
579.	интернет-протокол (ip) камера	интернет-протокол (ip) камерасы
580.	неподатливость	көнбейтіндік
581.	внутреннее свойство	ішкі қасиет
582.	обратный маятник	кері маятник

583.	инвертор / преобразователь	инвертор / түрлендіргіш
584.	теория расписаний	кестелер теориясы
585.	совместное распределение вероятности	ықтималдылықтың бірлескен үлестірімі
586.	обоснование	негіздеме
587.	ядерная функция / керн-функция	ядролық функция / кернфункция
588.	ядерный трюк	ядролық трюк
589.	метка	белгі
590.	преобразования лапласа	лаплас түрлендіруі
591.	лазерная резка	лазерлік кесу
592.	регрессия лассо	лассо регрессиясы
593.	последним пришел - первым ушел	соңғы келді - бірінші шықты
594.	станок	станок
595.	ходовой винт (механический)	жүрістік бұранда (механикалық)
596.	бессвинцовый сплав	қорғасынсыз қорытпа
597.	листовой узел	жапырақ түйіні
598.	скорость обучения	оқыту деңгейі
599.	свет	жарық
600.	линейное ограничение	сызықтық шектеулік
601.	линейно разделимые функции	сызықты бөлінетін функциялар
602.	литий-ионный аккумулятор	литий-иондық аккумулятор
603.	передвижение	орын ауыстыру
604.	логический вентиль	логикалық вентиль
605.	логический вывод	логикалық түйін
606.	логистическая регрессия	логистикалық регрессия
607.	долгая краткосрочная память	ұзақ қысқа мерзімді жады
608.	долгосрочная память	ұзақ мерзімді жады
609.	сжатие данных с потерями	деректерді шығынмен сығымдау
610.	малоразмерное вложение	шағынкөлемді салым
611.	смазка	майлау

612.	магнитно-резонансная томография (мрт)	магнитті-резонанстық томография (мрт)
613.	марковский процесс принятия решений	марковтік шешімдер қабылдау процесі
614.	максимальная ожидаемая полезность	барынша күтілетін пайдалылық
615.	оценка максимального правдоподобия	барынша шындыққа ұқсастықты бағалау
616.	адрес управления доступом к мультимедиа (мас) / мас-адрес	мультимедиаға қолжеткізуді басқару мекенжайы (мас)/ мас-мекенжайы
617.	медианный фильтр	медианалық сүзгі
618.	номер медицинского документирования	медициналық құжаттау номері
619.	микронтроллер	микробақылаушы
620.	фрезерный станок	жону станогы
621.	управление с прогнозирующими моделями	болжауыш модельдермен басқару
622.	монотонный	монотонды
623.	захват движения	қозғалысты қармау
624.	отслеживание движения	қозғалысты бақылау
625.	моторная кора	моторлық қабық
626.	драйвер двигателя	қозғалтқыш драйвері
627.	многоклассовая классификация	көпкласты жіктеу
628.	многоуровневый перцептрон	көпдеңгейлі перцептрон
629.	множественные входы и множественные выходы (mino)	көпше кіру және көпше шығу (mino)
630.	взаимное исключение	өзара шеттету
631.	наивный баесовский классификатор	аңғырт байес жіктегіші
632.	собственная частота	өзіндік жиілік
633.	контроль доступа к сети (пас)	желіге қолжеткізуді бақылау (пас)

634.	наука о сетях	желілер туралы ғылым
635.	шумоподавление	шуылды басу
636.	недетерминированное полиномиальное время (np)/ класс np	бейдетерминді полиномиальді уақыт (np)/ np класы
637.	сотовая панель нелинейной жесткости	бейсызықтық қаттылықтың ұялы панелі
638.	нормализация	қалыпқа келтіру
639.	нечисло (nan)	бейсан (nan)
640.	численные методы	сандық әдістер
641.	распознавание объекта	объектіні тану
642.	наблюдаемость	байқаушылық
643.	восьмиугольник	сегізбұрыш
644.	унитарное кодирование	унитарлық кодтау
645.	открытое программное обеспечение	ашық бағдарламалық жасақтама
646.	операции над символами	символдармен операциялар
<b>ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКА САЛАСЫНЫҢ ТЕРМИНДЕРІ</b>		
647.	относительно-связанная морфема	салыстырмалы-байланысты морфема
648.	разделительные знаки препинания	тыныс белгілерінің айырым таңбалары
649.	разделительные отношения	бөлшектеуші қатынастар
650.	разделительные числительные	бөлшекті сандар
651.	синхронический интралингвальный перевод	ілеспе интралингвал аударма
652.	словесная оболочка	сөз сырты
653.	собирательное множество	жинақтаушы көптік
654.	сознательное заимствование терминов	терминдердің саналы кірмелілігі
655.	социально обусловленная вариативность языка	тілдің әлеуметке тәуелді вариативтілігі

656.	первичная коммуникативная деятельность	алғашқы коммуникативтік қызмет
657.	первообразное состояние	бастапқы күй
658.	разделительные союзы	талғаулы жалғаулықтар
659.	ритуально-мифологическая критика	ғұрыптық-мифтік сын
660.	словари правильностей казахского языка	қазақ тілінің дұрыс қолданыстар сөздіктері
661.	словарь правильностей	дұрыс қолданыстар сөздігі
662.	словесная прецизионная информация	сөздік прецизиондық ақпарат
663.	собирательное наречие	жинақтау үстеу
<b>ӘСКЕРИ ІС САЛАСЫНЫҢ ТЕРМИНДЕРІ</b>		
664.	резервная колонна	резервтегі лек
665.	расчет караула	қарауыл есептобы
666.	танковая колонна	танк легі
<b>БАНК САЛАСЫ ТЕРМИНДЕРІ</b>		
667.	эскалация	өршу
668.	эскалирование	өршіту
<b>ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНЫҢ ТЕРМИНДЕРІ</b>		
669.	цапфа	шетмойын таяныш
670.	конструкция	конструкция
671.	армирование	арматуралау
672.	балласт	балласт
673.	спираль	шиыршық
674.	бифуркация	бифуркация
675.	блокиратор	бұғаттауыш
676.	блокировка	бұғаттау
677.	брус	білеу
678.	визир	көздеуіш
679.	лупинг	лупинг
680.	заземление	жерге тұйықтау

681.	заземлитель	жерге тұйықтауыш
682.	замыкание на землю	жерге тұйықталу
683.	декантатор	декантатор
684.	декантация	декантация
685.	клапан	қақпақша
686.	гидроклапан	гидроқақпақша
687.	муфта	муфта
688.	гидромуфта	гидромуфта
689.	насос	сорғы
690.	гидронасос	гидросорғы
691.	помпа	помпа
692.	гофр	гофр
693.	гофрирование	гофрлау
694.	демонтаж	бөлшектеу
695.	гидравлический демпфер	гидравликалық демпфер
696.	профицит	профицит
697.	релаксация напряжений	кернеулердің босаңсуы
698.	интервал	аралық
699.	расстояние	арақашықтық
700.	лебедка	шығыр
701.	лента	таспа
702.	нейтраль	бейтарап
703.	компаундирование	компаундтеу
704.	радионуклидный источник	радионуклидтік көз
705.	вторичные соединения (вторичные цепи)	қайталама қосылыстар (қайталама тізбектер)

**Шерубай Құрманбайұлы**  
филология ғылымының докторы,  
профессор, ҚР ҰҒА академигі

## **ОҚУЛЫҚТАРҒА ЕНЕТІН ТЕРМИНДЕРДІ ІРІКТЕУ МЕН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕСІ**

Оқулық – білім алушыларға оқу пәнінің мазмұнын жүйелі, ғылыми негізде баяндап, нақты әрі барынша түсінікті тілмен жеткізудің негізгі құралы. Ал термин – білім алушыларға пәннің, ғылым мен өнер саласының сол оқулықтардағы қамтылған негізгі ғылыми ұғымдарының мәнін ұғындырып, мазмұнын ашып беретін кілт-сөз. Кілт дұрыс жасалмаса, құлпы ашылмайтыны сияқты, термин дұрыс жасалмаса немесе орынсыз қолданылса, ғылыми ұғымның, оқу пәнінің мазмұны да ашылмайды. Яғни термин білім алушыға оқытылатын пәннің ең басты ұғымдары, сол ұғымдардың өзара байланысы, олардың тектік-түрлік қарым-қатынасы, ұғымдар жүйесіндегі алатын орны, иерархиясы жөнінде нақты мәлімет беріп, оқулықта өте маңызды, негізгі рөл атқарады. Терминдер – оқытылатын пәннің негізгі мән-мазмұнын, ондағы басты ғылыми ақпараттарды жеткізетін тірек сөздер. Соған сәйкес оқулыққа енгізілетін терминдерге жіті мән беріліп, олардың жасалуы мен қолданысына аса мұқият болу талабы туындайды.

Ал «Біздің оқулықтардағы терминдер қолданысының, оларды оқулыққа енгізудің жай-күйі қалай?» деген мәселеге келер болсақ, ретке келтіруді қажет ететін, ойласатын тұстардың аз емес екені байқалады. Жалпы оқулыққа енетін терминдердің сапасы туралы айтпастан бұрын олардың санын анықтап алуға тура келеді. Мектеп оқушысы жасына, оқып жатқан сыныбына қарай белгілі бір бағдарламаны игеріп, қандай да бір дағдыларды қалыптастыруға тиіс. Мәселен, бірінші сынып оқушысын оқу жылдамдығына қарай бағалаудың нақты өлшемі бар. Айталық, бірінші тоқсанды аяқтаған оқушы 10 сөзден аз оқыса – 2, 10-15 сөз оқыса – 3, 16-20 сөз оқыса – 4, ал 20 сөзден көп оқыса – 5 деген баға қойылады. Ал төртінші тоқсанда 25 сөзден кем оқыса – 2, 25-30 сөз оқыса – 3, 31-40 сөз оқыса – 4, ал 40 сөзден көп оқыса – 5 деген баға қойылады. Бұл нормадан 5-6 сөзге ауытқу айтарлықтай алаңдаушылық туғызбайды.

Осындай норма оқулыққа енетін, оқушы меңгеруге тиіс терминдерге қатысты да нақты болғаны жөн. Біз бірінші және екінші сынып оқушыларына арналған «Жаратылыстану» оқулықтарын сүзіп шықтық. Бірінші сыныптың оқулығында [С.Н.Кузнецова, Д.Н.Сапақов, И.Н.Васева, Ә.Қ.Жамиева, М.Қ.Құсайынова, М.Қ. Тасболатова. Жаратылыстану. Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017. – 96 б., сур.] мына төмендегідей 70-тен астам (72) термин қамтылыпты: *Ағза, дің, өсімдік, жанды табиғат (10, 11), жансыз табиғат (10, 11), мәдени өсімдіктер (13), жабайы өсімдіктер (13), тамыр (14), гүл (14), сабақ (14), жапырақ (14, 15), жеміс (14, 15), тұқым (14, 15), қоректік заттар (16, 17), жылыжай (17), тыңайтқыш (18), арамшөп (18), сусепкіш/лейка (18), ылғалдылық (18), қопсыту (18, 19), үй жануарлары (24), жабайы жануарлар (24), жыл құстары (28), қоныс аудару//миграция (29), мүмкіндігі шектеулі адамдар (33), зілтемір (33), сәбилік шақ, жасөспірімдік кезең, жастық шақ, кемелдену кезеңі, қарттық шақ (35), көгөніс (37), дәмдеуіш (37), каникул (38), мұражай (39), қозғалыс траекториясы (44), ғарыш (49), ғаламшар (49), шоқжұлдыз (50), астрономия (50), күнтізбе (52), аспан денелері (53), телескоп (54), зымыран (54), ғарыш айлағы (55), модель (58), глобус (58), жапсырма түйме (59), ермексаз (59), әуежай (62), электр энергиясы (63), магнит (63), жарықтандыру (66), қозғалтқыш (67), магниттік қасиет (69), табиғи жарық көздері (72), жасанды жарық көздері (74), шамшырақ/маяк (75), ғимарат (76), аспашам (76), шам тізбегі (77), қалташам (80), отшашу (80), дыбыс көзі (82), табиғи дыбыс көзі (82), жанды дыбыс көзі (84), дыбыс толқындары (86), қатты дене (88), сұйықтық (88).*

Осы терминдердің қолданысын мына мысалдардан көруге болады: Өсімдіктерді неліктен тірі ағза деп атайды? (9). Өсімдіктер – тірі ағзалар (Сабақ тақырыбы. 10-бет). Өсімдіктер де жануарлар секілді тірі ағзаларға жатады (11-бет). Діңі қатты, жуан, биік өсімдіктерді ағаш деп атайды (12). Адам мәдени өсімдіктерге күтім жасайды(13). Жабайы өсімдіктер күтімді қажет етпейді (13). Тұқымдардың қалай өнетінін білетін боласың (14). Тұқым қалай өнеді? (15). Күн сәулесінің әсерінен қоректік заттар пайда болады (17-бет). Жылыжайларда өсімдіктерді жыл бойы өсіруге болады(17-бет). Лондонда өткен сайыста Қабира Асқарова 65 килограмдық зілтемірді көтерді (33). Жылдам әзірленетін тағамдардың құрамында түрлі дәмдеуіштер болады(37). Каникул кезінде табиғат аясында демалуға, киноға, мұражайға, ойын-сауық орталықтарына



баруға болады (39). Қозғалыс траекториясы дегеніміз не? (44). Көптеген шоқжұлдыздар құдайлардың, аңыздағы кейіпкерлердің аттарымен аталады (51). «Астрономия» сөзі гректің «астрон» (жұлдыз), «номос» (заң) деген екі сөзінен шыққан. Ол «жұлдыздар заңы» деп аударылады (51). Сөйтіп алғашқы Ай күнтізбелері пайда болды (52). Алғашқы телескоптардың қандай кемшіліктері болды?(54). Расытханалар (обсерваториялар) арнайы ғимараттарда орналасады (54). Ермексиздан заттардың моделін қалай жасауға болады? (59). Табиғи жарық көздері табиғат құбылыстары мен нысандарына жатады (73). Ғимараттар жарық және жайлы болу үшін шам, аспашам, шырағдан, және тағы басқа да жасанды жарық көздері пайдаланылады (76). «Табиғат физикасы» (63, сабақ тақырыбы).

Бұл терминдермен қатар *раушангүл, жолжелкен, бәйшешек, терек, қайың, шырша (20), итмұрын, қарағаш, түймедақ (22), сұлы (25)* тәрізді көптеген өсімдік атаулары қолданылады. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған, оқу мен жазуға енді ғана үйреніп жатқан балдырған балалар осылардың бәрінің мағынасын түсініп, атауларын есіне сақтап қалатыны үлкен күмән туғызады. Түсініп оқымаған соң, терминдерді құр жаттап алғаннан да пайда шамалы. Оқыған нәрсесін көңіліне тоқып, оның мән-мағынасын түсінбеген соң, жаттампаздыққа негізделген білімнің берері аз. Сол себепті әсіресе бастауыш сынып оқушыларына олар мәнін толық түсіне алмайтын күрделі терминдерді үйіп-төгіп берудің пайдасынан гөрі оларға тигізер зияны көбірек деп ойлаймыз.

Ал екінші сыныптың «Жаратылыстану» оқулығында [Жаратылыстану. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық/Т.А. Андриянова, В.Н. Беркало, Н.Ш. Жакупова, А.В. Полежаева. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017. – 96 б., сур.] төмендегі терминдер қолданылған: *гүл, ғаламшар, жапырақ, жеміс, уылдырық, бас сүйек, төс сүйек, омыртқа, кеуде қуысы, талшық, азу тіс, күрек тіс, ит тіс, мұздық, тыңайтқыш, жанартау, күш, ерітінді, жылдамдық, шама, сабақ, тамыр, тұқым, аквариум, атмосфера, бактерия, барометр, газ, гигиена, гипотеза, градус, кальций, километр, кран, лава, магнит, масса, материал, медуза, микроб, минут, океанариум, палата, пиктограмма, пластик, полиэтилен, полюс, рекорд, ресурс, секунд, стадион, театр, температура, термометр, террариум, траектория, хрусталь, эврика, экран, эксперимент, электр, эталон, қоректік заттар, қоршаған орта/қоршаған әлем, шырын ағыны (14), суқойма (17), ылғалсүйгіш (17), бунақденелілер*

(19, 22, 23), бауырмен жорғалаушылар (20, 21), қосмекенділер (21), жүзбеқанаттар (21), сүтқоректілер (21, 22), саябақ (27), бүркеніш рең (28), тіршілік ортасы (29), қаңқа (32), дене сымбаты (33), бұлшық еттер (34), ағза (34, 40), есту сүйекшелері (35), тісжегі (36), көгөніс (37,71), тірі ағза (40), фотосурет (41), зымыран (43), ұшақ (43), қозғалтқыш (43), аққыш (44, 45), мұзтау (47), су тұманы (47), мұз тұманы (47), жер асты сулары(47), минералды тұздар (47), табиғат ресурстары (48), пайдалы қазбалар (50), хауыз (51), тұзсорғыш (51), күн жүйесі (53), күн батареясы (54), Жердің табиғи серігі (55), нысан (56), жанартау (57), жасанды серік (57), табиғи серік (57), табиғи нысан (57), жасанды нысан (57), ғарыш, ғарыш денелері (58), кіртас (71), иінтірек (71), сынып (5, 49, 67, 74, 85), жарықөткізгіштік (77), жылыжай (77), расытхана(77), жарықтандыру(77), қатты дыбыс(78), бәсең дыбыс (78), сазды аспаптар (80), кәдесый (87).

Мысалдар: Оқулықта «Жануарлар тіршілік ортасына қалай бейімделеді?» (29). Ауа райы ашық кезде алыстағы заттарды анық көреміз (75). Олардың жүзбеқанаттары мен құйрығы бар (21). Суқоймаға өзен, көл, теңіз, мұхит жатады (21). Тісжегі біртіндеп тереңдей түседі(37). Мына екі нысанды салыстыр (56). Иінтіректі таразының кіртасарын немен ауыстыруға болады? (71). Су аққыш оның тұрақты пішіні жоқ (45). Оны алу үшін арнайы хауыздарда буландырады (5).

Екінші сыныптың «Жаратылыстану» оқулығына 122 термин еніпті. Бірінші сынып оқулығындағыдан 50 термин артық. Ал енді бірінші, екінші сынып оқушылары үшін оқулықтағы бұл терминдер аз ба, көп пе, әлде дөп пе? Оқулыққа енгізілген бұл терминдердің қандай нормативтік құжатқа, қай стандартқа немесе нормаға негізделіп алынғанына қарамастан, біздіңше, бұл өте көп.

Бірінші сыныпта 9 пән, екінші сыныпта 10 пән оқытылады. Егер әр пәндегі терминдердің саны жаратылыстану оқулығындай болса, онда бірінші сыныпты аяқтаған бала 648, екінші сыныпты бітірген оқушы 1220 терминнің мағынасын біліп шығуға тиіс. Басқа оқулықтардағы жағдай дәл мұндай емес болар деген үміттеміз. Осы көрініс басқа оқулықтарда да қайталанса, онда біз баланың сауатын ашып, білім беруден гөрі миын қатырып жатқан болып шығамыз.

Біз «Русский на 5» сайтында жарияланған «Сколько терминов должны знать наши дети» деген мақаламен танысып шықтық. Онда орта мектепке арналған орыс тілі оқулықтарына талдау жасалып, оларда қолданылған

терминдер саны анықталған. 4-сыныпта – 85, 5-сыныпта – 125-тен астам, 6-сыныпта – 175-тен астам, 7-сыныпта – 225-тен астам, 8-сыныпта – 280-нен астам, 9-сыныпта – 325-тен астам термин қолданылыпты.

Осы деректерді талдай келіп, мақала авторы: «Дело в том, что в моем детстве учебники не содержали такое количество терминов. И теории в таком объёме не было. Сегодня же складывается впечатление, что авторы наперегонки стараются включить в учебники как можно больше теории, как можно больше терминов – и чем раньше, тем лучше. Вы, может быть, не поверите, потому что в это почти невозможно поверить, но в сегодняшних детских учебниках можно увидеть огромный пласт терминологии университетского курса русистики. То, что я изучала на первом курсе филологического факультета МГУ им. М.В. Ломоносова, сегодня дается в некоторых учебниках для первого класса, а то, что я изучала на третьем курсе, ребята изучают, в зависимости от предпочтений авторов учебников, кто – в пятом классе, а кто-то и вовсе – во втором! Примеров множество.» [Сколько терминов должны знать наши дети. <http://russkiy-na-5.ru>] – деп жазады.

Орыс тіліндегі мектеп оқулықтарындағы мұндай кемшіліктер бізде де қайталанып отыр. Жоғарыдағы мысалдар негізінде оларға біз төменде нақтырақ тоқталамыз.

Түрік тіліндегі бастауыш мектеп оқулықтарындағы термин қолданысының жайы мынадай екен: «Түрік мектептеріндегі **бірінші сынып оқулықтарында** жалпы 1950 сөз қолданылған. Яғни «Оқуды бастаймын (сауат ашу)», «Түрік тілі», «Өміртану (жаратылыстану)» және «Математика» оқулықтарында 982 зат есім, 421 етістік, 257 сын есім, 120 жалқы атау, 97 үстеу, 27 есімдік, 20 одағай, 14 жалғаулық шылау және 12 септеулік шылау бар.

Бұдан бөлек, бұл кітаптарда 42 омоним, 39 көп мағыналы сөз, **38 термин**, 16 тұрақты тіркес және 1 мақал бар.

**Екінші сыныптың** «Түрік тілі», «Өміртану» және «Математика» оқулықтарында 3650 сөз қолданылған. Бұлардың ішінде 1912 зат есім, 749 етістік, 499 сын есім, 238 үстеу, 170 жалқы есім, 29 есімдік, 23 одағай, 23 жалғаулық шылау, 11 септеулік шылау.

Бұдан бөлек оқулықтарда 70 көп мағыналы сөз, 65 омоним, **61 термин**, 46 тұрақты тіркес, 9 мақал-мәтел және 2 нақыл сөз бар.

**Үшінші сыныпта** оқытылған «Түрік тілі», «Өміртану» және «Математика» оқулықтарында 4242 сөз қолданылған. Оның ішінде 2204 зат есім,

859 етістік, 650 сын есім, 244 жалқы есім, 210 үстеу, 30 есімдік, 25 одағай, 21 жалғаулық және 9 септеулік бар.

Бұдан бөлек 63 омоним, 56 көп мағыналы сөз, **71 термин**, 72 тұрақты тіркес және 9 мақал-мәтел бар». [Доцент Нихат БИЛГЕН (Doç. Dr. N. Nihat BİLGİN). Бастауыш мектеп 1, 2 және 3-сынып оқулықтарының лексикалық ерекшеліктері. Анкара, Хажеттепе университеті Педагогика факультетінің ғылыми журналы, 1992 жыл. İlk okul I., II ve III. sınıf ders kitaplarının sözel özellikleri Hacettepe Üniversitesi, Eğitim Fakültesi Dergisi].

Көріп отырғанымыздай түрік тіліндегі жаратылыстану (өміртану), сауат ашу (Мен оқуды бастаймын), математика оқулықтарында, яғни негізгі үш оқулықта 38, екінші сыныпқа арналған осы оқулықтарда 61 термин қолданылған. Сонда түрік баласы бірінші сыныпта әр пәнде 12-13, ал екінші сыныпта 20 термин қолданады. Бұл біздегі бір ғана пәннің 1-сынып оқулығындағыдан 6-7, екінші сынып оқулығынан 10 есе кем. Айырмашылық жер мен көктей. Біздегі термин санының осынша артықшылығы оқушыларымыздың білім сапасына да сәйкес келіп, олар ғылым-білімді бала-жастан, бастауыш мектептен игеріп жатыр деп айта аламыз ба? Ол үшін бірінші, екінші сыныпты бітіріп шыққан балалардың осы терминдерді қалай меңгеріп, мағынасын түсініп, есіне сақтап қалғанын анықтауға тура келеді. Біздің республикамыздың түкпір-түкпіріндегі бірнеше мектебіндегі бірінші, екінші сыныптарды аяқтаған оқушыларды қамтып, сауалнама жүргізу мүмкіндігі болмады. Алайда айналамыздағы әріптестердің 1-2 сыныптарды үздік бітірген ұл-қыздарынан терминдер мағынасын сұрап көргенімізде, олардың көптеген терминдер туралы түсінігінің өте көмескі екеніне, кейбіреулерінің ондай термин мүлде есінде қалмағанына көз жеткіздік.

Біз жоғарыдағы бірінші, екінші сынып оқулықтарында қолданылған терминдер мен жаңа сөздерді келтірдік. Олардың арасында көптеген кірме сөздер мен жаңа атаулар бар. Бастауыш сынып оқушыларының бұл топтағы атаулардың да мағынасын жақсы түсініп, есінде сақтап қалуы қиындау. Мәселен, 1-сынып оқулығында: *астрономия, глобус, каникул, кино, лейка, магнит, маяк, миграция, модель, телескоп, траектория, электр, энергия* сынды кірме терминдер қолданылса, 2-сыныпқа арналған «Жаратылыстану» оқулығында: *аквариум, атмосфера, бактерия, барометр, газ, гигиена, гипотеза, градус, кальций, километр, кран, лава, магнит, масса, материал, медуза, микроб, минерал, минут, океанариум, палата, пиктограмма, пластик, полиэтилен, полюс, рекорд, ре-*

сурс, секунд, стадион, театр, температура, термометр, террариум, траектория, хрусталь, эврика, экран, эксперимент, электр, эталон тәрізді 40 кірме сөз кездеседі. Бұлардың арасындағы кино, магнит және минут, секунд, каникул, километр, кран, рекорд, стадион, температура, экран тәрізді бірқатарын балалардың бәрі білуі мүмкін. Ал газ, градус, глобус, микроб, пластик, театр, электр сияқты терминдердің негізгі мағынасын оқушылардың белгілі бір бөлігі ғана білуі, көпшілігі жобалап түсінуі ықтимал. Ал аквариум, астрономия, магнит, маяк, миграция, модель, телескоп, траектория, электр, энергия (1-сынып), атмосфера, бактерия, барометр, гигиена, гипотеза, кальций, лава, лейка, масса, материал, медуза, минерал, океанариум, палата, пиктограмма, полиэтилен, полюс, ресурс, термометр, террариум, траектория, хрусталь, эврика, эксперимент, эталон сияқты терминдердің мағынасын 1-2 сынып оқушыларының басым көпшілігі түсінбейтіні анық. Жалпы осы терминдерді бұл оқулықтарға енгізуге қажеттілік бар деудің өзі қиын. Ал миграция, пиктограмма, террариум, траектория, эталон тәрізді терминдерді 7-8 жастағы бастауыш сынып оқушыларына үйрету, оқулықта қолдану тіпті ақылға сыймайды.

Сондай-ақ оқулықтарда тілде әлі толық орныға қоймаған жаңа атаулар да аз ұшыраспайды. Мектеп оқулықтарында неологизмдер мен жаппай қолданысқа енбеген жаңа терминдердің шектен тыс көп қолданылуы да белгілі дәрежеде қиындықтар туғызары сөзсіз. Біз сөз етіп отырған «Жаратылыстану» (1-сынып) оқулығында: Ағза, жылыжай, сусепкіш, зілтемір, көгөніс, дәмдеуіш, мұражай, күнтізбе, зымыран, ғарыш айлағы, жапсырма түйме, ермексаз, әуежай, жарықтандыру, шамшырақ, ғимарат, аспашам, қалташам, отшашу және (2-сынып оқулығында): саябақ (27), бүркеніш рең (28), қаңқа (32), ағза (34, 40), тісжегі (36), көгөніс (37), фотосурет (41), зымыран (43), ұшақ (43), қозғалтқыш (43), аққыш (44, 45), мұзтау (47), сынып (5, 49, 67, 74, 85), хауыз (51), тұзсорғыш (51), нысан (56), жанартау (57), көгөніс (71), кіртас (71), иінтірек (71), жарықтандыру (77), жылыжай (77), расытхана (77), жарықтандыру (77), кәдесый (87) тәрізді 21 атау қолданылған.

Бұлардың арасындағы ағза, әуежай, ғимарат, дәмдеуіш, жанартау, жылыжай, зымыран, кәдесый, көгөніс, қозғалтқыш, күнтізбе, ұшақ, отшашу, саябақ тәрізді атауларды кең тараған, орныққан атаулар қатарына қосуға болады. Ал аспашам, қалташам, жарықтандыру, шамшырақ, бүркеніш рең, тісжегі, мұзтау, хауыз, тұзсорғыш, нысан, кіртас, иінтірек,

*жарықөткізгіштік, расытхана* іспеттес атауларды бастауыш сынып оқушылары мен олардың ата-аналарының бәрі бірдей біле бермейді. Бұлардың ішіндегі *бүркеніш рең, тісжегі, хауыз, тұзсорғыш, нысан, кіртас, иінтірек, жарықөткізгіштік, расытхана* тәрізді атаулардың мағынасын түсінетіндер, қандай ұғымды білдіретінін білетіндер бастауыш сынып оқушылары арасында өте сирек болары күмән туғызбайды.

Мектеп оқулықтарына негізінен ҚР Үкіметі жанындағы республикалық терминология комиссиясы бекіткен терминдердің енгені жөн. Оқулық авторларының бұған баса мән бергені абзал. Алайда терминком бекіткен терминдердің мінсіз бола бермейтіні де белгілі. Кей жағдайда сол бекітілген терминдердің өзі оқу процесіне кедергі келтіруі де мүмкін. 1-сыныптың «Дүниетану» оқулығында «топсеруен» деген жаңа термин қолданылыпты. Осы терминнің не мағына білдіретінін түсіну үшін біз бірнеше арнаулы салалардың терминологиялық сөздіктерін ақтарып шығуымызға тура келді. Сөйтсек, терминком «экскурсия» терминінің биология және экология салаларындағы қазақша баламасы «танымжорық», ал дене тәрбиесі және спорт саласында «топсеруен» түрінде қолданылуы қажет деп шешіпті. Солай бекітіпті. Бірінші сынып оқулығы авторларының таңдауы «топсеруенге» түсіпті.

Бұл жерде назар аударарлық тағы бір мәселе бар. ҚР Үкіметі жанындағы терминология комиссиясы *мұражай (2014), сынып (2017)* атауларын ресми бекіткен терминдер қатарынан шығарып, қайта бекіткеніне қарамастан олар 2017 жылы шыққан мектеп оқулықтарына еніп отыр. «Сынып» сөзі 2-сыныпқа арналған «жаратылыстану» оқулығының алғашқы 5-бетінен бастап бірнеше рет қолданылған. [<https://termincom.kz/>].

Мысалы: *Сәлем, досым! Эврика екеуміз енді екінші сыныпта оқимыз(5-б.) Сынып бөлмесіне көз жүгіртіп шық (49). Ең тез жүгіретін сыныптасыңды анықта (67). Сондай-ақ сынып (32, 33), жасуша (50), дәрумен (51) тәрізді жаңа терминдер 2-сыныптың «Дүниетану» оқулығында да кездеседі [Дүниетану].*

Бұл бір жағынан аталған терминдердің жалпықолданысқа енгенін, екінші жағынан қалыптасқан терминдерді қайта алмастырудың тиімсіздігін әрі оқу үдерісін қиындататынын да көрсетеді. Бір ұғымды әртүрлі атай беру, ұғым атауын жиі-жиі алмастыру оқушыларды шатастырып, ғылыми терминологияның қалыптасуына, ғылым тілінің дамуына кері әсер етеді.

Оқулықтарда бір ұғымды екі түрлі атаумен атап, терминдердің жарыспалы нұсқаларын қолдану дұрыс емес. Оқулықтағы ұғымдардың атау-

лары нақты, дәл болуға тиіс. Біз қарастырған оқулықтарда *күн райы// ауа райы, сусепкіш//лейка, қоныс аудару//миграция, шамшырақ//маяк, қоршаған орта//қоршаған әлем* сияқты терминдер жарыса қолданылып жүр. Мысалы: *Адам өміріне ауа райының әсері (79). Қазіргі кезде ауа райы алдын ала болжанады (80). Күн райы (14).*

Бір оқулықта ұғым атаулары осылай түрлі аталып жүрсе, оқушы оның қайсысын қолдануы керек? Оқулық авторлары мұны ескеруі тиіс еді.

Екінші жағынан бұл мәселеде мұғалімдер мен оқытушыларды кінәлау қиын. Бұған сол оқулықты жазған авторлар мен оларды сараптан өткізген мамандар жауапты. Алайда күнделікті жұмысында сол оқулықтарды пайдаланып жүрген мұғалімдер оқулықтардағы осындай олқылықтарды дер кезінде анықтап, оқулық авторларына оларды түзету жөнінде ұсыныстар жасауына болады ғой. Өкінішке қарай, осындай ұсыныс білдіріп жататын ынталы мұғалімдерді көп ұшырата бермейміз.

Термин қолданысына тікелей қатысы болмаса да оқулықтарда көптік жалғауын орынсыз пайдаланылатынын сөз арасында айта кетсек дейміз. Мына мысалдарға назар аударып көрелік. *Ауаның ластануы адамдардың денсаулығына, Жердегі барлық тіршілікке қауіп туғызады. Өсімдіктер ауаны тазартуға көмектеседі (41). Бұлшық еттер (34).*

Адамдар (адам денсаулығы), өсімдіктер (өсімдік), еттер (бұлшық ет) орнына адам, өсімдік, ет түрінде қолданған дұрыс еді. Онсыз да бұл атаулар жиынтық ұғымды, көптікті білдіреді. Бұл жаппай өріс алып бара жатқан, орыс тілінің, аударманың ықпалынан болып отырған құбылыс.

Оқулықтарда терминдердің біркелкі сауатты жазылуына да мұқият болу қажет. Біз сөз еткен оқулықтарда *мәшине (71), көгөніс (71)* сияқты сөздер соңғы өзгерістерге сәйкес орфографиялық сөздіктегідей жазылыпты. Кейбір оқулықтарда бұрынғысынша *машина, көкөніс* түрінде жазылып жүр.

Оқулықта *дің, өсімдік, жанды табиғат, жансыз табиғат, мәдени өсімдіктер, жабайы өсімдіктер, тамыр, гүл, сабақ, жапырақ, жеміс, тұқым, қоректік заттар, жылыжай, тыңайтқыш, арамшөп, сусепкіш, ылғалдылық, қопсыту, үй жануарлары, жабайы жануарлар, жыл құстары, қоныс аудару*, тәрізді терминдердің берілгені орынды. Оларды 1-сынып оқушылардың оқып-білгені дұрыс-ақ делік. Ал енді *астрономия, қозғалыс траекториясы, жасанды жарық көздері, табиғи жарық көздері, мүмкіндігі шектеулі адамдар, сәбилік шақ, жасөспірімдік кезең, жастық шақ, кемелдену кезеңі, қарттық шақ, телескоп, аспан*

денелері, бунақденелілер, бауырмен жорғалаушылар, қосмекенділер, жүзбеқанаттар, сүтқоректілер, шоқжұлдыз, модель, жапсырма түйме, магниттік қасиет, дыбыс көзі, табиғи дыбыс көзі, жанды дыбыс көзі, дыбыс толқындары, қатты дене, шам тізбегі, электр энергиясы сияқты күрделі ұғымдарды білдіретін терминдерді 1-2 сынып оқушыларына оқытудың қандай қажеттіліктен туындағанын түсіне алмадық. Біздің пайымдауымызша бұл секілді бала түсінігіне ауыр, күрделі ұғымдарды тым ерте оқыту мүлде артық, қажетсіз тірлік. Балалар осыларды уақытынан бұрын меңгеріп, білімді, ақылды болып кетеді дегенге сену мүмкін емес.

Бірінші сыныпқа арналған оқулықтан: *«Астрономия»* сөзі гректің «астрон» (жұлдыз), «номос» (заң) деген екі сөзінен шыққан. Ол «жұлдыздар заңы» деп аударылады (51) деген сөйлемдерді, ал екінші сынып оқулығынан: *«Бұған дейін Күн жүйесінде тоғыз ғаламшар бар деп есептелініп келді. 2006 жылдан бастап көлемінің кішілігіне байланысты Плутонды ғаламшарлар қатарына қоспайтын болды»* (59-бетте. «Сен білесің бе?» айдарында) деген сөйлемдерді оқығанда сауатын ашып үлгермеген балаларды бірінші сыныптан бастап ғылымға баулып, бірден ғылыми қызметкер даярлап жатқандай әсерде қаласың. Бастауыш сынып баласы ұға бермейтін, оларға қажеті шамалы осы мәліметтермен олар тиісті пәндерді оқығанда кейінірек танысса да болар еді ғой. 2-сыныптың «Көркем еңбек» оқулығындағы *анималист, коллаж, композиция, көп бейнелі композиция, монотипия, баспа-таңба, папье-маше, оригами, паспарту, фактура, натюрморт, натура, автопортрет, пейзаж* деген терминдерді баланы былай қойғанда, көптеген ересек адамдар біле бермейді. Осындай ақпараттармен баланың басын қатырудың қандай қажеттілігі бар? Көбін баға үшін жаттағанымен, ертесіне-ақ ұмытып қалатын күрделі терминдерді оқушыға бекер жаттатқызғанша, оларға сурет салу техникасын, ою оюды, қағаздан түрлі бұйымдарды жасауды үйреткен әлдеқайда тиімді болар еді.

Бұл орайда біз орыс тілі оқулықтарындағы термин қолданысы жайында айтылған: «Но в головах ребят – полная каша. Многие термины они безбожно путают, многие просто не понимают, да и не могут понять. А главное – грамотнее от этого почему-то никто не становится.» [3] – деген пікірінің қазақ тіліндегі мектеп оқулықтарына да қатысты бар деп білеміз.

Біздің мектептің әр сыныбына арналып жазылатын оқулықтарда қолданылатын терминдердің саны анық, сапасы күмән туғызбайтын



әрі олардың білдіретін ұғымдары оқушылардың жасына лайық болуға тиіс. Оқулық айрықша дарынды жекелеген балаларға емес, сол жастағы оқушылардың басым бөлігіне, орташа қабілетті оқушыларға арналып жазылуы керек. Ондағы терминдер де солар меңгере алатындай мөлшерде болғаны жөн.

Сөз соңында айтарымыз оқулықта қолданылуы тиіс терминдердің саны мен сапасына қойылатын талаптар нақты көрсетілген, оқулықтарға енетін терминдерді іріктеп алудың өлшемшарттары (критерийлері) айқындалған құралдар, нұсқаулықтар дайындау қажет деп санаймыз. Оқулық жазу барысында авторлар соларды басшылыққа алса, оқулық сапасы артып, тілі жеңілдейді. Ал мектеп оқушылары өздеріне қажеті шамалы, босқа уақыт өлтіріп, бас қатыратын терминдерді уақытынан бұрын жаттап әуре болудан арылады. Оқулықтың, оқулық тілінің жақсаруы, оқушылар қолданатын терминдердің (мектеп терминологиясының) ретке келуі білім сапасының көтерілуіне тікелей ықпал етері анық.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жаратылыстану. Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық/С.Н. Кузнецова, Д.Н. Сапақов, И.Н.Васева, Ә.Қ. Жамиева, М.Қ. Құсайынова, М.Қ. Тасболатова.– Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017. – 96 б., сур.

2. Жаратылыстану. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық/ Т.А. Андриянова, В.Н. Беркало, Н.Ш. Жакупова, А.В. Полежаева. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2017. – 96 б., сур.

3. Сколько терминов должны знать наши дети. <http://russskiy-na-5.ru>

4. Doç. Dr. N. Nihat BİLGEN. İlk okul I., II ve III. sınıf ders kitaplarının sözel özellikleri Hacettepe Üniversitesi, Eğitim Fakültesi Dergisi. (Доцент Нихат БИЛГЕН Бастауыш мектеп 1, 2 және 3-сынып оқулықтарының лексикалық ерекшеліктері. Анкара, Хажеттепе университеті Педагогика факультетінің ғылыми журналы, 1992 жыл.).

5. <https://termincom.kz/>

6. Дүниетану. Б.Қ.Тұрмашева, С.С. Салиш, Т.Н. Мирук. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. –Алматы: «Атамұра», 2017. –112 б.

7. Раупова Н.А. Көркем еңбек. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: «Атамұра», 2017. –128 б.

*Нағима Әшімбаева,  
А.Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институтының  
аға ғылыми қызметкері*

## **ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЛИНГВОӘДИСТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Ұлттық терминологиялық қордың мақсаты – ғылыми-техникалық сөйлеу актілерінде тілдік норманы жүзеге асыру. Алайда ғылыми-техникалық тілдің барлық элементтерін тізбелеудің негізінде осы норманы алдын ала анықтап алмайынша, тілдік норманы жүзеге асыру мүмкін емес. Ұлттық терминологиялық қорды жасаудың басты себебі – тілді нормалау тәсілдерін оның қолданылу ерекшеліктерімен сәйкестендіру қажеттігі болып табылады. Осыдан барып қазақ тілінің ұлттық терминологиялық қорын тізбелеу міндеті белгілі бір дәрежеде өз алдына дербес болып шығады. Қазақ тілінің ұлттық терминологиялық қоры аса маңызды ішкі жүйелердің бірі болып табылады.

Арнаулы салалардағы тілдің қолданысын лингвистикалық тұрғыдан қамтамасыз ету – терминдер қорын жасаумен және оны жүйеге келтірумен тығыз байланысты. Білім беру мен білім алуды, ғылымды игеру мен оны меңгеруді, ақпарат алмасуды ұлт тілінде жүзеге асыру үшін арнаулы лексиканың негізін құрайтын терминдер қоры да сол тілдің мүддесін көздеп, ішкі заңдылықтарын ақтай отырып жасалуы керек. Ал термин жасау, сөз шығармашылығы кәсіби біліктілікті, ерекше ізденімпаздық пен талғампаздықты әрі үлкен жауапкершілікті қажет ететін күрделі жұмыс [1; 3].

Жалпы терминологиялық қорда қамсыздандыру міндетін атқаратын функционалдық ішкі жүйелер кешені, терминологиялық қор элементтерінің құрамы және оның ұйымдастырылуы қамтылады. Терминологиялық қордың жүзеге асырылуы белгілі бір дәрежеде тілдің қолданылуының басқа да тұрпаттарының арасындағы алатын орны және міндеті тәрізді факторлармен анықталады.

Тілдің әртүрлі қолданылу тұрпаттарының пайда болуы және дамуы тек тілдегі ғана өзгеріс болып табылмайды. Бұл жағдай сонымен

қатар жазу пайда болуымен, индустриалдық полиграфияның таралуымен сипатталатын жалпы адамзат қоғамының елеулі даму кезеңіндегі түбегейлі өзгерісті де көрсетеді. Сөйлеу тілімен және жазумен қатар, айрықша белгілі бір түрдегі тілдің қолданылуы шындыққа айналып отыр. Егер сөйлеу тілі айтушымен де, тыңдаушымен де тікелей байланысты болса, жазбаша тіл актілеріндегі адамның қатынасы әлсізірек болады. Тілдік туынды біртіндеп ақпаратты толық тасымалдаушы сипатқа ие болады [2; 4].

Осылайша, қазақ тілінің ұлттық терминологиялық қорын жасаудың басты себебі – тілді нормалау тәсілдерін оның қолданылу ерекшеліктерімен сәйкестендіру қажеттігі болып табылады. Осыдан барып қазақ тілінің ұлттық терминологиялық қорын тізбелеу міндеті белгілі бір дәрежеде өз алдына дербес болып шығады. Қазақ тілінің ұлттық терминологиялық қоры аса маңызды ішкіжүйелердің бірі болып табылады.

Ұлттық терминологиялық қордың қолданылу ауқымын түсіну үшін жекелеген салалық немесе тақырыптық емес, терминдерге ортақ болып табылатын сипаттамаларды ескерген жөн. Ұлттық терминологиялық қордың біріктірілген жүйесін құру нәтижесінде пайда болатын мұндай ерекшеліктер төмендегідей болып келеді.

Қазақ тілінің ұлттық терминологиялық қоры – бұл жекелеген деректерді қолдану мүмкіндігі бар бірыңғай қызмет. Ол күрделі, ауқымды, ұдайы өзгеріп отыратын терминологиялық ақпарат универсумында көпәспектiлi iздестiру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Ұлттық терминологиялық қор әртүрлі салаларда қолданылатын терминдердің өзара салғастырылуын жеңілдете отырып, бүкіл қазақ терминологиясының бірізді сипатталуына қызмет етеді. Ол термин туралы көптеген деректерді жинақтайды да, сол арқылы қазақ терминологиясының біркелкі сипатталуын мақсат етеді. Жалпы алғанда терминологиялық қызмет көрсету деңгейін арттырады.

Ұлттық терминологиялық қор өзіне қазақ терминологиясының жаңа құрылымын енгізеді. Әртүрлі қағидаттар бойынша құрылған жекелеген деректердің дербес қолданылуы кезеңінде анықтала қоймайтын, айтылымы жағынан да, мазмұны жағынан да сан алуан салалық терминологияның кірігуі нәтижесінде пайда болатын жаңа құрылымдық байланыстарды айқындайды.

Мұнда сонымен қатар шешілуіне терминологиялық қор ықпал ететін бірқатар таза ғылыми міндеттерді атап өтуге болады: а) қазақ

тілінің терминологиялық жүйесін ішкіжүйелер жүйесі ретінде үлгілеу; б) жалпығылыми және жалпытехникалық тезаурустарды қазақ тілінің когнитивтік үлгілері ретінде құру; в) өзге тілдер терминдерінің аясында қазақ терминологиясын салғастырмалы, типологиялық зерттеу, оның ішінде, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде зерттеу.

Қолданыстағы белгілі және жаңа жобаланып отырған терминологиялық қорлар жөніндегі әдебиеттерді талдау терминологиялық қор міндетін төмендегідей типтерге бөлуге мүмкіндік береді:

- технологиялар және өнімдер стандарттарын әзірлеумен, ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп дайындаумен, оқу және анықтамалық әдебиеттерді шығарумен, жарияланымдар дайындаумен, оқытушылық жұмыспен, арнайы әдебиеттерді редакциялаумен айналысатын әр алуан білім саласындағы мамандарға, сондай-ақ шет тілдерін оқытушыларға, студенттерге, әдеби редакторлар мен тұтынушылардың кейбір басқа да санаттарына анықтамалық-ақпараттық қызмет көрсету;

- ғылыми-техникалық әдебиетті дәстүрлі аударуды қамтамасыз ету;

- ақпараттық жүйелерді, басқару, жобалау жүйелерін лингвистикалық жағынан қамтамасыз ету;

- терминологияны ретке келтіру және терминологиялық сараптама-лар жасау бойынша жұмыстарды қамтамасыз ету;

- терминологиялық сөздіктер түзу және басып шығару;

- терминдер анықтамаларын біріздендіру.

Қолданыстағы терминологиялық қордың көпшілігі ғылыми-техникалық әдебиетті аудару үшін құрылған, алайда нәтижесінде бұған басқа да міндеттер қосылды. Қазіргі кезде ірі деректер қорында көпфункционалдылық үрдісі байқалады [3; 61].

Міндеттің әрбір типі пайдаланушылардың нақты бір санатына бағытталған және терминологиялық деректерге қатысты белгілі бір элементтердің болуын талап етеді. Мысалы, анықтамалық терминологиялық қызметтердің негізгі бөлігі терминдер мағыналарының шегін, олардың қолданылу дәрежесі мен сипатын анықтаумен, сонымен қатар терминдердің қолданылуын ретке келтіретін қолданыстағы нормативтік құжаттар мен өзге де материалдарды іздестірумен байланысты болады. Аудармашылар үшін қолданылу ерекшеліктері туралы ақпараты бар шеттілдік терминдердің дәл баламасы қажет. Мәтіндерді морфологиялық, сөзжасамдық және синтаксистік талдау және жинақтау үшін терминдер туралы грамматикалық ақпараттың

болуын талап етеді. Терминдерді ақпараттық-іздігірудің лексикалық бірліктері ретінде пайдалану синонимдік, гипонимдік (тектік-түрлік), партитивтік және ассоциативтік байланыстардың, сол сияқты ақпараттық құжаттарда терминдердің қолданылымдығы жөнінде мәліметтердің болуын қажет етеді. Терминологиялық жұмыстар бірінші кезекте терминшілерді қарастырылып отырған және іргелес пәндік салалардағы бір ізге келтірілген терминдер туралы деректермен, сонымен қатар терминдердің қолданылуы туралы ақпаратпен қамтамасыз етуі қажет. Сан салалы лексикографиялық материалдарды дайындау және лингвистикалық, терминологиялық зерттеулерді жүргізу үшін жан-жақты, берері мол мәліметтер аса қажет. Мұнда терминдердің фонетикалық және графемдік сипаттамасы, қолданылу саласы, олардың жасалу тәсілдері мен үлгілері туралы деректер қоса беріледі.

Барлық сөздіктер (ал ұлттық терминологиялық қорды айрықша типтегі автоматтандырылған сөздік ретінде қарастырған жөн) негізгі екі қызметті атқарады – тізбелеу және нормативтік (дескриптивтік және прескриптивтік).

Жалпы терминологиялық қорды ұйымдастыру мен терминологиялық ақпаратты жинаудың бірінші кезеңінде тізбелеу мәселесі – қолданыстағы терминология мен ол туралы әртүрлі дереккөздерде тіркелген ақпаратты барынша сипаттап беру мәселесі ерекше орын алады [4; 27].

Ұлттық терминологиялық қордың тізбелеу қызметі мынаған бағытталады:

- терминологиялық лексиканы барынша толық қамту және жан-жақты сипаттау;
- терминологиялық лексиканың барлық қолданылу аспектілерін көрсететін алуан түрлі дереккөздерді барынша енгізу;
- терминологиялық жүйелерді жасау мен дамытуға ынталы барлық ұйымдармен қарым-қатынас орнату.

Ұлттық терминологиялық қордың нормативтік қызметі, ең алдымен мынандай жағдайларда көрінеді: ол арнаулы тілдік стильдерді белгілі бір деректерге сәйкес лексикалық құрамға енгізе отырып, олардың практикалық тұрғыдан жасалуына қатысады, сөйтіп ұлттық терминологиялық қор бірыңғай, бірегей және жалпы мемлекеттік тілдік орган ретінде құрылымданатын болады.

Ұлттық терминологиялық қор ғылыми-техникалық қарым-қатынас саласындағы тілдік қолданысты анықтай отырып, тілдің барлық стиль-

дері мен салаларына жаппай ықпал етеді. Бұл ықпал жалпытілдік норманы тұрақтандыру және дамыту бағытында болуы тиіс. Сондықтан да нормативтік қызмет саналы түрде ұлттық терминологиялық қор жасаудың мақсаты ретінде қойылады. Оның аясына қазіргі таңда жеке-жеке қолданылатын төрт нормалаушы (қалыптандырушы) ағым біріктірілген: мемстандарт басылымдарында бекітілген терминдер мен анықтамалар стандарттары бойынша ғылыми-техникалық терминологияны стандарттау;

- мемтерминком бюллетеньдерінде көрсетілген ұсыныстар бойынша ғылыми терминологияны нормалау;

- сәтті терминдер (дескрипторлар) мен сәтсіз терминдерді (аскрипторлар) бөліп алуға қатысты ақпараттық-іздеу тілінің лексикалық бірліктерін ажырату;

- белгілі бір терминді қолдану жөніндегі эпизодтық жарияланымдар мен ұсыныстарда көрсетілгендей тіл мәдениеті мамандарының жеке күш-жігерін салуы.

Осы топтар негізіне алынған бағыттар терминологиялық қорға енгізілген әр терминнің арнайы сипаттамаларында беріледі. Нормалаушы қызмет лексикалық қорды жинақтау және құрылымдау барысында, сол сияқты одан кейінгі деңгейлерінде де көрінеді. Оның мәні – терминологияның бірізді сипатталуына деген талпыныс болып табылады, нақты айтқанда:

- лексикалық қордың құрамын анықтау және олардың бірізді болу тәртібін ұйымдастыру біркелкілігі;

- терминологиялық ақпаратты ұйымдастыру біркелкілігі;

- терминологиялық ақпаратты құрылымдық ұйымдастыру үшін бірыңғай жіктеу жүйесін немесе үйлес жіктемелік құралдар жиынтығын пайдалану [2; 11].

Болашақта ұлттық терминологиялық қор қарым-қатынастардың барлық түрлерін терминологиялық ақпаратпен қамтамасыз ететін болады. Мұнда практикада қолдану үшін ғылыми-техникалық терминдерді семантикалаудың компьютерлік жүйесін жасау және енгізу міндеті алдыңғы орынға шығады. Бұл міндетке және бір анағұрлым дәстүрлі міндет қосылады, ол – осы семантикаланған терминдерді адамға барынша «ақпараттық ыңғайлылық» жасау мақсатында тікелей пайдалануға ұсыну. Мұнда ұлттық терминологиялық қордан алынған деректер жоғарыда аталып өткен бағыттарда қолданылады. Кез кел-

ген тұтынушыларға қызмет көрсететін тұрпаттарға қатысты төмендегі жағдайларды айтар едік:

- деректер қорына телеқолжетерлік тәртіпте орындалатын жекелеген терминдер бойынша анықтамалар, бұл жерде жазысу және телефон арқылы алынған анықтамалар да қоса ескеріледі;

- терминдердің жекелеген тақырыптық салалары немесе санаттары бойынша алуан түрлі терминологиялық сөздіктердің басылымдары (анықтамаларды, стандартталған терминологияны, аударма сөздіктерді, тезаурустарды қоса алғанда);

- қазақ тілі терминологиялық лексикасының жай-күйі және қолданылуы жөнінде ғылыми есептер мен шолулар дайындау.

Шетелдік терминологиялық деректер қорын жасау және қолдану тәжірибесіне жасалған талдау бұл қорлардың арнаулы терминологиялық қызметтерде қолданылып отырған терминологиялық қабаттардың негізінде жасалғандығын көрсетеді және оларды төмендегідей негізгі типтерге бөлуге болады:

- терминологиялық лексикографияға бағытталған терминологиялық орталықтар;

- ірі фирмалардың, мемлекеттік және халықаралық ұйымдардың аударма қызметтері; стандарттау қызметтері.

Қызметтер шетелдік терминологиялық қорлардың типологиясына да сәйкестендіре бағытталуы тиіс, оларды былайша топтастыруға болады: лексикографиялық, аудармашылық, нормативтік, зерттеу.

Аталған барлық типтердегі терминологиялық деректер қорлары көптақырыпты болып табылады. Шетелдік терминдер қорларының арасында қазіргі кезде салалық принцип бойынша ара-жігі ажыратылған қорлар жоқ, олар нақты міндеттердің шешілуін қамтамасыз етуге тиісті қызметтердің бағыт-бағдары, сонымен қатар өңделетін терминологиялық ақпараттың сипатымен анықталатын маманданулар арқылы ерекшеленеді.

Біздің елімізде ұлттық терминологиялық қор құру жұмысы әлі де кеңінен өріс ала алмай отырғандығына орай, бұл жұмысты жобалаған кезде жинақталған шетелдік тәжірибені пайдаланған жөн. Алайда бұл жерде еліміздегі ғылымның, экономиканың, өнеркәсіптің, ақпараттың ұйымдастырылу ерекшелігін, сонымен қатар көптеген ұйымдардың толық шаруашылық есепке көшуге және өзін-өзі өтеуге бағытталуын ескеру қажет [2; 19].

Сондықтан ұлттық терминологиялық деректер қорының ұйымдық-функционалдық құрылымын жобалаған кезде қолдағы бар терминологиялық деректерді, арнайы дайындалған тиісті мамандармен қамтамасыз етілуін, ұйымдарда есептеу техникасы құралдарының болуын ескеру қажет. Осы факторларды ескерген жағдайда ғана ұлттық терминологиялық қордың жалпы типологиясы негізінен шетелдік жүйеге барабар болады.

**ҰТДҚ (Ұлттық Терминологиялық Деректер Қоры)** қызметі Мемлекеттік терминологиялық комиссия, Мемстандарт және басқа да министрліктер мен ведомстволар, ұйымдар деңгейінде бекітілген құжаттар негізінде ұйымдастырылуы қажет, бұл аталған ұйымдар мынандай жұмыстарға қатысады:

**ҰТДҚ (ұлттық терминологиялық деректер қоры)** туралы ереже (ҰТДҚ негіздері);

мамандандырылған ҰТДҚ туралы типтік ереже;

мақсатты түрде қаржыландырылатын ұзақмерзімдік, бесжылдық және жылдық жоспарлар;

терминологиялық ақпаратты әртүрлі тасымалдағыштарда және байланыс арналары бойынша айырбастау тәртібі.

Мұнымен қатар әдістемелік құжаттама жиынтығына типтік әдістемелер мен нұсқаулықтар, сол сияқты желі қатысушыларының өзара міндеттерін ретке келтіретін құжаттар қамтылуы тиіс. Осылайша, ҰТДҚ-ның жинақталуы әр жерде – бүкілодақтық, республикалық, салалық, салааралық және аумақтық ұйымдарда жүзеге асырылады.

Уәжділігі/уәждеделгендігі бойынша жіктелім мағыналары олардың құрылымымен түсіндірілетін немесе түсіндірілмейтін терминдер бар екендігін көрсетеді. Бұл жағынан алғанда, толық уәждеделген (газ құбыры), ішінара уәждеделген (Паркинсон ауруы), толық уәждеделген (ромб), сондай-ақ жалған уәждеделген (найзағай бұрғыш) терминдер бар.

Негізгі дереккөздік тілге қарай терминдер байырғы (орда, жасақ, сарбаз), кірме (дисплей – ағылшын сөзі; квершлаг – неміс сөзі), аралас (металтану, автобасқару) болып бөлінеді.

Ғылым және техника саласында міндетті түрде нормалануы тиіс болып табылатын терминдер бар: мысалы, радиожилік терминдері халықаралық деңгейде нормаланған, себебі бұл теңізде жүзушілердің, авиаторлардың және тағы басқалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет. Әдетте, бұл терминдер халықаралық болып табылады,



олардың семантикасы халықаралық ұйымдардың шешімдерімен нормаланады [2; 21].

Анықтама (дефиниция) – термин семантикасын ашудың аса маңызды құралы. Сөздікте анықтама сөздік мақаланың алғашқы сөйлемін білдіреді. Ол терминнің семантикалық басым белгілерін көрсетеді де, әдетте стандартты үлгілер бойынша түзіледі (сал., тектік-түрлік анықтамалар, партитивтік анықтамалар, операциялдық қанықтамалар және т.б.). Жарияланған сөздік-дереккөздердегі анықтамаларды дәл сол күйінде беру керек.

Мәселен, құрастыру бірлігі – құрастыру операциялары арқылы өзара біріктірілген бірнеше бөліктерден (бөлшектерден) тұратын бұйым; склерометр – металдар мен әртүрлі кристалдардың қаттылығын (беріктігін) өлшейтін құрал; судың ауытқуы – судың өзге материалдардан физикалық қасиеттері бойынша ауытқуы; акцент – дыбысты немесе дыбыстар кешенін (аккордты) ерекшелеу, айырықша айту арқылы көрсету және т.б.

Оқу құралдары мен ғылыми әдебиеттерді пайдаланғанда мәтіндегі анықтаманың сөздіктегі анықтамадан ерекшеленетіндігін ескерген жөн. Мәтіндегі анықтама құрылымы, тілі, терминге телу тәсілі жағынан алуан түрлі болып келеді. Сондықтан да мұндай анықтамаларды ҰТДҚ-ына енгізу кезінде бірқатар сарапшылық өңдеулер қажет болады.

Мысалы, тойтармалы біріктірілім – тойтармалар арқылы іске асырылатын ажырамас біріктірілім. Мұны оқу құралының мәтіндегі анықтамамен салыстырып көрелік... тойтармалы біріктірілімдер – тойтармалар арқылы іске асырылатын біріктірілімдер ажырамас біріктірілімдер санатына жатады...

Кейбір жағдайларда жарияланған дереккөздердегі анықтамалардан өзгешелеу етіп беру немесе осы кезге дейін ешбір анықтамасы берілмеген терминді анықтау қажеттілігі туындайды. Мысалы, тақырыптық айдар – құжат тақырыбының берілуі; таңба денотаты – таңбамен белгіленген нақты зат, дерек немесе қарым-қатынас және т.б.

Бір терминнің қолданыстағы анықтамасын өзге терминдерден тәуелсіз жағдайда нақтылауға тырысуда абай болған жөн; бір жағынан жақсартудың нәтижесі екінші жағынан күрт төмендетуі мүмкін, осының әсерінен терминологияның бүкіл семантикалық жүйесі бұрмаланады. Сондықтан белгілі анықтамаларды сәл ғана өзгертудің өзі, сол сияқты осы кезге дейін анықталмаған терминдерді анықтау белгілі бір салалық

анықтамалардың тұтас жүйесін ескере отырып, аса ыждағаттылықпен жүргізілуі тиіс [1; 32].

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. Алматы. 2005 ж.

2. Лингвистическая концепция терминологического банка данных машинного фонда русского языка (проект). Под ред. Проф. А.С.Герда. Москва. 1989.

3. Самбурова Г.Г. О нормативности как цели терминологической работы // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. А., 1983.

4. Сифоров В.И., Канделаки Т.Л. Методологические аспекты терминологической работы (Из опыта Комитета научно-технической работы) // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. А., 1983.

*Айгерім Қожахмет*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университеті Қазақ тіл білімі  
кафедрасының докторанты*

## АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМИ МӘТІНДЕРІНДЕГІ ТЕРМИНДЕРДІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

XX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ тілінде алғашқы ғылыми мәтіндер жазыла бастады. Ғылыми стильдің ең негізгі белгілерінің бірі – мәтінде ғылыми терминдердің қолданылуы. Осы кезеңде ұлттық тілдік ерекшеліктерге негізделген алғашқы төл терминдеріміз түзілді. Ұлттық терминологияның қалыптастасуына негіз болған А.Байтұрсынұлының, М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытұлының, Е.Омарұлының еңбектері болып саналады.

Қазақ тілінің ғылыми негізін қалыптастырған А.Байтұрсынұлының еңбектері – бүгінгі қазақ терминологиясының қазығы. Аталған ғылыми еңбекте 300-ге жуық термин бар. Олардың басым көпшілігі қазіргі қазақ тіл білімінің ғылыми базасына айналып отыр. Ғалымның «Оқу құралы», «Тіл-құрал» атты оқулықтары – алғаш ғылыми стильде жазылған еңбектер. Бұл еңбектерде берілген көптеген терминдер бүгінгі академиялық қазақ тілінде қолданылып жүр. Мысалы:

1-кесте

<b>Фонетика саласының терминдері</b>	<i>харіф, дыбыс, буын, сөз, таңба, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, жарты дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, ымыралы дыбыс, ымырасыз дыбыс және т.б.</i>
<b>Морфология саласының терминдері</b>	<i>зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөз, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымша, жалғау, жұрнақ, етіс, рай, көсемше, есімше және т.б.</i>
<b>Синтаксис саласының терминдері</b>	<i>сөйлем, сөйлем мүшелері, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем, толымсыз сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем,</i>

	<i>сұраулы сөйлем, лепті сөйлем, тілекті сөйлем, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, іргелес сөйлем, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем және т.б.</i>
<b>Тыныс белгілерге қатысты терминдері</b>	<i>кіші сызықша, үлкен сызықша, ноқат, үтірлі ноқат, теріс үтір, қос ноқат, сұрау белгісі, леп белгісі, көп ноқат, қабат үтір, жақша [1].</i>

А.Байтұрсынұлының терминдері тек төл сөздерден құралған. Сондықтан да болар ғалым түзген әрбір термин өміршең. Ғалымның терминдерінің барлығы дерлік қазақтың ұлттық танымынан негіз алады. Сөйлеу барысында әр қазақ бұл терминдердің не екендігін, неге негізделіп жасалғанын бірден түсінеді, автор тарапынан тәпсірлеуді қажет етпейді. Терминдердің барлығы күнделікті өмірде қолданылып жүрген қарапайым сөздерден жасалған.

Қазақ тіл білімі саласымен қатар қазақ әдебиеттануының негізі А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» жатыр. Бүгінгі таңда қолданыстағы *теңеу, ауыстыру, алмастыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, бернелеу, әсірелеу, меңгеу, әсерлеу, арнау, қайталақтау, шендестіру, дамыту, түйдектеу, бүкпелеу, кекесіндеу, шумақ, айшық, тармақ, бунақ* және т.б. терминдер ең алғаш А.Байтұрсынұлымен ғылымға енгізілді. Ғылыми айналымға түскен бұл терминдердің басымы көпшілігі қимыл атауымен (әсерлеу+, кекесіндеу+, дамыту+) берілген. Оның бірден бір себебі әдебиеттану саласындағы көркемдеуіш амалдардың көбі қимылға негізделіп жасалғандығында. Академик Р.Нұрғалидің «Әдебиет танытқыш» еңбегі туралы былайша пікір білдірген: *«қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған»* [2,12]. Р.Нұрғалидің айтқан ойы А.Байтұрсынұлының терминология саласындағы орнын айқын көрсетіп тұр.


Педагогика саласы бойынша алғашқы ғылыми мәтіннің авторларының бірі – Мағжан Жұмабаев. Оның педагогикасы *ақыл, құлық, сұлулық, дене* тәрбиесіне бағытталған. Ғылыми мәтіннен педагогика пәнінің мақсат-міндеттері, педагогика бөлімдері, тәрбие түрлері, жалпы психология саласы бойынша ғылыми ақпарат алуға болады. Бүгінде өзекті болып табы-

латын дене тәрбиесі мен жан тәрбиесі М.Жұмабаевтың аталған еңбегінде көптеген жылдар бұрын айтылған. М.Жұмабаевтың «жаңа туған бала бір кесек ет қана деуге болады. Оның жан тұрмысы әлі білінбейді. Сондықтан ата-ана жас баланы тәрбие қылғанда күшінің көбін баланың дене тәрбиесіне жұмсауға міндетті. Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Жан дұрыс тәрбие қылынса болады, дененің қанша керегі бар деп ойлау дұрыс емес. Дене – жанның қабы. Қап берік болса, ішіндегі зат та берік болмақ, Дене – жанның құралы. Құрал мықты болса, иесі де мықты. «Сау жан сау денеді ғана болады» деген адамзат дүниесінің ескі мәтелі – шын дұрыс мәтел» [3,227] деген ойы жан мен тәннің ажырамас ұғымдар екендігін танытады. М.Жұмабаев жан мен тәнді зерттеуші пәндер ретінде бірнеше саланы көрсетіп, оларды халықаралық термин күйінде берген.

2-кесте



3-кесте



[3, 226].

2,3-кестеден көріп тұрғанымыздай, М.Жұмабаев «Педагогикасында» көбіне халықаралық терминдер қолданылған. Атап айтсақ: педагогикасы

ка, дидактика, методика, анатомия, физиология, гимнастика, логика, этика, психология және т.б. Десек те, дене тәрбиесі мәселесіне келгенде ғалым емізік (қолдан асырағанда балаға тамақ беру үшін қолданылатын әдіс), тісеу (жас иекті жарып бірінші тісі 6-8 арасында шығуы) сынды терминдік сипатқа ие сөздерді қолданған. Сонымен қатар «Психология» (Жан тілі) бөлімінде ұлттық сипаттағы жан көріністері, дене көріністері, бақылау, мидың қажуы, ақыл көріністері, әсерлену, сыртқы сезім, көру сезімі, есту сезімі, иіскеу сезімі, тату сезімі, сипау сезімі, ет сезімі, ес, зейін, қиял, ойлау, ішкі сезім, қайрат, әдет, мінез сынды терминдер кездесе, орыс тілі арқылы енген нерв системасы, апперцепция, перцепция, иллюзия, галлюцинация, ассоциация, дедуция, индукция, аналогия, силлогизм, эстетика терминдерімен танысуға болады. Бұл терминдер қазір көпшілікке таныс болғанымен, ХХ ғасырдың басында олар оқырман үшін жаңалық болған. Демек, М.Жұмабаевтың ғылыми мәтіндерінде төл терминдермен қатар халықаралық терминдер де тең дәрежеде қолданған. Оның негізгі себебі қазақ қоғамына ғылымның орыс тілінен келуінде болып табылады.

Қазақ оқымыстыларының ішінде Е.Омарұлы – геометрия және физика салалары бойынша алғаш оқулық жазған зерттеушілердің бірі. Ғалым 1928 жылы жарық көрген «Пішіндеме. Геометрия» [4] еңбегіне геометрия саласына қатысты ғылыми зерттеулерін енгізген. Ғылыми мәтінде пішін, сызық, жазықтық, бұрыш, шеңбер, кесінді, сыбайлас бұрыш, тікбұрыш, шар, пирамида, параллелепипед, призма, дөңгелек сынды терминдерге талдаулар жасалған. Бұл терминдердің барлығы бүгінгі таңда геометрия саласында қолданылып жүр.

Е.Омарұлының «Физике» (Физика) [5] атты еңбегінде физика саласының зерттеу нысандары күш-қозғалыс, жылу, ауа салмағы, сұйық нәрселер, газ, дыбыс, электр, магнит және т.б. құбылыстар жан-жақты қарастырылған. Еңбек «Күш-қозғалыс», «Қозғалыс туралы ұғыныс», «Күштерді қосу», «Жұмыс пен қуат», «Қозғалыстың берілуі», «Жылудың табиғаты» сынды тараулардан тұрады. Қазіргі физика саласы мәтіндерінде ғалымның тұжырымдары ғылыми негіз болып табылады. Еңбекте терминжасамдық жұрнақ ретінде танылатын **-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік** жұрнақтары арқылы жасалған сыйымдылық, сыйымсыздық, салмақтылық, ауырлық, тығыздық, жылдамдық, қиықшалық, сіңімділік, тұтқырлық, жылылық секілді терминдер кездеседі. Орыс тілінен өзгеріссіз енген барометр, монометр, сифон,

аэростад, аэроплан, диффоз, микроскоп, бинокль, спектр, электр, телеграф, микрофон терминдері қазіргі оқулықтар мен ғылыми еңбектерде сол қалпында қолданылып келеді.

Психология саласы бойынша алғаш жазылған ғылыми еңбектердің бірі – Ж.Аймауытұлының «Психологиясы» [6]. Ғалымның мәтіні ғылыми тұжырымдар мен ғылыми аппараттан құралған. Ғылыми мәтінде бүгінде халықаралық сипатта қолданылып жүрген кейбір терминдер қазақ тіліндегі нұсқасымен қолданылған. Мысалы:

4-кесте

<b>Рефлекс</b>	<b>Қозғалыс</b>
<b>Пантомимо</b>	<b>Ымдасу</b>
<b>Ассоциация</b>	<b>Берне іліктестігі</b>

Қазіргі таңда бұл терминдер өзге тілдік нұсқасында ғылыми айналымда қолданылып келеді. Десек те, қазақ тіліндегі баламасы өте сәтті екендігі сыртқы формасынан да, ішкі мазмұнынан да көрініп тұр. Оған қоса, *соқыр сезім, ынта, ілтипат, жад, қиял, тентектік, қорқыныш, байымдау, еркіндік, құлық* сынды ұлттық сипаттағы терминдер мәтіннің ғылымилығын арттырып әрі ұлттық терминқорды қазақы терминдермен толықтырып тұр.

Қазақтілінде жазылған бұл еңбектер Қ.Жұбановтың, Н.Сауранбаевтың, А.Ысқақовтың, Т.Қордабаевтың, М.Балақаевтың, М.Серғалиевтің және т.б. басқа сала ғалымдарының зерттеулерінде жалғасын тапты.

Қорыта айтқанда, ұлттық терминологияның қалыптасуы, алғашқы қазақ терминдерінің түзілуі Алаш зиялылары А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы, Е.Омарұлының ғылыми зерттеулерімен, оқулықтармен тікелей байланысты. Мақалада қазақ тіл білімі, қазақ әдебиеттануы, психология, педагогика, физика, геометрия салаларына қатысты алғашқы ғылыми еңбектер қарастырылды. Ғылымның басқа салалары бойынша да қазақ тілінде көптеген еңбектер жазылғанын білеміз.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы: «Сардар», 2009. – 348 б.
2. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // А.Байтұрсынұлы. Ақ жол. – Алматы, 1991. - 12-13 б.

3. Жұмабаев М. Шығармалары 3 т. – Алматы: «Білім», 1996. – 512 б.

4. Омарұлы Е. Үш томдық шығармалар жинағы. 3 т. – Астана: «Алашорда», 2018. – 414 б.

5. Омарұлы Е. Үш томдық шығармалар жинағы. 2 т. – Астана: «Алашорда», 2018. – 405 б.

6. Аймауытұлы Ж. Психология. – Қызылорда, 1926. – 177 б.



**Әрлен Сейітбатқал,**  
*А.Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институтының  
кіші ғылыми қызметкері*

## **ХАЛЫҚТЫҚ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ**

Қазақ топонимикасында халықтық географиялық терминге айналып кеткен бірқатар атаулар бар. Оларға шөл, шөлейт, қыр, қырат, төс, төскей, асу, бел, жон, жота, ой, төбе, адыр, шоқы, жыра, өзек (оронимдер) т.б. жатқызамыз. Мақалада осы атаулардың ара-жігі ажыратылып, сөзжасамдық ерекшеліктері көрсетілген. Халықтық географиялық терминге айналған атаулардың қолданысы мен сыр-сипаты жайында мәлімет берілген.

Әрбір жер-су атауы халықтың атакәсібімен, сан ғасыр бойы ұстанған өмір салтымен етене байланысты. Жер-су аттарының қойылуына жер бедерінің ерекше белгілері әсер етеді. Нәтижесінде әрбір атау келесі ұрпаққа сол жер жайлы ақпаратты хабарлап отырады. Адам баласы, оның ішінде қазақ баласы өзінің туып-өскен жеріне, ат беріп, айдар тағуда керемет шығармашылық дарынымен көзге түседі. Эпитеттік, метафоралық қолданыстағы атаулар, әр табиғат ісінен шыққан жаратынды дүниенің ерекшелігін дөп басып, халықтың аңғарымпаздығын дәлелдейді. Сондай-ақ, әрбір жер-су атауының тарихы, қойылу себебі бар. Өзен атаулары ағысына, тереңдігіне байланысты қойылып отырған – Быжы, Көксу, Ақсу, Шарын т.б. Мәселен, Шарын атауының этимологиясына көз жүгіртсек: «Көне түркі тілінде чаран сөзі арынды, тасқынды, екпінді, қарқынды өзен дегенді білдіреді. Атау қойылған заманда бұл өзеннің ағысы қазіргідей баяу емес, тасқынды, қатты да арынды болған. Қазіргі уақытта өзеннің бұрынғы арнасы тік жарларға айналған» [1].

Шөл – өзен-суы жоқ, жауын-шашын аз жауатын қуаң дала. Қазақтың шөлді жерлері – Бетпақдала, Мойынқұм, Қарақұм, Қызылқұм және т.б. Кейде шөл мен шөлейт синоним ретінде қолданылады. Бұл екі сөздің географиялық термин ретінде өзара айырмашылығы бар екенін О.Жанәділдің «Физикалық географияның терминдері мен ұғымдары»

атты еңбегінен біле аламыз. «Шөл – климаты өте құрғақ, өсімдігі әрі жұтаң, әрі сирек аумақтар. Түсетін жауын-шашыннан ондағы буланушылық ондаған есе артық болады. Ал Шөлейт – қоңыржай белдеудегі дала мен шөлдің аралығындағы өтпелі аймақ» [2]. Шөлейт – шөл сөзінен шыққан. Төс пен төскей, қыр мен қырат/ қырқа, бел мен белес те дәл осындай, бірінен бірі өрбіп шыққан. Бұл атаулар түбірге *ейт, кей, ат/қа, ес* (*шөл + ейт, төс + кей, қыр + ат/қа, бел + ес*) жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалған. Бұл жұрнақтар бірлі-екілі сөздерге ғана жалғанатын, өнімсіз жұрнақтар тобына жатады. Сондай-ақ өзі жалғанған сөзге кішірейткіш мән үстейді. Сондықтан шөлейт, төскей, қырат/қырқа, атаулары шөл, төс, қыр сөздеріне қарағанда әлсіздеу (шөлейт), кішілеу деген мағынаны білдіреді. Біздің бұл пікірімізді Б.Бияров та қуаттайды. Ғалым бет-беткей, төс-төскей сөздеріндегі -кей жұрнағында кішірейту реңк беретін мағына басым жатыр дейді. Сондай-ақ қыр-қырат/қырқадағы (ат, қа) қосымшалары табиғи нысанды кішірейтетін реңк үстейтінін тілге тиек етеді [3]. «Сөз аяғындағы -қай (*кей, ақай//екей*) қосымшасы бір кезде түркі-моңғол тілдеріне ортақ болған да, түркі тілдерінде бұл өлі жұрнаққа айналған. Мәселен, бұл жұрнақтан түркі тілдерінде *сол+ақай, оң+қай, күн+гей, теріс+кей, дең+гей, төс+кей* т.б. сөздер жасалған» [4; 63].

Аталған халықтық орографиялық терминдер тау гиперонимінің гипонимдік қатарын түзеді. Бұл жайында ғалым Қ. Рысберген: «*Тау – жер бетінен көтеріңкі рельеф түріне жататын орографиялық термин. Тау тектік-гиперонимдік терминінің лексика-семантикалық өрісіндегі түрлік – сеңгір, құз, шың, жал, жон, жота, қыр, қырат, бел, белес, асу, биік, дөң, төбе, шоқы, заңғар, кезең сынды халықтық орографиялық терминдердің гипонимдік қатарын түзеді*» дейді.

**Тау термині** *Айыртау, Алатау, Ақтау, Басқантау, Бөлектау, Мұзтау, Жамантау* т.б. сынды оронимдер құрамында вербалданады.

**Тас** – таудың қатты жынысы, соның үлкенді кішілі бөлшектері, *Керегетас, Сандықтас, Көктас, Жартас, Ақтас, Таскезең* т.б. оронимдер құрамында вербалданады;

**Төбе** – дөңгелене біткен биіктеу дөң жер, *Ақтөбе, Желтөбе, Көктөбе, Төбеқұдық, Төбесу, Кіндіктөбе, Жуантөбе, Аралтөбе* т.б. оронимдер құрамында вербалданады;

**Жота** – таудың арқасы, жоны, созылған дөңес жерлері, биіктігі әртүрлі келген (үлкен, кіші, биік, аласа) *қыр, қырқа, қырат, Ұзынжота, Көкжота,*

*Белжота, Жолжота, Жоталы* сынды топонимдер құрамында вербалданады;

**Шоқы** – таудың, төбенің ең биік жері, ұшар басы, оқшау төбе, *Қарашоқы, Ақшоқы, Көкшоқы, Жетішоқы* т.б. вербалданады;

**Кезең** – жолдың таудан не жотадан асып түсетін қырындағы түйетайлы аласалау жері, *Айыркезең, Кезеңащы* сынды т.б. атауларда вербалданады;

**Биік** – заңғар, асқар таудың басы, *Ақбиік, Биіктас* түрінде вербалданады;

**Жал** – ұзына бойы еңсіз келген көлбеу қырат, жер бедерінің бір түрі, *қырқа сілемі, жон-жота, адыр, Қаражал, Айғыржал* т.б. топонимдерде вербалданады;

**Жон** – арқа, ту сырт, жота; *беткейлері көлбеу, етегі айқын шектелмеген, бір бағытта созылып жатқан қырат* [5; 197].

**Асу** – тау жотасының өтуге қолайлы аласа жері, белес.

**Бел** – жонда, қырда, жалда, адырда болатын жадағай кең асу. Яғни асудың бір түрі.

**Белес** – ұзынша, дөңестеу боп жатқан белең, бел, жон, жота.

**Қыр** – аласа таулардың, үстірттің ұзына бойына созылып жатқан биік жері, жал.

**Қырат** – жер бетінің маңайындағы жазықтан оқшау көтеріліп жататын алқап. Абсолют биіктігі 200 м-ден 500 м-ге дейін барады.

**Қырқа** – қатарласа созылып жатқан бел-белес, адыр.

**Адыр** – бір-біріне ұласып, тұтасып жатқан белесті, дөңесті жер.

**Үстірт** – үсті тегіс немесе белесті, маңайындағы жазықтардан жарқабақпен оқшауланып тұратын қыраң жазық.

**Қия** – таудың, төбенің т.б. тік құлама беті.

**Шоқы** – таудың, төбенің, жотаның ең биік жері, ұшы.

**Жыра** – жаңбыр, қар суы жырып кеткен терең жер, сай-сала.

**Өзек** – жауын және қар суынан пайда болған ені тар, кішірек сай» [6].

Бұл аталған халықтық географиялық терминдер әбден қалыптасып, орныққан. Көптеген ғылыми еңбектерде, БАҚ-та көрсетілген мағынасында қолданылады. Топонимдер жер бедерінің кескін-келбетін, табиғи ерекшеліктерін дәл атайды. Сонымен қатар олар жергілікті халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасынан да мәлімет береді. Сондықтан да жер-су атаулары ұлттық таным мен халық тұрмысының ажырамас бөлігі.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Сен білесің бе? Аруна баспасы, 2017. – 714 б. – энциклопедия
2. Жанәділ О. Физикалық географияның терминдері мен ұғымдары. Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 2014. – 86 б.
3. Бияров Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері. Алматы: 2012. – 460 б.
4. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы: 1975.
5. Рысбергген Қ. Ұлттық ономастиканың лингвокогнитивтік негіздері. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – 328 б.
6. <https://sozdikqor.kz/>

*Әсия Смықова**Қарағанды облысы тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы,  
Ресурстық тіл орталығының әдіскері*

## СӨЗДІК ТҮЗУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Әр елден келіп жатқан жаңа сөздер біздің тілге салмақ салып жатқаны рас. Әр ұлт өз тілінің табиғи қалпын сақтағысы келгенмен, бүгінгі техникалық даму үрдісі әр елдің тіліне өз түзетулерін енгізіп жатқандай. Өз тілінің ерекшелігіне қарай бұл мәселелерді шешуге талпынып жатқандар бар. Мәселен, түріктер жаңа сөздерді толығымен аударуға ұмтылса, ағылшындар сөзді сол қалпында сақтап, өзінің сөздік қорына енгізуде. Ал бізде мұндай бірқалыптылық байқалмайды. Бұл сөзді сөздік қорға қосайын ба, жоқ па, әлде аударайын ба деп тұрған жалтақ күйде отырмыз. Кез келген жаңа сөзге жатырқап қарайтын қазақ тілі аударма мәселесіне келгенде бір жүйеге түскен жоқ. Осындай мәселелерді түбегейлі дұрыс шешуге әр тілде болатын ортақ қағида көмектеседі деп ойлаймын. Бірақ осының ара-жігін дұрыс айырмағандықтан, бәрін аудару керек сияқты болып тұрады. Аударманың сөздіктерге қандай қатысы бар десеңіз, бәріне белгілі ағылшын сөздіктері қалай жасалатынын түсінгенде, даудың басы қайдан шығып жүргеніне көз жеткіземіз деп ойлаймын.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, әлем тілдері жаңа сөздермен толыға бастады. Әлемдік жаһанданудың әсерінен көптеген мамандықтар пайда болды. Жаңа технологиялық салалардың әсерінен жаңа сөздер пайда бола бастады. Ағылшын лингвистері жүргізген деректер бойынша ағылшын тілінде жылына 15-20 мың лексикалық бірлік пайда болады екен. Бұл – 98 минутта бір сөз пайда болады деген сөз.

Бүгінде интернеттің әсерінен жаңа сөз әлемге тез тарап, басқа елдің сөздік қорына еніп жатыр. Қазір ағылшын тілі Еуропа елдерінің ішінде әлемдік донор тіл болып тұр. Оның Испания, Франция және Ресей сияқты елдерге әсері ерекше. Бірақ ағылшын тілі жаңа сөздерді қайдан алып жатыр десеңіз, бұл тіл де көршілес француз сияқты тілдердің әсерінен сөзден сөз жасап жатыр. Ағылшын тілінде қазір кіріккен сөздер мен біріккен сөздер өте көп. Тіпті ағылшын тілін үйреніп жүрген адамдар жаңадан пайда болған әртүрлі сөздерді жаттауына тура келеді. Сол

сияқты сөздерді қысқарту арқылы жаңа сөздер туып жатыр. Мысалы, бәріне белгілі Teflon сөзі табаларды күюден қорғайтын жабындыны «Tetrafluoroethylene» атты химиялық формуланың қысқартылуы. Ал Seal сөзі – әскер саласы, мұны орыстар «морской котик» деп атайды. Бұл сөз «Sea, air, land» сөзінен шыққан. Атақты Jeep көлігінің атауы «General purpose vehicle» сөзінен қысқарып, лексиконға Jeep боп енген. Ағылшындарда осылайша қысқарту арқылы жаңа сөз тудыру әскери салада қатты көрініс тапқан.

Қазір әлем бойынша ерекше тез дамып жатқан стильдің түрлеріне көңіл аударғым келіп отыр:

- **ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ** – оның ішінде ғылыми-техникалық, әскери және медициналық технологиялар қатысты даму;

- **ЖАРНАМА СТИЛІ** – маркетингтік сауданы жүргізу үшін және брендтерді қалыптастыру;

- **ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬ** – бұқара ақпараттық құралдарда ақпаратты нақты және қысқа етіп жеткізу [1].

Осы стильдердің түрі біздің бүгінгі сөздік қорымызда қалай көрініс тауып жатқанына аз-маз тоқталып өтсек.

Ғылыми стиль бізде жақсы дамыған, салалық, кәсіби бағытта жазылған сөздіктер бар. 30-31 томдық сөздіктерді жиі қолданып жүрміз. Осы салалық сөздіктердің маңызды бір белгісі – дәлдік. Терминдер, орыс тілші-ғалымы Г.О. Винокур айтқандай, "ерекше сөздер емес, ерекше міндет атқаратын сөздер" болғандықтан, негізгі қызметті атқарады.

Қазақ тіл білімінде терминология саласының қалыптасуында А.Байтұрсынұлының алатын орны ерекше. А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол ғылым саласында қолданатын арнаулы ұғым атауларынсыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде А.Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған. Ғылыми ұғымдарға ат қою оп-оңай жұмыс емес. Ол – үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық үдеріс. А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді ұшыратуға болады.

Осы жолды үзбей жалғастырып, дамытып келе жатқан кейінгі терминология төңірегінде тілші-ғалымдар К.Мұсаев, Ә.Қайдаров, Ө.Айтбаев, Б.Қалиев, А.Әбдірахманов сияқты тіл мамандарының зерттеу еңбектері жарық көрді. Сонымен қатар терминология саласында І.Жарылғапов пен Ш.Құрманбайұлының еңбектерін ерекше атап өтуге болады [2].

Ұлттық тілдің негізінде термин жасаудың жолын ұстанатын ғалымдар «қандай бір тілде болсын жаңа термин жасау, оның терминологиялық қорын толықтыратын сол тілдің ұлттық лексикасы болып саналады. Яғни терминдер де байырғы сөздер секілді тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлер негізінде жасалады. Терминжасам сәтінде «түпнұсқа терминдердің мағыналық мазмұнын терең түсініп, оған қазақ тілінен әр алуан варианттар іздеп, соның ең дөп түсетін - терминдік өзегін аршып танып, таңдап пайдалануға тура келеді» - дейді [3.29].

Әр жаңа сөз ұтымды аударылып жатса, (*мінтуір, пернетақта, бағдаршам*) оған дау жоқ, ал қабылдауға қиындау аудармалар (*газет-үнқағаз, телефон – сымтетік, барабан-қағыран*) қоғамда пікірталас тудырады. Осындай мәселелердің алдын-алу үшін мықты ғалымдар арқылы аударма жүйесін құру қажет пе деп ойлаймын [4.26].

Жаңа сөздер соңғы рет 2013 жылы шыққан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» енгені белгілі. Ал жарнама стиліне байланысты нақты академиялық сөздіктер жоқ. Жалпы жарнама стилі зерттелмей келе жатқан сала болып саналады. Осының әсерінен сауатсыз жарнамалар қаптағаны былай тұрсын, көп сөздердің қолдануы бұрмаланады. Нарықтық қарым-қатынас қоғамның бір құрамдас бөлігі болғандықтан, жарнама ісінің әлеуметтік мазмұны кеңейді және осы терминнің ұғымдық көлемі ұлғайды. Сондықтан өздігінен сұранып тұрған саланың бірі болғандықтан, ерте ме, кеш пе қолға алынатыны белгілі.

Күнделікті киім дүкеніне бара қалсаңыз, сатушыдан бұрын-соңды естімеген свитшот, худи, блейзер, парка, дафлкот сияқты киім атауларын естіп жатамыз. Сондай-ақ, *хайп, лайк, сэлфи, фидбэк, фандом, месседж коллаборация*, сияқты сөздерді тілімізде еріксіз қолданып жүрміз. Осы сөздердің ұтымды аудармасы немесе баламасы табылуын уақыт еншісіне қалдырған жөн. Бүгінде бұл мәселе туралы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты зерттеу жүргізіп жатқаны белгілі, тақау арада көптен күткен сөздікте шығып қалар. Осы атауларға мән беріп қарасаңыз, қысқа әрі түсінікті, мағынаны тез бере алатын сөздер. Жаңа пайда болып жатқан лексемалар ақпаратты қысқа жеткізуге, түсінуге

оңай, айтуға жылдам, сөйлем ішінде оңай икемделетіндей болу керек. Бұл атаулар жоғарыда көрсетілген ағылшын еліндегі ерекше дамыған публицистикалық стильге жатады. Олар бұқаралық ақпараттық құралдарында ғана емес, жарнамалық стильде де көрініс тауып отыр.

Публицистикалық стиль тілдің екі қызметін, яғни хабар беру және әсер ету қызметін ұштастырады. Осының сырын жақсы түсінген ағылшын тілі бүгінде бұл қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында және маркетинг саласында ұтымды қолданып келеді. Ондай мүмкіндік бізде де бар. Біз тек тіліміздің байлығын қолдана алмай жүрген сияқтымыз. Қазақ тіліндегі екі сөз табы еліктеуіш пен одағай қалыс қалып келеді. Ағылшын тілі осындай бір мағыналы сөздерді ұтымды қолданудан қорықпайды, керісінше, ақпаратты ұтымды, мағынасын дәл береді.

Бұл арнайы үш стильге тоқталып, қысқаша ақпарат бергенімнің себебі, қазақ тіліне ғылыми стилдегі сөздердің аудармасын табуға тырыссақта, маркетинг саласын аударудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Олардың тек қазақша дыбысталуына мән берген дұрыс сияқты. Бұл сөздер тілімізді шұбарлап, көлеңкесін тигізеді деген қорқынышты артқа тастау керек. Мұндай атаулар ешқай тілдің негізгі жұмыс істеу механизімін бұза алмайды.

Пайда болған неологизмдердің барлығы сөздікке еніп үлгермейді. Сөздікке біршама тұрақталған, жиі қолданыстағы сөздер кіреді. Бұл, өкінішке қарай, тоқтамайтын процесс. Қазір бізде де сол жағдай басымыздан өтіп жатыр. Бірақ бұларды уақыт өте келе тұрақтандырып, бір жүйеге келтіреді деген ойдамын.

Жалпы, сізді бір сәтке сөздіктер қалай жасалатыны туралы ой толғандырып көрді ме? Бұл біз ойлағандай оңай дүние емес. Сөздікке сөз ену үшін ұзақ процесті басынан өткереді. Сіздердің назарларыңызға ағылшынның атақты Oxford Online Dictionary мен Merriam-Webster Dictionary атты сөздіктері қалай жұмыс жасайтыны туралы айтқым келіп отыр. Мұндай тәжірибе болашақта біздің елде де қалыптасар деген үміттемін.

Әлемдегі жаңа сөздерді саралап зерттеу бойынша ең ауқымды алып баспасөз болып Оксфорд университетіндегі Oxford University Press саналады. Бұл зерттеу университеті ресурсты екі жолмен іздестіреді. Бірі – мәтіндер болса, екіншісі – шексіз интернет мүмкіндігі. Осы сөздерді аулап теру үшін, тіпті олардың әлемнің басқа тілдердің сөздік қорына ену үшін осы баспасөзде мыңға жуық адам жұмыс жасайды. Мүмкін, ағылшын тілі



әлем бойынша үлкен басымдыққа ие болып отырғандығы осының да әсерінен шығар?

Баспасөз беттерінде шыққан әртүрлі стильдегі мәтіндер бір жерге жинап, оның ішінде бұрын-соңды қолданылмаған жаңа сөздерді іздейді. Сол сияқты интернет желісінен арнайы бағдарлама арқылы күнделікті сөздерді іздестіреді. Бұл бағдарлама күнде шығып жатқан әндердің сөзінен болсын, тіпті әр нәрсеге әр сайтта пікір жазған адамдардың жазбаларынан да қарастырады екен. Жалпы, интернет желісінде қандай жазба түрі бар, соның бәрін сүзгіден өткізеді деген сөз. Сөйтіп, біраз уақыт ресурс жинастырады. Осы ресурстардың ішінен ғалымдар ең бірінші, жиі қайталанатын сөздерге мән береді екен. Жиі қайталанатын сөз – қолданыстағы сөз екендігінен хабар береді. Содан кейін бұл қолданыстағы сөз қаншалықты маңызды және өміршең екендігін анықтайды. Сөздіктерге кем дегенде 2-3 жыл қызмет ететін сөздер ғана енгізіледі. Кей сөздер бір ғана салада жиі ұшырасатын болса, онда оны сол саланың сөздігіне енгізеді.

Кейде лексикографтарға кей адамдар сөз ойлап тауып жіберіп жататын кездер де болады екен, бірақ сөздердің сөздікке ену ережесі біреу болғандықтан, мұндай өтініштер қабылданбайды.

Тағы бір ауқымды сөздіктің бірі – Merriam-Webster Dictionary. Бұл сөздіктің де редакторлары ұқсас жүйемен жұмыс жасайды. Бұл баспаның редакторлары «оқы және белгіле» немесе «оқы және жаңа сөзді тап» деп аталатын үрдіс ойлап тапқан. Күніне жаңадан шыққан мақалаларды оқып, сөздер тереді. Ол сөздердің маңыздылығын мамандар анықтаған соң, қызықты ақпарат ретінде көпшілікке жария етеді. Жай ғана сөз ретінде ғана емес, контекстегі мысалымен қоса алып, газет-журнал, интернет желісіне салып отырады. Қасына сол сөздің мағынасына қарай сурет салып, сөздің шығу тәркінінен де хабар береді.

Осы Oxford Online Dictionary мен Merriam-Webster Dictionary атты сөздіктердің жасалуы, насихатталуы біздің болашақта бет түзейтін бағытымыз болуы керек сияқты. Осындай ауқымды жұмысты біріздендіру – бүгінгі қазақ сөздіктерінің алдында тұрған мәселе [1].

Мұндай жаңа сөздердің 75%-ы 2-5 жылдың ішінде ұмытылып, қолданыстан шығып қалады да, орнына жаңа сөздер туа береді. Бұл – үздіксіз процесс. Осы сөздердің кіріс-шығысына қарап-ақ та, адам баласы қандай кезеңдерді басынан өткергеніне баға беруге болады.

Қорыта айтқанда, терминографияның алдында, басты зерт-

теу нысандарының бірі - қазіргі кезде кеңінен жарық көріп жатқан терминологиялық сөздіктердің түрлерін анықтау. Өйткені, қазақ тіл білімінде лексикографиядағыдай терминологиялық сөздіктердің де түрлері көбеюде. Оның үстіне, терминографиядағы сөздік түрлерін анықтау арқылы олардың әрқайсысын дайындауда негізге алынатын принциптерді жүзеге асырудың жолдары мен тәсілдерін де анықтап алуға болады. Бұған ұқсас пікірді орыс тіл білімінің терминография саласында еңбектеніп жүрген ғалым С.В.Гриневтің де мақаласынан көруге болады [5.23].

Барлық тілдегі терминографияның басқа мәселелерін шешу үшін терминологиялық сөздіктердің түрлерін ғылыми тұрғыдан жүйелеу – бірінші сатыдағы маңызды зерттеу нысаны екендігіе көз жеткізуге болады. Бұл нысанды зерттей отырып, әр сөздік түрінің терминдерді берудегі мақсатын, ерекшеліктерін, мақсатына орай оларды дайындаудың әдіс-тәсілдерін де белгілеуге болады. Демек, терминографиядағы сөздік түрлерін анықтай отырып, терминологиялық сөздіктердің әрқайсысының ерекшеліктерін аша отырып, жүйелеу жұмысын жүргіземіз. Жоғарыда көрсетілген стиль түрлеріне қарай сөздіктерді жүйелесек, қарапайым қолданушыларға өте түсінікті болары сөзсіз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. <https://www.english-language.ru/articles/informative/kak-novyie-slova-popadayut-v-slovari-oxford-online-dictionary>
2. <http://anatili.kazgazeta.kz>
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. Елорда. - Астана - 2002.
4. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясы. Алматы. Ғылым, 1988.
5. Гринев С.В. Принципы теории терминографии // Теория и практика научно-технической лексикографии. сб. статей. - М.: Русский язык, 1988.

Оразгүл Мақсұт

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»  
ұлттық ғылыми-практикалық орталығының  
ғылыми қызметкері

## САЛАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕР: ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН КЕМШІН ТҰСТАРЫ

Кез келген тілдің дамуы сол елдің терминологиясының дамуымен тығыз байланысты. Жаңадан енген терминдер арқылы тіл дамып отырады. Жаңа ғылым салаларының саны артуына байланысты терминдердің қатары да толыға түсуде. Сол терминдерді қолдану арқылы белгілі бір саланың бағыты айқындалады. Тұрмысымызға еніп жатқан жаңа саланың одан әрі даму үдерісі қалыптасады. Мұндай пән сөздерінің қосылуы ұлттық терминқорымыздағы терминдердің санының артуына ықпал етеді. Бұрыннан бар терминдер мен жаңадан қосылып жатқан терминдер әр сала бойынша жіктеліп сөздіктер жасалу жолға қойылған. Мақалада бірнеше саланың терминологиялық сөздіктеріне талдау жасай отырып, термин жасауда қандай тәсілдер жиі қолданылады, термин жасаудың өнімді жұрнақтары қандай деген сұрақтарға жауап іздейтін боламыз. Терминологиялық сөздіктерді жасауда кездесетін кемшін тұстарды талдаймыз.

2000 жылы «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Әдебиет және лингвистика» [1] деген атпен әдебиет және тіл білімінің көлемді терминологиялық сөздігі жарық көрді. Еңбекте авторлардың бұл сөздікті шығарудағы басты мақсаттары әр сала бойынша ілгеріде шыққан түрлі сөздіктерді мұқият елеп, талапқа сай келетін сәтті деген терминдерді түгел алуға баса көңіл бөлінгенін айтады. Әр терминге өз тілімізден терезесі тең балама табу, қиюы келмейтін реттерде халықаралық қолданыстағы сөздерді тіліміздің ішкі заңдылықтарына сәйкестендіріп алу басты бағдар болғанын ескертеді. Сөздік 5 мыңнан астам терминдерді қамти отырып, әрбір терминнің тізілім (реестр) түрінде екі тілдегі аудармасы берілген. Қазіргі кезде түрлі ғылым салаларында, оқу орындары мен білім беру мекемелеріндегі оқу үдерісінде жиі қолданылатын лексеманың бірі – *мәтін*. Бұл сөз бен оның дериваттарының сөздіктердегі көрінісі де

назар аудартпай қоймайды. Мысалы, *мәтін* сөзі Қ.Бектаевтың сөздігіне (2001), Қазақша-орысша сөздікке (2008) енгізілмеген. Ал *текстология* сөзі аталған сөздіктерде осы қалпында берілсе, 2000 жылғы Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктің «Әдебиет және лингвистика» сериясында *мәтінтану*, *мәтіннама* түрінде, «Философия және саясаттануға» арналған томында *мәтінтақ*, *мәтіннама* деп берілген. 2003 жылы Терминкомның бекітуімен *текст* сөзі нақты мәтін болып қабылданды [2]. Осыдан кейін шыққан сөздіктерде бірізділік сақталған (1-кесте).

1-кесте

Сөздіктің атауы	Жылы	Қазақша	Орысша
«Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Әдебиет және лингвистика»	2000	мәтін	текст
Қ.Б.Бектаев. Үлкен қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік	2001	-	-
Қ.Б.Бектаев. «Сөздік»: Үлкен қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік	2007	текст	текст
Қазақша-орысша сөздік, казахско-русский словарь	2008	-	-
Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік	2014	мәтін	текст

*Контекст* сөзінің тарих, социология, философия, экономика салаларындағы қолданысы ескерілгендіктен бе, тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында қолданылып жүрген *мәнмәтінді* кейінгі сөздіктерден көре алмадық. Қолданылуында бірізділік жоқ терминнің бірі – *принцип*. Ол кейде *қағида*, кейде *ұстаным*, енді бірде *қағидат* деп жұмсалып жүр. Қазақша-орысша сөздікте *принцип* сол күйінде қалдырылса, *қағида* термині *правило*, *установление*, *теория* деп аударылыпты. 2018 жылы Терминкомның шешімімен *принцип* деп бекітілген.

«Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» қазақ тілінің қорында бұрыннан бар төл атауларды тура өз мағынасында немесе оларға ғылыми ұғымға тән қосымша терминдік мағыналық реңк бере отырып

пайдаланған. Сөздікте жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі **2%**. Мысалы: *өріс, рай, сөз, деңгей, түбір, әдіс, белгі, буын* т.б. Морфологиялық тәсілмен жасалған терминдер еңбекте **7%** құрайды. Өнімді жұрнақтар **-у** (*септеу, бейімдеу, сабақтау, әсірелеу, қайталау*), **-іс** (*кідіріс, сөйленіс*), **-ім** (*тіркесім, үндесім*), **-ым** (*қатысым*), **-лық** (*бинарлық*), **-лік** (*валенттілік, уәжділік*), **-дық** (*болымсыздық*), **-тық** (*ұқсастық*), **-уыш** (*бастауыш, толықтауыш, анықтауыш, нысықтауыш, баяндауыш, айқындауыш*) т.б. Еңбекте термин жасаудың ең өнімді пайдаланған сөз тудыру тәсілі – синтетикалық тәсіл. Екі немесе үш сөздің тіркесуі арқылы жасалған көп сыңарлы терминдер, сөздердің бірігуі арқылы жасалған терминдер сөздікте **59%** бөлігін құрайды. Мысалы: *дыбыстаңба, діріл дауыссыз, жалаң түбір, әйел тілі, моңғолтану* т.б. Қалған **32%** халықаралық терминдердің үлесіне тиеді. Мысалы: *аккузатив, акустика, аналитизм, анафора, гипербола, грамматика, дилогия, кинема, тембр, стилистика* т.б. Демек сөздікте синтетикалық тәсіл арқылы жасалған терминдер басым болып табылады.

Енді мына бір мысалға назар аударайық: **«Сөйлеу қарқыны** *орыс. темп речи – белгілі уақыт мөлшерінде сөздің (сөйлемнің) айтылу қарқынының шапшаң не баяу болып келуі»* [3:385] деп беріледі де, **«Сөйлеу темпі** *орыс. темп речи – сөйлеу элементтерін (дыбыс, буын, сөз) айту жылдамдығы»* [3:386] деп артынша екінші рет береді. Екі анықтамада да бір нәрсе айтылып отырған сияқты, бірақ мұны екі рет берудің не қажеттілігі туды екен? **«Дефис** (*лат. diviso*) – *кішкене сызықша, емле белгісі»* деп анықтама беріледі. «Дефистің» «сызықшамен» орын ауыстырғаны қашан, 2010 жылы қайта басылып шыққан тіл білімінің сөздігінде осы өзгерістерді енгізіп басу керек еді. Әр жылдары жарық көрген сөздіктердегі терминдердің қазақша баламаларын салыстырып көрейік (2-кесте).

2-кесте

<p>Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Әдебиет және лингвистика. - Алматы: Рауан, 2000</p>	<p>Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Павлодар, 2010</p>	<p>Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Әдебиет және лингвистика. - Алматы, 2014 [4]</p>	<p>Терминкомның бекіткен нұсқасы (termincom.kz)</p>
---	--	--	---

- автоматты аударма	- автомат аударма	- автоматты аударма	- автоматты аударма
- аккумулятив	- табыс септік	- аккумулятив	- аккумулятив, табыс септік (лингв.)
- алтаистика	- алтайтану	- алтайтану	- алтайтану
- антик тіл білімі дәстүрі	- антикалық тіл дәстүрі	- антикалық тіл дәстүрі	- антикалық тіл білімі дәстүрі
- атау	- термин	- термин	- термин
- ұстаным, принцип	-	- қағидат	- принцип
- кідіріс	- пауза	- кідіріс, үзіліс	- тыныс (әдеби)
- қарқын	- темп	- қарқын	- қарқын
- ырғақ	- ритм	- ырғақ	- ырғақ
- нысан, нысана	- объект	- нысан	- нысан
- сарын, уәж	- мотив	- уәж	- сарын
- сөзойнатым, каламбур	- ойнақы сөз, каламбур	- каламбур	-
- сызықша, дефис	- дефис	- дефис	- дефис

Бірі аударма, бірі түсіндірме сөздіктер болса да, кейінгі шыққан терминологиялық сөздіктерді жасауға үлгі бола алатын сөздіктер қатарына жатқызуға болады. Әрине, кемшіліктерден де ада емес. 2010 жылғы Ғ.Қалиевтың сөздігінде көптеген сөздер халықаралық болып табылады. Ғалым қазақша нұсқасына қарағанда, халықаралық терминдерді сол күйінде алғанды дұрыс санаған. 2000 жылы А.Қ.Құсайыновтың редакторлығымен жарық көрген сөздікте көптеген сөздер қазақшалануымен ерекшеленеді. Терминдердің анықтамасы берілмесе де, барынша қазақ тіліндегі нұсқасы берілуіне назар аударылған. Кейінгі жарық көрген сөздіктер бұрын басылып шыққан терминологиялық сөздіктермен ұштастырыла шығарылуы керек. Оның жетістіктерін алып, кемшіліктерін жоя отырып, он жыл ішінде бекітілген өзгерістерді енгізгенде сөздіктің құндылығы одан әрі асар еді.

Медицина терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуы өте күрделі үдеріс екені белгілі. Оның күрделілігі мынадай жайттармен байланысты деп ойлаймыз. Біріншіден, медицина ғылымының өзі тірі ағзаның қызметінің бұзылуын қалпына келтіру деп аталатын күрделі мәселені

зерттейді. Осыған сай оның мазмұнын анықтайтын метатілі де оңай бола алмайды. Екіншіден, медицина ғылымының сөздік қорының негізгі бөлігі грек, латын тіліндегі лексикадан тұратын болса, оны қазақ тілінің заңдылықтарына ыңғайлау және оны дәл беретін атау сөз табу оңай емес, себебі медицина мамандарын дайындауда оқу, оқу-әдістемелік құжаттардың басым бөлігі орыс тілінде. Үшіншіден, медицина тілінде тірі ағзадағы түрлі жасушадағы химиялық, биологиялық өзгерістер сол салада арнайы білімі бар тұлғаларға ғана түсінікті болғандықтан, қазақша таңдалған термин сөзді көпшіліктің бірден қабылдауы қиын.

3-кесте. Медицина саласы бойынша жарық көрген сөздіктерді салыстыру

2000 ж.	2005 ж.	2007 ж.	2009 ж.	Termincom.kz
авитами- ноз	авитаминоз	витамин- сіздік	авитаминоз	дәруменсіздік (2005)
анемия	анемия (қан аздық)	анемия	қаназ (дық), қаны аз	қан аздық (2005)
баспа	баспа, қыспа	баспа, қыспа	баспа, қыспа	баспа (2005)
әуенді ажырата алмау	амузия	әуендерді ажыратпау	амузия	әуен танымау- шылық (2005)
соқырі- шек	аппендицит	соқырішек қабынуы	аппендицит	соқырішек (2005)

Терминология комиссиясының 2005 жылғы үшінші отырысында бекітілген медицина терминдеріндері қатарында «авитаминоздың» қазақша баламасын «дәруменсіздік», «анемия» қазақша баламасын «қаназдық», «амузия» қазақша баламасын «әуен танымаушылық», «аппендицит» қазақша баламасын «соқырішек» деп, т.б. терминдер қазақшаланып берілген. Бірақ 2005 жылдан кейін шыққан сөздіктерде бұл өзгерістер ескерілмеген.

Осы сөздіктерде берілген медицина терминдерін жасауда өнімді қолданылған жұрнақтар **-лық, -лік, -дық, -дік** (аурушаңдық, әлсіздік (астения), бедеулік (акиез), бұдырлық, долырлық (агрессивность), беймазалық, ергежейлілік, дәмсезбеушілік); **-мақ** (будырмақ); **-у** (баздану (мацерация), бүліну (повреждение), домбығу (набухание), бейтараптау);

**-ша** (бурғыша (бурав), жасуша (клетка); **-пе, -ма** (демiкпе, құтырма (бешенство), талма; **-ғы, -гi** (тамызғы (капельница), сүңгі (зонд) т.б.

Лексика-семантикалық жолмен жасалған терминдер: ағза, ауру, ашу (брожение), без (железа), бүр (ворсинка), білте (турунда), жанталас (агония) т.б.

Синтаксистік (аналитикалық) тәсіл арқылы жасалған терминдер: айырбез (вилочковая железа), ақ қан (белокровие), ақтаңдақ (вителиго), ақшамсоқыр (куриная слепота), анартаз (гранаты), әктастану (асбестоз), белтартпа (бандаж), демсорғы, жанарсыз көз (афакия), жыланкөз (свищ) т.б.

Медицина терминдерін жасауда синтаксистік тәсіл мен морфологиялық тәсіл өнімді қолданылған. Шет тілінен енген терминдердің қазақшалануына барынша көңіл бөлінсе де, олардың үлес салмағы көп болып келеді.

Қорыта айтқанда, салалық терминдерді қалыптастыру мәселесі толық шешімін тапты деп айтуға әлі ерте. ХХІ ғасыр ғылым салаларының ауқымы біршама ұлғайды. Бұл қолданыстағы терминдердің санының артуына да әсерін тигізеді. Жылдам қарқынмен еніп жатқан терминдерді ұлттық қорымызда бар сөздермен түгел алмастыру мүмкін емес. Шет тілінен енген сөздердің үлес салмағы басым. Дегенмен, ұлттық қорды толықтыру әрқашан бірінші орында тұруы қажет. Қазіргі таңда да төл терминдеріміздің үлес салмағын арттыру басты мәселе болып қала бермек. Жеке терминологиялық сөздік шығарушы мамандар да Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминологиялық комиссия бекіткен терминдерді уәжге ала отырып жасауы керек. Сөздіктер шығарудағы ала-құлалық сол кезде жойылады. Бір терминді әр ғалым өз қалауындағы сөздермен бере берсе салалық терминологияның күйі қиындай бермек. Бұл сапасыз сөздіктердің санын ғана артырады. Терминком бекіткен терминдердің аудармасына байланысты ғалымдар мен ізденушілердің келіспейтін тұстары болса [termincom.kz](http://termincom.kz) сайтында өз пікірлерін жазып, дәлелдеп уәждеп бере алса Алаң [5] бөлімінде ұсыныс қалдыруға болады. Сол ұсыныстар Терминкомға қайта қарауға жіберіледі. Арнайы тапсырыспен немесе жеке адамның өзі шығаратын сөздіктер сараптамадан өтуі қажет. Сараптамадан өткен дұрысын баспаға жіберіп, қателіктері барын кері түзетуге беру біраз мәселенің басын шешпек. Сонда ғана салалық терминологиялық сөздіктердің сапасы артпақ.



**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Әдебиет және лингвистика. – Алматы: Рауан, 2000. 288 бет.
2. <https://termincom.kz/search/?termin=%D0%BC%D3%99%D1%82%D1%96%D0%BD&cid=0>
3. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Павлодар, 2010. - 548 бет.
4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Әдебиет және лингвистика. – Алматы: «ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясы, 2014. - 600 бет.
5. <https://termincom.kz/alan>

*Ақжібек Ахмет*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университеті Қазақ тіл білімі  
кафедрасының докторанты*

## **КІРМЕ ТЕРМИНДЕРДІ ИГЕРУДІҢ БІР ЖОЛЫ - БУДАН ТЕРМИНДЕР**

Жаппай жаһандану тілдердің бір бірімен қарым-қатынасқа түсуі, саяси, мәдени, экономикалық, техникалық және компьютерлік салаларда интергациялануы шет тілдік атаулардың ана тілімізге ену процестерін күшейтуде. Бұл әсіресе терминдерге қатысты. Осындай көзқарасты ғалым Б.Момынованың мақаласындағы «Әр түрлі тілдердің иелері (тұтынушылары, елдер, мемлекеттер) арасындағы экономикалық, саяси және мәдени байланыстардың жолға қойылуы, жаппай компьютерлендіру, ғылым мен техниканың дамуы мен техникалық құралдардың қолжетімді бола бастауы, жалпыға таралуы тілдегі кірме сөздерді көбейтті және сөз тудыру процесінің жандануына әкелді» [1] деген сөздерінен көре аламыз.

Қазақ тілінің сөздік құрамы сан қилылығымен ерекшеленеді. Әлемнің түрлі тілдерінен қазақ тіліне енген көптеген кірме сөздер бар. Қазақ халқының тарихында басқа халықтармен байланыс нәтижесінде қазақ тіліне үнемі шет тілі әсер етіп келеді. Тілімізге кірме сөздердің бірі аударылып енсе; ендігі бірі еш өзгеріссіз сол қалпында енсе; келесілері жартылай кірме элементін сақтап, жартылай төл тілдік бөлшегін қабылдап енді.

Бір бөлшегі төл сөзіміз, екінші кірме сөз немесе шетелдік терминобөлшек болып келетін атауларды ғалым Ш.Құрманбайұлы қазақ тіл білімінде «будан атаулар» [2,767] деп атайды. Қазақ тілінде будан атаулардың пайда болуы мен дамуы қазақ тілі мен қазақ халқының тарихымен байланысты болды. Қазіргі ғылыми әдебиеттегі будандар аз зерттелген тақырып. Э.Хауген лексикалогияда бұл процесті алғашқылардың бірі болып зерттеді [3, 353], оны кірме сөздерге жатқызды. Будан түзілімдер, Э. Хаугеннің айтуы бойынша, ішінара туған, ішінара шетелдік материалдан жасалған сөздер. Ағылшын тілінің тарихы, лексикологиясы және сөзжасам туралы лингвистикалық зерттеулерде будандардың

мысалдары көп, бірақ әлі күнге дейін ағылшын лексикасының осы қабатын жүйелеуге және зерттеуге әрекет жасалмады. Будандарға қатысты еңбектерде «будан» термині екіұштылықпен түсіндіріледі: 1. Будан дегеніміз-екі түрлі тілден шыққан элементтерден тұратын туынды сөздер; ағылшын және романеск сөзжасам элементтерінің көмегімен құрылған сөздер; ағылшын және шет тіліндегі сөзжасамдық элементтерді қамтитын сөздер; этимологиясы бойынша біртекті емес элементтерден тұратын сөздер, яғни әртүрлі топтардың тілдерінен шыққан сөздер. Зерттелген әдебиеттерде будандардың анықтамалары гибридизм құбылысының мәнін толық ашпайды. 2. Будан атауларды әртүрлі этимологияның сөзжасамдық элементтерінен құралған туынды, күрделі немесе күрделі туынды сөз ретінде анықтауға болады, оның ішінде егер бұл элементтер бір топтың тілдерінен, мысалы, роман немесе герман тілдерінен шыққан болса.

Терминологиялық сөздік жасауға арналған әдістемелік нұсқаулықта «Будан (гибрид) термин (гибридный термин, гибридо-термин) – бір бөлігі өзге тілден алмасқан, ал өзге бөлігі қабылдаушы тілге аударылған немесе байырғы сөз болып келетін терминдер» [4] деген анықтама беріледі. Қазіргі заманғы Неміс сөзжасам саласындағы жетекші лингвист Ирмхильд Барц [5, 63] будан түзілім процесінің мәнін қазіргі сөзжасам модельдеріне сәйкес автохтонды және кірме элементтерді біріктіруде деп түсінеді. Ал қазіргі германистикада будан атаулар процесі «эндогендік» (ішкі шығу тегі) және «экзогендік» (сыртқы шығу тегі) терминдері кеңінен таралған (Fremdwortbildung \ Lehnwortbildung) элементтері бар сөзжасам аясында қарастырылады.

Қазақ тілінде кірме терминдерді игерудің бір көзі будан терминдердің пайда болуында.



Қазақ тілінде будан терминдер қатарына бір бөлігі халықаралық терминобөлшек, екінші бөлігі төл тілімізге аударылған терминдер, жар-

тылай аударылған жартылай калька терминдер, ассимиляцияланған кірме терминдер кіреді.

### **1. Жартылай калька терминдер**

Калькалау – терминжасам тәсілінің бірі ретінде, өзге тілден енген терминдерді өз тілімізге икемдеп аудару. Тіл білімінде калькалаудың фразеологиялық калькалау (сөз тіркесін сөзбе-сөз аудару), семантикалық калькалау (сөздің ауыспалы мағынасын алу), сөзжасамдық калькалау (морфеманы аудару), соңғы жылдары синтаксистік калькалау секілді түрлері кездеседі. Ал терминологияда толық және жартылай калькалау болып бөлінеді. Бұл жөнінде Ә. Қайдар «Қазақ тілінде жаңа термин жасаудың ен тиімді тәсілінің бірі – калькалау. Терминологиялық калька екі бөлінеді: мағыналық, құрылымдық – мағыналық» деп калькалау тәсіліне сипаттама береді [13,36]. Ғалым Ш.Құрманбайұлы терминдену, терминжасам, терминалмасым сынды тәсілдерді біріктіретін калькалауға мынандай анықтама береді: «...өзге тілдердің терминдерінің жасалу үлгісі мен мағынасын пайдалана отырып, ұлт тілінде термин жасау болып табылады», –десе, Г.Ц.Пюрбеев те «Калькалау тәсілімен термин жасау – оңай іс емес. Аударма сәтті болуы үшін шет тілі сөзінің семантикасын, морфологиялық құрылымы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек» деп пікір білдірген [2,45].

Кальканы өзге тіл сөздерінің жартылай немесе толық игерілуіне байланысты да жіктейді. Шет тіліндегі сөз үлгісі жартылай көшірілсе *жартылай калька*, яғни сөзді толық аудармай, тек қосымшасын немесе тіркесті сөздің бір лексемасын ғана аударуда көрініс табады. Ал сөздің мағынасы мен мазмұнын ашуға терминнің барлық компоненттері қатысса – *толық калька* болып есептеледі.

Ш.Құрманбайұлы бұдан терминдердің қатарына «жартылай калька (мысалы, теле (tele) + көпір (мость), радио + қондырғы) және бір бөлігі өзге тілден алынған, ал екінші бөлігі төл сөз болып келетін жартылай кірме терминдер жатады. Мұндайда түбір морфема да (мысалы, демократия + лан/дыр/у, реформа + шыл/дық) немесе қосымша морфема да (фото + сурет, ....т.б.) алмасуы мүмкін» [4]. Шет тілдегі сөздерді игеру үшін калька тәсілі қолданылады. Калькалау – өзге тілдің терминдерінің жасалу үлгісі мен мағынасын пайдалана отырып, ұлт тілінде термин жасау болып табылады [2,583]. Өзге тілдегі сөз жартылай көшірілсе жартылай калька болады. Жартылай кальканы бұдан атау деуге негіз бар.

Тағы бір мысалды ғалым Ш.Құрманбайұлы келтіреді ««Видео»-

ны «бейне» деп аударып алғандықтан, «бейне» сөзінің қатысуымен жасалған сөздер саны күрт өсті. ..., бір сыңары кірме сөзден тұратын будан атаулардың құрамында да кездеседі. Мысалы, бейнекамера, бейнеклип, бейнемагнитофон, бейнефильм» [2,765]. Дәл осы «аэро» - «әуе» сөзінің қатысуымен жасалған терминдерде де орын алады. Мысалы: әуебилет, әуевокзал, әуекомпания және т.б.

«Радиопередача» сөзі «радиоберіліс» деп, «радиочастоты» сөзі «радиожиілік» деп аударылып жүр. Мысалы: *Генераторларды радиоберіліс құрылғылары бар барлық радиотехникалық құрылғыларды жасау үшін қолданады [10, 53]. Радиотехникада 10-нан 1013 Гц-ке дейінгі жиілік диапазонында орналасқан электрмагнитті тербелістер пайдаланылады. Мұндай жиіліктегі электрмагнитті тербеліс радиожуілік немесе толқын деп аталады [10, 27].*

Радио+беріліс, радио+жиілік. Радио: Орыс тілінің этимологиялық сөздігінде «Радио - восходит к латинскому *radius* — луч» [11, 333] дейді. Қазақ тілінің кірмесөздерсөздігіндерадиоағыл.*radio*қысқ.*radiotelegraphy* - лат. *radio* - оқимын, сәуле шығарамын + грек. *telegrapho* - қашықтыққа жазамын, анықтамасы – сымсыз байланыстың бір түрі, сигнал таратушы ретінде әуе толқындарын пайдаланады. Радиобайланыстың қасиеті - әуе толқындар арқылы хабарларды аса шалғай жерге сымсыз толқын әдісімен жеткізу [12,413]. Сонымен, радио латын тілінің сөзі, қазақ тіліне ағылшын, орыс тілдері арқылы келген.

## **2. Грек-латын терминбөлшектері сақталған аударма терминдер**

Қазіргі таңда терминбөлшектің әлі де орныққан анықтамасы болмаса да, ғалымдар жалпылама мағынасын беріп жүр. Тіл білімінде сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін, ең кіші мағыналық бірлігі морфема деп қаралса, ал терминбөлшек терминологиялық мағынасы бар ең кіші бірлік ретінде қаралады.

Терминбөлшек – әдетте терминнің құрамында белгілі бір орынды иеленіп, мейілінше тұрақтаған жалпы мағынаны білдіретін, туынды терминдердің үнемі қайталанып отыратын және жаңа терминдер жасауға қабілетті бөлшегі. Орыс тіліндегі «терминоэлемент» термині бізде соңғы уақытқа дейін өте сирек қолданылған, тіпті қолданыс таппаған термин деуге болады. Кейінгі жылдары кейбір ғылыми әдебиеттерде бұл терминді «терминдік элемент» түрінде тікелей аударып қолдану ұшырасып қалады [4].

Д.С.Лотте «Вопросы заимствование и упорядочение иноязычных тер-

минов и терминология» атты еңбегінде будан терминдерді «қоспа кірме сөз» деп атайды да кірме терминдердің төрт типінің бірі деп көрсетеді де мынадай анықтама береді: «Түпнұсқа және аударылған кірме атаулар таза түрінде де, аралас түрінде де болуы мүмкін. Осындай араласудың нәтижесінде өзіндік «будан терминдер» пайда болады. Будан терминдердің пайда болуы шетелдік элементтерді қолдана отырып терминдер құру нәтижесінде де байқалады. Шығу тегі әр түрлі негіздердің бірігуі ғана емес, сонымен қатар шығу тегі әр түрлі **префиксидтар** мен негіздерің бірігуі де бар» [6,14].

Терминбөлшектер арқылы жасалған халықаралық термин сөздердің саны көп және күннен күнге артуда. Тілімізде бір терминбөлшек қатысуымен құралған сөздер бірнеше болуы мүмкін. Терминологиялық терминбөлшектер көмегімен жасалынған кірме сөздердің екінші бөлігі ана тілімізге аударылып жүр. Осындай терминдерді будан атаулар қатарына жатқызамыз.

Шерубай Құрманбайұлы «Біз кейінгі 15-20 жылда жасалған жүздеген жаңа терминдерді жинақтап, саралау барысында байқағанымыз, бұрын орыс тіліндегі қалпында қолданылатын көптеген кірме терминдердің бір сыңары, яғни жартылай аударылған, негізінен латын-грек терминбөлшектері сақталған будан (гибрид) терминдердің көптеп пайда болып жатқандығы. Мысалы, *авиатасымал, автоұшқыш, бейнекамера, бейнефильм, биоотын, геосаясат, дендробақ, киберқылмыскер, киноүлдір, қалтафон, метатіл, микроағза, мотоатқыштар, радиожуилік, субқоржын, ультрадыбысты, фотоайғақ, экожүйе, этносаясат* т.б. терминдер осы қатарға жатады» [2,901] дейді.

Қазақ терминологиясының құрамында кездесетін грек-латын текті сөз асаушы терминологиялық терминдер қатарында радио - кездеседі. Радио: а) *радио/қабылдағыш, радио/хабар, радио/тыңдаушы* т.б. ә) *радио/грамма, радио/графия, радио/компас, радио/метр, радио/телефон, радио/электроника* т.б. Латын тіліндегі мағынасы – «сәулелену».

### **3. Кірме сөздерден ассимиляцияланған терминдер**

Қазақ тілінің аффикстерімен және негіздерімен будандардың пайда болуының бір көзі кірме сөздердің лексикалық ассимиляциясы. Ассимиляция (лат. *assimilare*-салыстыру) лексикологияда кірме сөзді фонетикалық, грамматикалық және морфологиялық стандарттарға және алушы тілдің семантикалық жүйесіне ішінара немесе толық бейімдеу мағынасында қолданылады [7,255].

Кірме сөздердің ассимиляциясы дыбыстық қабықтағы өзгерістерді,

сөздің графикалық және морфологиялық формасын, оның грамматикалық қасиеттерін, семантикасы мен қолданылуын қамтиды. Лексикологияда кірме сөз фонетикалық, графикалық, грамматикалық және лексикалық ассимиляциясын ажырату әдетке айналған. Осының ішінде лексикалық ассимиляция барысында будандар пайда болады.

«Лексикалық ассимиляция» ұғымы ағылшын тіліндегі кірме сөздің семантикалық құрылымының дамуы мен өзгеруін, оның тұрақты тіркестердің құрамына ену қабілетін, оның тілдегі қолданылу дәрежесін және сөздің сөзжасамдық белсенділігін қамтиды. Ағылшын тіліндегі сөзжасамдық, аффиксия және конверсияның өнімді әдістерін қолдана отырып, жаңа сөздерді қалыптастыру қабілеті сөздің лексикалық ассимиляциясының тереңдігінің маңызды көрсеткіші. Э.Ф. Володарскаяның пікірінше, «аффиксация және туынды кезеңдер толық ассимиляция жолындағы жетілдірілген кезеңдер болып табылады» [8,13]. Кірме сөздерді лексикалық ассимиляциялану қазақ тілінде будан құбылысының дамуына әкелді.

Ғалым Б.Момынова келесідей мысал келтіреді: түбірі сақталып енетін, бірақ қазақ тілінің төл аффиксін қабылдаған сөздерге **американдану** (американизация) – сияқты сөздерді жатқызамыз. **Жаһандану** сөзі де осы үлгідегі сөз, бірақ түбірі – араб сөзі [1].

Ағылшын тілінен алынған орыс сөздері де лексикалық ассимиляция процесінен өтті. Сонымен, аффиксия арқылы *narodism, sovietism, sovietic, bolshevism, stakhanovite, Russianize* және т.б. будандар құрылды. Сөзден көптеген туынды сөздер мен сөз тіркестері жасалды *sputnik: sputnik diplomacy, sputnikery, sputnikities, the pre-sputnik era, post-sputnik Russia, sputnir* және т.б. [9, 115].

Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде: *авторлық, агенттік, агитациялық, аграрлы\аграрлық, аксиздік, аллергендік, аллергиялық, аномалдылық, ассиметриялық, астениялық, астрологиялық, атмосфералық, аэрогендік* және т.б. сынды **-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік** жиі қолданылатын сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалған сөздер кездеседі. Мысалға, агенттік сөзін алайық.

Агент+тік. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігінде агент лат. *agens (agentis)* - әрекет етуші, анықтамасы: 1) қандай да бір ұйымның қызметтік немесе іскерлік тапсырмасын орындайтын адам сату жөніндегі агент; 2) барлау немесе іздеу қызметінің қызметкері; 3) біреудің идеясын тарататын немесе біреудің мүддесіне қызмет ететін адам, топ немесе қоғам.

Ал, агенттік лат. *agens (agentis)* — әрекет етуші + каз. -тік зат. есім туд. жұрн., анықтамасы 1) тапсырмаларды орындаумен немесе ақпаратпен қамтамасыз етумен және оны өңдеумен айналысатын кандай да бір ірі ұйымның жергілікті бөлімшесі; 2) белгілі бір мемлекеттік, қоғамдық, әлеуметтік міндетті атқаратын мекеме [12,19].

Қорыта айтқанда, жаппай жаһанданудың салдарынан қазақ тілінің терминдерінің саны күннен күнге артуда. Кірме терминдердің бірі аударылып тілімізге енсе, ендігі бірі сол қалпында қолданылса, келесілері автохтонды және кірме элементтерді бірігуі арқылы жасалып жүр. Біз мақаламызда бір бөлігі кірме екінші бөлігі қазақ тілінің элементі болатын терминдерді қарастырдық. Қазақ тіл білімінде бұл терминдер будан атаулар деп аталады. Будан терминдер кірме терминдердің бір көзіне айналды. Қазақ тілінде будан терминдер қатарына бір бөлігі халықаралық терминобөлшек, екінші бөлігі төл тілімізге аударылған терминдер, жартылай аударылған жартылай калька терминдер, ассимиляцияланған кірме терминдер кіреді. Қазақ тіліндегі будан терминдердің санының артуының лингвистикалық себептері, семантикасы мен құрылымы, олардың жасалу жолдары анықтауды, қолданылу көздері әлі де зерттеулерді қажет етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. <https://qamshy.kz/article/48420-tildegi-gibrid-budan-sozderdinh-dgasaluy-dgane-dganha-emle-eredgelerindegi-dgazy>
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: «Сардар», 2014. - 928+16 жапсырма бет.
3. Хауген Э. Языковой контакт // Новое в лингвистике. Выпуск 6 / Под ред.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминологиялық сөздік жасауға арналған әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2018. – ..... бет.
5. Fleischer W., Barz I. Wortbildung der deutschen Gegenwartssprache. – Tübingen: Niemeyer, 1995
6. Лотте Д.С. Вопросы Заимствования и употребления иноязычных терминов и терминологических элементов. М.: Наука, 1982
7. Арнольд И. В. Лексикология современного английского языка [Текст] / И. В. Арнольд. -М.: Высш. шк., 1986. - 295 с.
8. Володарская, Э. Ф. Заимствование как универсальное лингвистиче-



ское явление [Текст] / Э. Ф. Володарская // Вопросы филологии. - 2001. - №1. - С. 11-27.

9. Володарская Э. Ф. Заимствование как отражение русско-английских контактов [Текст] / Э. Ф. Володарская // Вопросы языкознания. - 2002. - №4.-С.96-117.

10. Журавлева Л. В. Радиоэлектроника негіздері: орта кәсіби білім беру мекемелері студ. арн. оқулық/ Л.В.Журавлева. — 5-ші бас., қайта өңд. және толықт. — М.: «Академия» баспа орталығы, 2015. — 240 б

11. Этимологический словарь русского языка. СПб.: ООО «Полиграф-сервис», 2005. – 432 с.

12. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі /Құрастырғандар: Ш.Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан, Г.Әлімбек, Г.Мамырбекова, Д.Боранбаев. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 596 бет.

13. Қайдар Ә. «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» Алматы «Рауан» 1993 ж.

*Эльмира Кемельбекова*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университеті Қазақ тіл білімі  
кафедрасының докторанты*

## **ҚОЛДАНБАЛЫ ГЕОМЕТРИЯ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ САЛАЛЫҚ СӨЗДІКТЕРДЕ БЕРІЛУІ**

Ғылымның белгілі бір саласын меңгеру үшін алдымен сол салаға тән терминдер жасалады. Термин белгілі ғылым саласының ұғымдар жүйесінен туындайды. Қазақ ғылыми тілі мен терминологиясын дамыту салалық терминдердің ұлттық үлгісін жетілдірудің, жүйелеудің тілтанымдық негіздерін жасау үдерісімен де байланысты іске асырылады.

Отандық ғылымда сонау 1933 жылдан бастау алған бұл мәселе әлі күнге дейін кенжелеп келе жатыр.

Қазақ тіл білімінде терминология саласының ғылыми мәселелері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, С.Талжанов, Ә.Сатыбалдиев, Ә.Қайдаров, С.Исаев, Ш.Сарыбаев, Б.Қалиев, Ө.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған. Қазақ терминологиясы ғылымының тұтас тарихы, терминдік жүйе мен терминжасамның теориялық мәселелері академик Ө.Айтбайұлының ғылыми еңбектерінде жасалған. Ал терминологиялық лексиканы зерттеп, оның теориялық мәнін, мазмұнын анықтауда Б.Қалиевтің («Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары», 1988), Ш.Құрманбайұлының («Қазақ тілі лексикасының терминденуі», 1999) монографиялық зерттеулерін, А.Исанова, С.Әлісжанов, Ш.Біләлов, С.Исақова, Г.Ақшалава, А.Қоңырова, Ж.Молдажаров және т.б. салалық терминологияға қатысты ғылыми еңбектерін атауға болады. Лингвистикалық терминдерді қазақ тіл білімінің метатілі мәселелеріне қатысты тезаурустық сипатта қарастырған Е.Қ.Әбдірәсіловтің, терминдердің танымдық сипатын зерттеу нысаны еткен С.Ақаевтың зерттеулері терминология саласын зерттеудің жаңа деңгейін көрсетеді.

Қазақ ұлттық терминологиясын қалыптастыру мен ғылыми негіздемесін жасауға зор үлес қосқан А.Байтұрсынұлы термин қалыптастырудың мынадай ұстанымдарын ұсынған:

1. Терминдерді ана тілінен және ұлттық танымдық тұрғыда қалыптастыру;
  2. Терминдер оқырманға түсінікті болуы;
  3. Қажет жағдайда шет тіл терминдерін қолдану;
  4. Шетел терминдерін қолдану үстінде барынша анықтамалар арқылы түсіндіру;
  5. Терминжасамда жүйелілік болуы;
  6. Уәжді терминдер жасалуы.
- Сонымен қатар:

а) ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу;

ә) ондай сөздер қазақ тілінде табылмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу;

б) жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгерту;

в) қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгерту тиістігі [6].

Осындай қағидаттар негізінде А.Байтұрсынұлы қазақтың ғылыми тілін қалыптастырды.

Академик Ә.Т.Қайдар ұсынған қағидаттарға назар аударсақ:

**1-қағидат:** Мемлекеттік тілде терминологияның қалыптасуына тікелей мемлекеттің өзі араласуға тиіс.

**2-қағидат:** Термин сөздерді бұқараның құндылығы ретінде қарап, оның тиімді де қажетті жақтарын саналы түрде пайдалану.

**3-қағидат:** Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану.

**4-қағидат:** Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің озық тәжірибелерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану.

**5-қағидат:** Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау.

**6-қағидат:** Орыс тілінен енген термин-атауларды мүмкін болғанынша қазақша аударып қолдану; аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау.

**7-қағидат:** Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің

өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша кеңестік-интернационалдық термин-атаулардың үлгісін қысқартып қолдануды заңдастыру.

**8-қағидат:** Күн санап толассыз туындап жатқан терминдік ұғымдарға тілімізден дәл балама іздеуде де, термин-атауларды жаңадан жасауда да жалпы терминдерге тән талаптарды сақтай отыра, дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау.

**9-қағидат:** Тілімізге қабылданатын терминдер мен атаулардың мағыналық, тұлғалық жағынан жақындарын өзара топтастырып, салыстырып отырып, лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану.

**10-қағидат:** Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин-атаулардың сандық және сапалық арасалмағын табиғи қалыптас сақтаудың жолдарын іздестіру [4].

Бұл қағидаттар қазір де өз маңызын жоймай, ұлттық терминологияны қалыптастыруға септігін тигізіп отыр. Бұл бағытта қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің салалық сөздіктердегі семантикалық құрылымын зерттеудің маңызы зор. Осыған орай қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия ұғымдарын білдіретін терминдік бірліктерді ғылыми тұрғыдан жүйелей отырып, олардың уәждік және семантикалық қырларын сабақтастықта қарастыру қазақ терминологиялық жүйесінің ұлттық болмысын анықтауға қатысты тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Қазіргі кезде қолданбалы геометрия саласының қазақ тіліндегі терминдерін жасауда, түсіндіруде және қолдануда туындап отырған мәселелер айтарлықтай көп. Оған қоса, қолданбалы геометрия саласы бойынша қазақ тілінде жазылған еңбектердің аздығы, әсіресе, осы саладағы терминдер сөздігінің жоқтығы да мәселенің маңыздылығын айқындай түседі.

Қазіргі кезде қолданбалы геометрияға қатысты қазақша термин жасау ісімен тұрақты түрде айналысып жүрген ғалымдар тым аз. Көпшілік жағдайда қазақша термин жасаудан гөрі, бұрынғысынша шетел сөздерін (латын, грек, ағылшын, француз, неміс, орыс, т.б.) ала салу қолайлы көрінеді. Профессор Б.Қалиұлының айтуынша, қазақ тілі терминдерінің 70-80 пайызы жат жұрттық, әсіресе, орыс терминдері болуы – кеңес заманы саясатының әсері. Мұны айтып отырғаны себебі: кез келген тіл, егер оның сөздік құрамының 60-70 пайыздайы өзге тілдерден енген сөздер болса, онда ол өзінің тілдік қасиетінен айырылып, дербес тіл бо-

лудан қалады екен [5]. Егер қазақ тілі терминологиясының 60-70 пайызы таза қазақша терминдер болмаса, оны қазақ тілінің терминологиясы деп айтуға болмайды. Осы тұрғыдан: бұған дейін тек орысша қабылданып келген жат жұрттық терминдердің қазақша аударуға келетіндері болса, оларды аударған жөн деп санайды ғалым. Жалпы геометрия саласында қазақ тіліне шет тілдерден еш өзгеріссіз, сол күйінде қабылданған терминдер көп кездеседі. Мысалы, *аксиома, теория, гиперболо, эллипс, парабола, асимптота* т.б. Ғалымдардың есептеуінше, геометрия саласына қатысты ғылыми еңбектер мен сөздіктерде таза қазақ тіліндегі терминдер тек 20-30 пайызды құрайды. Ал олардың 70-80 пайызы не таза орысша, не орысша-қазақшасы аралас жүрген құрама терминдер. Дегенмен осыған дейін терминологиялық сөздіктерді жасаудың мәселелері практика жүзінде қарастырылмай келді деп айта алмаймыз. Бірақ олардың өзіндік кемшіліктері де болды. Атап айтқанда:

- Қолданбалы геометрия саласындағы терминологиялық сөздіктердің әртүрлі нұсқада шығарылуы. Бұл терминологиялық сөздіктердегі жүйеліліктің сақталмауына, бірізділіктің болмауына итермеледі.

- Терминологиялық сөздіктердің құрылымында қажет тұста керекті шартты белгілер мен сілтемелер берілмеуі;

- Терминологиялық сөздіктердің мазмұны мен құрылымының оның басты мақсаты мен қызметіне сәйкес келе бермеуі. Мысалы, көптеген аударма сөздіктерде терминдер дұрыс аударылмай жатады, кірме терминдер сол қалпында қазақ тілінде беріле салады. Мұндай кемшіліктер аударма терминологиялық сөздіктің негізгі қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді;

- Терминдерді сұрыптау, оларға анықтама беруде бірізді үлгі мен принциптердің сақталмауы. Кейбір сөздіктерде бірнеше термин бір нұсқада аударылып беріледі немесе бір терминнің әртүрлі аудармасы кездеседі. Бір ғана терминнің бірнеше аударма нұсқасының болуы, олардың әртүрлі сөздікте әртүрлі аударылып берілуі терминологиядағы синонимділікті, терминдердің қолданысындағы жарыспалылықты тудырады.

- Қолданбалы геометрия терминдерінің қазақ тіліндегі терминологиялық сөздіктерінде жасалу жолдары, морфологиялық құрылымын беру тәсілдерінің қалыптаспауы [3].

Мұндай кемшіліктердің орын алуының екі себебін бөліп көрсетуге болады. Біріншісі – сөздік бетінде баспа жұмысында жіберілген грам-

матикалық және техникалық қателіктерге байланысты болған кемшіліктер. Екіншісі – сөздіктердегі терминдерді қазақшалау кезінде, яғни оларды ұлт тілі негізінде жасауда жіберілген кемшіліктер.

Алдымен сөздіктерде жіберілген техникалық, грамматикалық қателіктер салдарынан орын алған түсініспеушілікке тоқталып өтсек, аталған сөздіктерде техникалық қателіктерге байланысты кері түсінік қалыптастыратын прямые-тузулер (түзулер); уклон литейный -құйма еңісі (құйма еңіс), ширина-ен (ені), шейка - мойынақ (мойын) секілді терминдер кездеседі. Бұл кемшіліктер аударма мәселесіне кері әсерін тигізетін болғандықтан, қолданбалы геометрия саласындағы терминдерді ұлт тілінде жасаудың проблемаларын қарастыруды жөн санадық.

Екіншісі – терминдерді қазақ тілінде жасау кезінде жіберілген кемшіліктерді шартты түрде былай жіктеуге болады:

1. Бір терминнің екі сөздікте екі түрлі берілуі;

2. Бір-бірімен тығыз байланысты ұғым атауларын терминологиядағы жүйелілікті сақтамай аудару:

- жеке термин ретіндегі аудармасы бір басқа, ал күрделі термин құрамындағы аудармасы бір басқа терминдер;

- бірде аударылып, бірде аударылмай берілген терминдер;

3. Жұрнақтардың дұрыс аударылмауы, мұның өзін екіге бөліп қарастыруға болады:

- орыс тіліндегі әр түрлі жұрнақтардың қазақ тілінде бір ғана жұрнақпен берілуі;

- керісінше, орыс тіліндегі бір жұрнақтың қазақ тілінде әр түрлі нұсқада берілуі;

4. Аудармасы күмән туғызатын терминдер;

5. Сөздіктерде аталым ретінде берілмеген терминдер;

6. Аударуды қажет етпейтін терминдерді қазақшалаудан туған қателіктер.

Осы кемшіліктерді жеке-жеке мысалдар арқылы дәлелдеп көрейік.

1. Екі сөздіктегі нұсқасы да қазақ тілінің сөздері, яғни терминді аудару барысында екі сөздікте синонимдес сөздер қолданылған. Мәселен, **проекция** - проекция, кескін, кескіндеу, бейнелену; **центральный** – центрлік, орталық, тоғысу; **параллель** – параллель, қосарланған сызық, қоссызба; **перпендикуляр** – перпендикуляр, тікше, тік орналасқан, **план** – план, нұсқа, сызба, жоба; **фронтальная проекция** – фронтальдық проекция, қасбеттік проекция, қасбеттік кескін; **горизонтальная проек-**

**ция** – горизонтальдық проекция, көлбеу проекция, көлбеу кескін, көлбеу бейне; **профильная проекция** – профиль проекциясы, қаптал проекциясы, қаптал кескіні, қаптал бейнесі; **линия горизонта** – горизонт сызығы, көкжиек сызығы, деңгей сызығы; **четверть** – төрттік, ширек, төрттік бөлім, төртке бөлу; **октант** – октант, сегіздік, сегізге бөлу; **луч проецирующий** – проекциялаушы сәуле, кескіндеуші сәуле;

2. Бір сөздікте аударылып берілген термин екінші сөздікте шет тілдік нұсқасында қабылданған. Мысалы, **шегі, габарит (габарит); делегей, диск (диск); нұсқа, пішін, контур (контур); пішім, формат (формат); тұрық, корпус (корпус); нобай, эскиз (эскиз); кескін, проекция (проекция); орталық, орта, центр (центр); қасбет, фасад (фасад); қалып, пішін, түр, форма (форма); айналу беті, түзу сызықтық бет, торс (торс);**

3. Жалпы ортақ бір термин ғылым салаларында әртүрлі мағынада береді. Бұл қатарға бірде өзек, бірде сырық деп аударылып жүрген **стержень** және **сәулеттік сызу**, бірде **сурет**, бірде **перспективалық даму** деп аударылып жүрген **перспектива** терминдерін жатқызуға болады.

Жоғарыда сөз еткен еңбек авторларының терминдерді аударуда варианттылыққа жол беруі терминдердің көпшілікпен қабылдануына да, сала мамандарын даярлау ісіне де кері әсерін тигізері анық.

Қолданбалы геометрия саласында жеке термин ретіндегі аудармасы бір басқа, ал күрделі термин құрамындағы аудармасы бір басқа терминдер де жиі кездеседі. Атап айтсақ, осы саладағы түсіндірмелі сөздікте жеке термин ретінде «точка зрения» деген сөзді «қарау нүктесі» деп аударған, ал дұрыс нұсқасы «**көру нүктесі**» болады; «**фронтальная проекция**» деген сөз «**фронтальді проекция**» деп аударылған, дұрыс нұсқасы «**алдынан қараған көрініс**»; «**плоскость горизонтальная**» деген сөздің аудармасы «**горизонталь жазықтық**» делінсе, дұрыс нұсқасы «**көлбеу кескіндеу жазықтығындағы кескін**» болады; ал «**плоскость профильная**» деген сөздің аудармасы «**профиль жазықтық**» болады, ал дұрыс нұсқасы «**қаптал кескіндеу жазықтығындағы кескіні**».

Бірде аударылып, бірде аударылмай берілетін терминдер немесе бір сөздіктің ішінде, бір оқу құралында қазақша және шет тілдік нұсқасы бірдей жүретін сөздер де термин қорымызда жиі кездеседі. Оларға мысал ретінде қолданбалы геометрияға қатысты сөздіктерде берілген сөздер **проекция** – кескін, бейне, (проекция); **центр** – орта, орталық, ортасы (центр); **перспектива** – көрнек кескін, сурет, сәулетті кескін, сәулеттік бейне (перспектива); **перпендикуляр** – тікше, тікше орналасқан (перпен-

дикуляр); **план** – жоба, көрініс, сызба, нұсқа (план); **позиция** – тұрғылық, тұрақ, (позиция); **форма** – пішін, түр, қалып, (форма); **фигура** – кескінді, сурет, (фигура).

Орыс тіліндегі әр түрлі жұрнақтардың қазақ тілінде бір ғана жұрнақпен берілуі бұған дейін де алынған болатын. Терминтанушы Ш.Құрманбайұлы «Ұлт тіліндегі термин шығармашылығының жандана бастауына байланысты бұрын бірен-саран терминдерді жасауға ғана қатысып, аса өнімділік таныта қоймаған жұрнақтарды пайдалану арқылы жаңа терминдерді жасау үрдісі де байқалады» деп, оған А.Байтұрсынұлы ізімен жасалған, зерттеу нысаны болып отырған саланың **қосындылауыш** – сумматор, **шоғырлауыш** – концентратор, **шектеуіш** – ограничитель, **модульдеуіш** – модулятор, **құрылмалауыш** – конструктор, **жоспарлауыш** – планировщик, **сипаттауыш** – описатель, **вычислительный** – есептеуіш, т.б. терминдерін келтіреді. Орыс тіліндегі -атор, -ятор, -тор, -щик, -чик, -тель, -ный суффикстерінің қазақ тіліне бір ғана -уыш, -уіш жұрнағымен аударылғандығын алға тартып, бұлардың ішінде сәтті жасалған деп тек -атор, -ятор, -тор суффиксіне сәйкес келеді. Бұл кемшіліктің себебіне термин жасаушы сала мамандарының терминжасамның лингвистикалық қырына және терминтанудың жүйелілік сияқты маңызды талаптары мен қосымшалардың ерекшелігіне, грамматикалық мағынасына жете мән бермегендігін жатқызады [6]. Бұл жерде -щик, -чик, -тель суффикстерін қалыптасқан тәртіп бойынша -шы, -ші жұрнағымен аудару керек деп есептейміз.

Орыс тіліндегі бір жұрнақтың қазақ тілінде әр түрлі нұсқада берілуін тіркесті терминдерді қарастыру барысында аңғаруға болады. Салалық сөздіктердегі тіркесті терминдер құрамында бір анықтауыштық қызмет атқаратын сыңардың түрлі нұсқада жазылуы орын алып отыр. Мысалы, *проекционный чертёж, проекционная плоскость, проекционная геометрия, проекционное черчение* тіркестері қазақ тіліне *сызу проекция, жазық проекция, геометриялық проекция, сызба проекция* деп аударылған. Ал *пропорциональное деление, пропорциональная величина, пропорциональная длина* тіркестері *пропорционалдық бөлу, пропорционалдық шама, пропорционалдық ұзындық* деген нұсқада берілген. Сондай-ақ, *виртуаль құрылғы, виртуаль нақтылық, виртуальдық мәліметтер базасы; стандартты бағдарлама, стандарттық режим* сияқты тіркесті терминдер де кездеседі. Бұл терминдердің құрамындағы алғашқы сыңарларының



барлығы орыс тілінің -ный, -ная, -ное жұрнағы арқылы жасалған. Термин жасаудағы бірізділік, жүйелілік қағидаларын ұстанып, аталған терминдерді де бірізге келтіру қажет деп ойлаймыз.

Аудармасы күмән туғызатын терминдер қатарына сөздіктермен жұмыс барысында анықталған, жоғарыда аталып өткен терминдерді жатқызуға болады. Бір терминнің әр сөздіктегі түрлі нұсқасы сала мамандарын, көпшілік қауымды шатастырады. Кез келген аудармашы қандай да бір мәтінді аудару кезінде бірінші кезекте терминдердің сөздікте бар нұсқасына жүгінеді. Ал егер әр сөздікте бір термин түрлі нұсқада, не қосымшасының мағыналық қасиеті ескерілмей берілген болса, ол әрине, аудармашының жұмысына да кері әсерін тигізбек. Сонымен бірге аталған сөздіктерде *простое число - жай сан сөзі simple number және prime number (дұрыс нұсқасы) нұсқаларында берілген. геометрическое многообразие - геометриялық әртүрлік* деген сөздің орнына *геометриялық көптүрлік* деп береді, ал ағылшын тіліне аударғанда *geometric manifold* орнына *geometric variety* деп аудару қажет, ал *собственный вектор* деген терминді қазақ тіліне *меншікті вектор*, ағылшын тіліне *proper vector* деп аудару дұрыс емес. Аталған терминнің қазақ тіліндегі дұрыс аудармасы – *өзіндік вектор*, ал ағылшын тіліндегі – *eigenvector*.

Терминдердің аудармаларындағы жіберілген қателіктер әр елдің терминдердің қолданудың әртүрлі дәстүрлерімен байланысты болады. Мысалы, *геометрия Лобачевского* - қазақша *Лобачевский геометриясы* деп аударылады, ал ағылшын тіліне *Lobachevsky geometry* деп аудару қате, дұрыс нұсқасы – *hyperbolic geometry. Lobachevsky geometry* термин батыстың математикалық әдебиеттерінде қолданылмайды. Терминді қабылдар кезде және сәттірек аудару үшін жалпы мағынасын түсіну керек.

Сонымен қатар салалық сөздікте «*шероховатость*» терминін «*кедір - бұдыр*» деп қазақшалаған. Қазақ тіліндегі баламаның ғылыми стилге толық жауап бермейтінін алға тартып, бұл терминді де аудармасы күмәнді терминдер қатарына жатқызамыз. *Кедір-бұдыр* қос сөзінің ауызекі стилге жақындығын ескеріп, аталған терминнің баламасы ретінде «*кедір*» сөзінің өзін алуға болады деп санаймыз.

Негізінен, қолданбалы геометрия саласында ғылыми стилге тән емес стилде жасалған терминдер, бірен-саран болса да, кездеседі. Тағы бір мысал осы салаға қатысты сөздікте *точка зрения* тіркесі – *қарау нүктесі* деп алынған. Бұл терминді ғылыми стильде “*көру нүктесі*” деп алса, дұрыс болатын шығар.

Сөздіктерді талдау барысында кейбір геометриялық терминдердің аталым ретінде мүлдем берілмегенін анықтадық. Бұның өзі осы салаға қатысты мәтінді аударушыға қиындық тудырары мәлім. Біз талдаған салалық сөздіктерден қолданбалы геометрия саласына жататын «габарит», «винт», «макет», «ось» сияқты терминдер кездеспеді. Ал техникалық термин ретінде «заттың немесе сызбаның өлшемдері: ендік, ұзындық, биіктік» (габарит), «бұралмалы кеңістік қисық сызығынан құралған бет» (винт), «зат немесе нәрсенің үшөлшемді кеңістіктегі қолдан жасалған нұсқасы» (макет), «шеңбер мен айналу беттерінің ортасын көрсететін және координата жүйесін анықтайтын сызықтар» (ось), мағынасындағы аталымдардың қолданбалы геометрия үшін маңызы айтпаса да түсінікті. Алайда олардың не қазақша баламасының, не шет тілінен өзгеріссіз қабылданған түрінің осы ғылымға қатысты негізгі сөздіктерде берілмеуі ғылыми мәтінді аудару жұмысына кедергі келтірері анық.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерге қарап, қолданбалы геометрия саласында қазақ тілінде жасалған терминдердің барлығын іске жарамсыз деп қабылдауға болмайды. Бұндай кемшіліктердің орнын міндетті түрде толтыру керек деген пікірдеміз.

Жаңадан сөз түзу, термин жасау барысында терминжасамның барлық тәсілдерінің бірдей өнімді болмайтындығы белгілі. Сонымен бірге бұрыннан қалыптасқан ұғымдар мен атаулардың жасалу жолдарынан, әдіс-тәсілдерінен үлгі алып, терминді мейлінше табиғи түрде қалыптастыруға назар аудару керек. А.Байтұрсынұлы мен Ә.Қайдардың ұсынған қағидаттардың бірі – термин шығармашылығында туысқан түркі тілдестерінің озық тәжірибелерін пайдалану. Бұл жөнінде Ш.Құрманбайұлының: «Түркі тілдері арасындағы терминдерді біріздендіруге өзара терминалмасым үдерісін жолға қою арқылы ортақ терминдер қорын молайта берудің маңыздылығын көрсететін негіз жеткілікті», - деген тұжырымы орынды деп санаймыз [6]. Түркі тілдес және басқа тілдердегі терминологиялық сөздіктердің құрылымына сүйене отырып, қазақ тілінің өзіндік терминологиялық сөздіктер жасау тәжірибесін байытып, тәжірибелік тұрғыдан дамуын айтуымыз қажет.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қолданбалы геометрия саласына қатысты сапалы сөздіктер жасау қажеттілігі туындайды. Мұндай сөздіктер тек ғалымдар мен мамандар және осы ғылымды терең игеру үшін ғана емес, сонымен қатар осы бағыттың білім алушылары үшін де

аса қажет. Білім алушы белгілі бір тілді, пәнді жақсы білсін, меңгерсін десек, бірінші кезекте сол тілге, пәнге тән терминдердің тақырыптық, түсіндірмелі және оқулық сөздігін жасауымыз керек. Мақала тақырыбына өзек болып отырған қолданбалы геометрия саласы терминдерінің қазақ тіліндегі тақырыптық, түсіндірмелі және оқулық сөздігін жасаудың өзектілігі осы қажеттілікпен де түсіндіріледі.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Есмуханов Ж. Сызба геометрия және техникалық атаулардың орысша-қазақша сөздігі. – Алматы, 1999. -387 б.
  2. Жаңабаев Ж. Инженерлік графика (Сызба геометрия, машина жасау сызуы). - Алматы, 2012. – 507 б.
  3. Исакова С.С. Қолданбалы терминология. – Ақтөбе, 2015. – 175 б.
  4. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. – 137 б.
  5. Қалиев Б. Қазақ терминтанымының өзекті мәселелері. - Алматы, 2008. -20 б.
  6. Құрманбайұлы Ш. Салалық терминологияны қалыптастыруда орын алып жүрген кемшіліктер // Салалық терминология: бүгінгі мен болашағы. Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. –Астана, 2003. –140 б.
- Құдайбергенов Р. Техникалық көптілдік сөздік. -Астана, 2008.-800б.

*Серік Ерғали,  
Қоғам қайраткері, тілтанушы*

## ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ ДАМУ ТЕТІГІ

Тіліміздің дамуындағы өзекті мәселені термин жайы алып отыр. Терминді қазақшалау лексикалық қорды байыту ғана емес, ең әуелі тілдің ғылыми саласын дамыту көрінісі болып табылады. Сол себепті, тілдің қаншалықты лексикалық қоры бай болса да, оның терминдік жұтаңдыққа тап болуы заңды да. Терминологияны дамытуға сөздерді «құлағынан тізіп терминге айналдырудың» қатысы жоқ, ол ең әуелі сәйкес ғылыми саланың дамуына тәуелді жайт.

Басқаша айтқанда, терминология – белгілі бір ғылыми ойлау жүйесінің даму нәтижесі. Егер де ғылыми салалар қазақтілді ғалымдармен қамтылмаса, ал олардың жұмысы өз тіліндегі ғылымды дамытуды қамтымаса, сол саладағы терминология да тоқырайды. Сондықтан терминология саласын біржақты Республикалық терминология комиссиясымен шешу мәселені жартылай және жасанды жолмен ғана қарастыру болмақ. Сайып келгенде, қазақтілді терминология қазақтілді сәйкес ғылыми салалардың дамуына бірден бір тәуелді объект, сол салаға сәйкес қазақтілді ғылыми орта нығаймай, оның тілін ортасыз дамыту жасандылыққа душар етіп, одан ештеңе шықпайтынына назар аударатын уақыт келді. Біздің қазіргі терминологияның жайы да осымен шамалас ахуалды бастан кешіп отырғаны жасырын емес. Терминология саласындағы мәселелер шешілуден гөрі кейбір күрмеулі сипатқа ие болып отырғаны да сондықтан. Бұл – бір мәселеден өзге мәселенің туындап отырғанының айғағы. Енді туынды мәселелерді санамалап көрейік.

**Бірінші.** Қоғамдық ортаның талқылауында термин мен жаңа ұғымдар, сөз тіркестері мен лексикалық бірліктердің әуесқойлық форматта қаралуында. Терминнің өзі – ең әуелі ғылыми тілдік нысан. Ендеше, оны қарастыратын да, қолданатын да, тіпті дамытатын да ғылыми субъект болуы керекеді. Бұл мәселені шешуден біздің ғылым субъектілері аласталған секілді енжар немесе олардың дауысы ескерілмейді және оларға қазақтілді терминологияны дамыту міндеті толық жүктелмеген болмаса, ғылыми лингвистикалық бастаманы алға бастыратын тетік жоқтықтан осындай халды кешіп отырмыз. Ғылыми кеңестердің тер-

минмен айналысу мүмкіндігі мен әлеуеті қарастырылмаған. Содан келіп, бұл күрделі мәселе ғалымдар мен сарапшылардың емес, қарапайым тіл жанашырларының, отаншылдардың объектісіне айналған.

Өз кезегінде әлгі термин тудырушы «жанашыр топ» қазақтілді термин мен неологизмді қоздатып, терминологияны ұшқары көріністерге ұрындыруда. Сала мамандарының міндетіне қол сұққан әуесқой лингвистер мен тіл жанашырлары аталмыш салалық терминологияға пайдасынан гөрі, қолданымы жарамсыз жасанды «неологизмдерді» балалатып, залалын келтіруде. Ал, бұл жайт аталмыш сала бойынша білім негіздерін қазақ тілінде оқып сіңіруді ауырлатып, білім тұтынушы жастарды қазақтілді білім көздерінен шошытумен бірге қашыруда. Олар амалсыз түрде орыстілді білім көздеріне жүгініп, нәтижесінде қазақ тіліндегі тұрмыстық деңгейді меңгерген орыстілді маманға айналуға.

Терминологиясы әрі-сәрі ЖОО-лар білім беретін қазақтілді бөлімдер мемлекеттік тілдегі оқулықтармен, керек-жарақпен қамтылмастан, қазақтілді студенттердің, аспиранттардың орыс тілінде оқуы дағды мен нормаға айналып, ақырында қазақтілді ғылым тілі тоқырауды бастан кешуде.

**Екінші.** Қазақтілді терминологияны дамыту мәселелері тілдік сұраныстан гөрі, тілдік кембағалдықтан (неполноценность) туындап жатқандай сыңайы бар. Мәселен, терминнің қазақшалануы ғылыми ортаның сұранысынан емес, ең әуелі отаншылдық тұрғыдан тіл жанашырларының араласуынан жаппай **қазақша терминдету** қозғалысын туындатып жіберді. Бұл сырттай қарағанда, қазақ тілінің лексикалық қорын байытушы, тілді тазартушы сипаттағы үдеріс болып көрінгенмен, терминология мәселесін қарастыру ғылыми үдерістен тыс, маманданған негізде емес, қоғамдық сипатты болғандықтан, керісінше, тілдің лексикалық қорын әлдебір **лингвистикалық вирус-пен** былғайтын, тілдік жүйені ыдырататын және тіл тұтынушыларын жирендіретін ахуалға әкеліп соғуда.

Уәжіміз жалаң болмасын, мысал келтірейік. Тілге соңғы жылдары зорлап-зомбылап кіріктірген **программа, лидер, рыйнок** («рынок» деп орысша жазып жүргенімізді мойындайық) сөздерінің баламасы болып жүрген **бағдарлама, көшбасшы, нарық** неологемдері арқылы қазақ тілі байыды ма, лингвистикалық жүйесі нығайды ма, сөзжасам қабылеті арты ма?! «Иә» деуге асықпайық! «Ориентир» ұғымын беріп келген «бағдар» сөзі арқылы қазақ тілі «ориентировка» ұғымын беретін «бағдарламадан»

қағылып қана қойған жоқ, осындай қатардағы сөздердің қазақша баламасын тудыру үдерісі тұйыққа тірелді. Бұған дейін «аялда» етістігінен «аялдама» зат есімін тудыру қалыптасқан үдеріс болса, енді кемінде 6-7 салалық мағынасы бар «программа» сөзін бір ғана дәйексіз сөзбен баламалау тәжірибесі пайда болды. «Бағдарлама» сөзі белгілі бір бағытты жалпылама дәрекі түрде бетке алу мүмкіндігі болса, «программа» ұғымы нақты тәсілдер мен мүмкіндіктер қарастырылған қойылған мақсатқа, межеге нақты жету жолы болып табылады. Нәтижесінде қазақ лексикасын «тонайтын» шала терминге тап болып отырмыз. Бұған қоса, тіліміздегі белгілі бір объект (әскер, ел, жол) бойынша басшылықты білдіретін **қолбасшы, елбасшы, жолбасшы** сөздерінің жасамдары енді белгілі бір топтың, лектің **ұшы, басы** дегенді білдіретін «лидер» сөзіне **«көшбасшы»** деген жадағай да жасанды сөзді балалату арқылы тәрк етілді; «лидердің» ешқандай басшылыққа қатысы жоқтығы ескерілмеді, сөйтіп, тілдің морфологиялық әлеуетіне нұқсан келтірілді. «Лидер» қазақшаланғанмен, қазақ тілінің сөзжасам қасиетінің кейбір мүмкіндіктеріне нұқсан келді. Осылайша, аталған жаңа сөздер арқылы «қазақ тілі нығайды ма?» деген сауалға берілетін жауап жоқ тұйыққа тіреліп отыр.

Енді бір мысалға назар аударайық. Бірнеше ғасырлық тарихы бар «рыночная цена» ұғымын беріп келген **нарық** сөзі зорлықпен «рынок» ұғымының баламасы болып таңылды. «Сауда орны» ұғымымен бірге «тауар айналымының алаңы» деген ұғымды бере алатын «рынокқа» одан да **«базар»** сөзі лайық емес пе еді?! Сөйтіп, «нарық-рынок» баламасы арқылы тілдің талай ғасырлық қалыптасқан **лексикалық мазмұнын тәркілеу** жүзеге аса бастады.

Жалған терминшілердің жан-жақтан қаптауына байланысты да, назар аударарлық құбылыстар болып жатыр: «доступ» сөзінің баламасын «қол жетім» деп алған журналистер, доступно – қол жетімді, не доступно – қол жетімсіз етіп қоя берді, оны ресми лексикография алды да бекітіп таратып жіберді. Осылайша лексикалық бұрмалау мен сөз мағынасын тәрк ету көз бе көз іске асып жатыр: қол қашан жетім болып еді? Қазақта бұрыннан бар **қолжетер, қолжетпес** деген дайын нұсқа көзге де, көңілге де ілікпеді. Осындай жолмен **недвижимость – жылжымас** (недвижимое имущество – жылжымас мүлік), **движимость – жылжымақ** (движимое имущество – жылжымақ мүлік) деген қолданыстан қағыс қалған формаларды да дамытуға мүмкіндік болар еді. Бұндағы жылжымас, жылжымақ сөздері әрі зат есім, әрі анықтауыш сын есімнің рөлін атқара береді. Қазақ

лексикасының бұндай қасиеттері теориялық жағынан нақтыланғаны дұрыс болар еді.

Сондай-ақ «интернет» сөзін «ғаламтор» деп ауызға келгенді әрі айтуға қолайлы жасанды сөздер тізбегін қолданып та лексикалық қорымызды быт-шыт етудеміз. «Ғалам» сөзі қашан жербетілік, әлем, халықаралық ұғымын беріп еді? Тілімізде орныққан бұл сөздің мағынасы «әлем» сөзінің басқаша айтылуы болса да, жерден тыс дүниені білдіруге орныққан лексема болатын. «Әлем» тұрғанда ендеше «ғаламды» несіне мазаладық? Советтік лексикология біршама дұрыс бағыт алып осындай бір сөздің түрлі әлпетіне түрлі мағына беріп, біршама жүйелеп еді, оны қайтадан шашып алдық: үкімет – правительство, өкімет – билік/власть... еді. Ал енді «нет» деген ағылшындық желі ұғымын неліктен «торға» салдық? Өйткені, әлгі жолдан қосылған «терминшілер» мен «лексикологтарға» тәйт дейтін біреу табылмады! Өзінен өзі сұранып тұрған «әлемжелі» тұрған жоқ па? Бұған енді туындаған «социальный сеть»/соцсеть тіркесін **әлеуметтік желі/әлеужелі** десек, қандай ыңғайлы әрі әсерлі еді?!

Ондап саналатын бұл нәтижелер тілімізге ене бастаған әлемдік неологемдерден өш алып жүрген Дон Кихотты елестетеді. Мұндай көріністердің астарында шын мәнінде, біздің тіліміздің ішкі қуатын күшейтумен айналысудан гөрі, терминологиялық әуесқойлық дағды орын алған, халықаралық ұғымдар мен терминдерді түсінбеуден туатын құрметтемеу және қабылдай алмау кембағалдығы мен қазақ лексикасын дамыту жолындағы шыдамсыздық жатыр.

**Үшінші.** Терминологиямен айналысатын тиянақты ғылыми-мемлекеттік құрылым жоқ. Қазіргі ғылыми сипаттан алшақ үдерісті қолданып, қазақша термин тізімдерін бекітумен айналысатын **Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясы** ғылыми алқаға да, мемлекеттік құрылымға да, тіпті, термин мәселесіне тиянақты араласатын қоғамдық ортаға да жатқыза алмаймыз. Бір қызығы сол – Республикалық терминология комиссиясы бекіткен терминдердің міндетті қолданымдық құзыры жоқ. Себебі, жылына анда-санда жиналып, қолға түскен термин жобасын талқылайтын бұл құрылым форматы жағынан қоғамдық алқаға жатады.

Сонымен, қазақ терминологиясын дамыту үшін не істеу керек? Біздің пайымымызша, ол үшін төмендегідей ұстанымдар ескерілгені жөн:

- термин – ғылыми объект, бірақ жалпыға ортақ тұтыным сипаты бар лексикалық бірлік;

- термин дамыту мәселесі - мемлекеттің араласу міндеті болып табылатын мемлекеттік тілді дамыту саласы, бірақ термин қалыптастыру – тілді қолдану үдерісіндегі қоғамның ортақ міндеті.

Аталмыш ұстанымдарды ескерсек, терминологияны дамыту құрылымы төмендегіше түрде өзінен өзі туындайды.

Біріншіден, қазақ терминологиясын дамыту тұжырымдамасы мен сәйкес нормативтік акт қажет.

Екіншіден, белгілі бір ғылыми кеңес, технологиялық ұжым немесе мемлекеттік мекеме мүдделі бола тұрып, нақты терминді қазақшалауға немесе неологемдік сұраныс жасайтындай алгоритм орнығуы керек.

Үшіншіден, белгілі бір терминді қазақшалауға немесе неологемдік ұсыныс жасауға сәйкес түрде салалық ғылыми кеңес, технологиялық ұжым немесе мемлекеттік мекеменің, тіпті, жекедара сарапшының қақы болуы тиіс.

Төртіншіден, мемлекеттік тараптан терминологияны дамытуға бағытталған, жаңа терминдер мен неологемдерді зерделейтін ғылыми терминологиялық зертхана (Тіл білімі институты жанында) болғаны жөн.

Бесіншіден, сұранысқа сәйкес түскен ұсыныстардың талқыламасы жариялық сипатта жүруі керек, жасалған [termincom.kz](http://termincom.kz) сайты жеткілікті, бірақ аталмыш міндетті алып жүруге әлі де шамасы мен әлі лайық емес.

Алтыншыдан, Терминологиялық зертхана мен ғылыми кеңестердің талқысынан өтіп, сұрыпталған ақырғы терминдік бірліктер сәйкес министрлік (Білім және ғылым) құзырымен сынақтық мерзімге қолданысқа ұсынылғаны жөн және оны әлгі зертхана жүргізіп мониторинг жасауы қажет те соңғы қорытындыны сол айтуы керек.

Жетіншіден, сынақтық мерзімнен өткен терминдер **Республикалық терминология комиссиясы** қаулысымен бекуі тиіс.

Осылайша құрылған терминологиялық ғылыми-мемлекеттік-көпшілік құрылым жалпы тіл тұтынушылары мойындайтын және баянды да дәйекті термин саласын дамытып қана қоймай, бұл саладағы ұшқарылық пен тоқырауды жояды деген ойымыз бар.



**Бақытгүл Ысқақ,**  
Ш. Шаяхметов атындағы  
«Тіл-қазына» ұлттық  
ғылыми-практикалық орталығы  
Терминология және ономастика  
басқармасының басшысы, ф.ғ.к.

## ЖАҢА ӘЛІПБИДЕ ШЕТТІЛДІК ТЕРМИНДЕРДІ ИГЕРУ ЖАЙЫ



Басқа тілдер, мысалы, француз, ағылшын немесе орыс тілі сырттан сөз қабылдағанда, шеттілдік сөздер осы тілдердің фонетикалық, грамматикалық заңдылықтарына бағындырылып енгізіледі. Ал біз шеттілдік сөздерді түпнұсқадан емес, орыс тілі арқылы қабылдаймыз да, енді оларды қазақ тілінің табиғатына орай таңбаласақ немесе айтсақ, құлағымызға оғаш естіледі. Себебі, кирилл әліпбиі бойынша жазылған емле ережесінде тіліміздің заңдылықтары толық сақталмағандықтан, орфографиялық ережемен сөйлеу санаға әбден сіңіп кеткенін баршамыз білеміз. Кейінгі ұрпақ үшін бұл қалыпты жағдай болғанмен, қазақ сөзінің дыбыстық ерекшелігін білетіндер үшін орфографиялық ереже негізінде

сөйлеудің құлаққа түрпідей тиетіні сөзсіз. Сондықтан да жаңа әліпбиге ауысудағы мақсаттың бірі – тіліміздің төл табиғатын қалпына келтіру.

Қазіргі ұсынылып отырған латын графикалы әліпбиден орыс тілінің 7 әрпі, 2 айырым белгісі (**ч, щ, ю, я, е ц, э, ъ, ь**) алынып қалды. Соған сәйкес емле ережелері қабылданған соң көптеген кірме сөздерді, терминдерді тіліміздің ерекшелігіне сәйкес икемдеп айтатын және жазатын боламыз, бұл тың жаңалық та емес. Дегенмен де ақут жобалы әліпбидің емле ережелерімен оқыту курстарын өткізгенде, кірме сөздердің игеріліп жазылуына байланысты қарама-қайшы пікірлер көптеп айтылып, пікірталасқа ұласқан сәттер де болды. Түрлі әлеуметтік топтардың көзқарасына, әр өңірдің менталитетіне байланысты жаңа жазудағы ерекшеліктерді қабылдау деңгейі бірдей болмады. Әрине, бұл қалыпты жағдай. Жаңалықты бірден қабылдау оңай емес екені де рас. Көз шалымы, қол дағдысынан басқа шеттілдік сөздердің айтылуындағы өзгерістерді қабылдау, әсіресе, кейінгі буын үшін оңайға түспейтіні анық. Ашық қарсы пікір айтушылардың бір тобы шеттілдік терминдерді еш өзгеріссіз қалдыруды ұсынады. Олардың айтуынша, біздің тіліміздің артикуляциясы шеттілдік сөздерді түпнұсқа тілінде айтуға әбден бейімделіп, жетілген, оны қайта қазақшаға икемдеп айтып, жазудың қажеттігі жоқ. Ал басқа пікірді қолдаушылар қазақ тілінің төл табиғатын барынша сақтау мақсатында жаңа әліпбиді енгізетін болғандықтан, шеттілік кірме термин сөздерді барынша өз тілімізге икемдеп, тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне сәйкес айтып, жазбасақ болмайды. Өйткені, барлық шеттілдік терминдерге балама таба алмаймыз, қазіргі жаңа технология тасқынымен келіп жатқан жаңа терминдер көбейген сайын тіліміздің сол тасқынға жұтылып кету қаупі де күшейе бермек. Осындай екіұдай пікірдің ортасынан қандай ортақ шешім қабылдау керек?!

Ақут диакритикалық белгісімен бекітілген әліпби нұсқасын сынамадан өткізгенде, емле ережелерінде барынша тіліміздің заңдылықтарын сақтауға қадам жасалды, яғни, бұрынғы орыс тіліндегі сөздерге тән дыбыстардың орнына қазақ тіліне тән дыбыстар мен әріптерді қолдану ұсынылды. Мысалы, **medisina, lüks, jentilmen, parkin** және т.б. Бірақ бұл емле ережелері жобасының талас тудырып, әлі де жетілдіруді қажет ететін тұстары баршылық.

Өткен ғасырдың басында-ақ тіл тазалығын сақтап қалуға үлкен алаңдаушылық білдірген лингвист ғалым А.Байтұрсынұлы: «...сөз әуезділігі сөз ішіндегі дыбыстардың құлаққа жағымдылығы, ол дауысты,

дауыссыз дыбыстардың оңтайлылығына байланысты; сөйлеу әуезділігі – сөйлемдердің құлаққа жағымдылығы, ол сөйлемдердің тізілуінен көрінеді», - деген еді. Жоғарыда ұлт ұстазының ой-пікірі тағы да бір ой елегінен өткізіліп, жетілдірілген әліпби жобасы бекітілгеннен кейін емле ережелерінің жобасы қайта сынамадан өткізілуі тиіс деп ойлаймыз. Атап айтсақ, ережеде *ë* әрпі *ö* әрпімен таңбаланатыны, ал қосымшалар соңғы буынның үндесіміне сәйкес жалғанатыны дұрыс жазылған. Ал мысалдарға назар аударайық: *manövr, bruselöz, aktör, amöba*. Кірме сөздерді осылай игеруден біз не ұтамыз?! Бұл менің ғана сұрағым емес – сынама сабақтарында көпшіліктің де қойған сұрағы. Мектеп оқушылары жатқа білетін үндесім заңын еске алатын болсақ, мына игерілген терминдер тіліміздің заңынан алшақтап кетіп тұр ғой. Дұрысында: *mänöbır, bürsülöz, äktör, ämiöbä* болуы тиіс. Әрине, «Бұлай сөйлей алмаймыз, бұл бір ғасырға кері шегіну болмақ» деушілер де табылар. Онда айтып жүрген нұсқаға жақындатып, *manobyр, bursyloz, aktop, amioba* деп, сөздерді бірыңғай жуан буынға алмастырып, ережеде: «*ë* әрпі сөздің жуан, жіңішкелігіне байланысты *o* немесе *ö* әрпімен таңбаланады» деп жазу керек болады. Қалай болғанда да, жуан буын мен жіңішке буынды араластырып, кірме сөздерді қазақ тіліне бейімдедік деп айта алмайтынмыз анық, мысалы: *älbom, päлма, büldozer, büldog* және т.б.

Емле ережелері жобасында: «**§89. ск, кт, нт әріп тіркестерімен аяқталған сөздерге қосымша і, у әріптері арқылы жалғанады: disk, diskısı, diskıge; relikт, relikтısı, relikтıge; pakt, paktısı, paktıge; fakt, faktısı, faktıge; konsept, konseptısı, konseptıge; evkalıpt, evkalıptısı, evkalıptıge**» деп берілген. Осындағы *пт* әріп тіркесіне қосымша жалғаудың күмәнді тұстары бар. Мысалы, *resept* сөзіне ілік септігінің қай қосымшасын жалғаған дұрыс (*-тің, -тінің, тісінің*)?! Біздің тіл заңдылықтарына орайластырсақ, екі дауыссыз дыбысты қатар айту мүмкін емес, түбірдегі соңғы *t* айтылу барысында түсіп қалатындықтан, жазуда да ескермеуге болады: *reseptің, resepter, resepke, reseptі, resepte, resepten, reseppen*, тәуелдік жалғауын қабылдағанда *reseбі, reseбінің* және т.б., яғни ешбір қазақ баласы «*Därінің reseptisін berші*» демейді, «*Därінің resebin berші*» дейді.

Ғалым Р.Сыздықтың «Қазақ тілінің анықтағышында»: «*Сс, лл, мм, нн, ст, кст, сть, зл, кк дыбыстарына біткен жалпы есімдер атау күйінде өзгеріссіз жазылады да, оларға қазақ тілі қосымшалары жалғанғанда соңғы дауыссыз дыбысы түсіріліп жазылады: кросс, кросқа, кросы, съезд, съезге т.б.*» деп жазылған. Бірақ соған қарамастан, қазіргі жазуда ала-

құлалық орын алып отыр. Жазарман қауымның көпшілігі *журналисттер, граммдық, металлы* деп жазып жүр. Олай болса, жетілдірілген әліпби жобасы бекітілгеннен кейінгі емле ережелерінің жобасын сынамадан өткізбей, бекітуге ұсыну асығыстық болар еді.

Ойымызды жинақтай келе айтқымыз келгені:

Әр сала өкілдері салалық терминдердің жаңа әліпбиде таңбалануына, игерілуіне назар аударып, өз орталарында талқылап, зерделесе. Қазақ тілінің дыбысталу жүйесіне, әуезділігіне қайшы келетін тұстары болса, ұсыныс-пікірді тиісті орынға әлі де жеткізуге болар деп ойлаймын.

Лингвистикалық реформа бір күннің, яки бір жылдың жұмысы емес. «Көш жүре түзеледі» дегендей, әлі де талқыланып, атқарылар жұмыстар жетерлік. Ең бастысы, Алаш зиялылары айтқандай, әліпбиіміз бен емле ережеміз бұқарашыл болып, ана тіліміздің табиғилығын сақтап қалуға қызмет етсе екен дейміз.

*Сырым Жанжігітов*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университеті Қазақ тіл білімі  
кафедрасының докторанты*

## **КЕҢЕСТІК ЖҮЙЕ ТҰСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЛЕКСИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақ терминологиясының басқа саласы сияқты заң терминдерінің де ерекше қарқынмен қалыптасып дамуы Қазан төңкерісінен кейін болды. Оның себебі осы уақыттағы ел өмірінде болған әртүрлі саяси әлеуметтік оқиғалар мен ірі-ірі тарихи жағдайлардан енді. Бұл жылдары жаңа типтегі бастауыш, орта, жоғарғы оқу орындары ашылды, территориялық және әкімгершілік орталықтар, ғылыми мекемелер құрылып, мәдени ошақтар жұмыс істей бастады. Әртүрлі құқық қорғау орындары жаңа саясаттың негізінде іс жүргізуге кірісті. Ол үшін жаңа заңдар қабылданды. Осы заңдар енді ғана құрылған үкіметтің экономикалық қоғамдық, мемлекеттік құрылымдары мен жеке қоғам мүшелерінің құқығы қорғалуға тиісті болғандықтан бұрынғы патшалық Ресей заңдарының көпшілігі іске аспай қалды. Жаңа заңдар жинағында жаңа ұғымдарды білдіретін атаулар қажет болды. Бұл жағдай жаңа терминдермен баюына тікелей ықпал етті.

1925-1935 жылдардың арасында Қазақ АССР Оқу Халық комиссиясы жанынан ашылған әдістемелік бюро, онан кейінгі арнаулы түрде құрылған терминология комиссиясы қазақ тілінің терминологиясын жасау ісімен шұғылданып отырды. Қазақ тілінің дамуы мен өркендеуіне, терминдерді қалыптастыруға көп көңіл бөлді. 1936 жылдан бастап күні бүгінге дейін қазақ тілінің ғылыми терминологиясын жасау, оған басшылық етіп отыру ісімен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясы айналысып келді.

Осы кездерде Қазақ терминологиясының заңдылықтары мен негізгі принциптерін жасауда алғашқы тіл мамандары профессор Қ.Жұбанов пен Н.Сауранбаевтың, академик С.Кеңесбаев пен профессор С.Аманжоловтың т.б. еңбектерінің әсері ерекше болды.

Н.Сауранбаевтың “Қазақ әдеби тілі және оның термиологиясын жасау туралы” мақаласында терминология мәселелері кеңінен қарастырылды. Жаңа терминдер жасап, тіл байлығы арттыра беру жөнінде, оларды бір ізге түсірудегі және қолдану жайындағы ұсынылған принциптер орнықты.

Қоғамдық дамудың жаңа кезеңдерінде – еліміз егемендік алып, бүкіл халқымызды мәдениетті, білімді ету мәселесі күн тәртібіне қойылған кезде қазақ тілінің ғылыми терминологиясын бұрынғыдан гөрі түпкілікті ету, әрі халық арасына батыл түрде баянды етіп сіңіру мәселесінің өте зор маңызы алып отыр. Халықтың мәдениеті көтеріліп, санасы өскен сайын тіл қадірі де аса түсетіні белгілі. Ғылым мен мәдениеттің шарықтай өскен заманында басқа терминдер сияқты заң терминдері құрамында да көптеген өзгерістер болды: бұрынғы терминдер құрамындағы бірқатар атаулар ескіріп, қолданудан шығып қалды, оның есесіне жаңа замандағы жаңа ұғымды білдіретін жаңа атаулар пайда болды (болыс, би, қазы, ұлық т.б. ) осы сияқты көне атаулар архаизмге айналып, кеңес, сот, прокурор, қорғаушы, тергеуші т.б. сөздер осы кездегі әлеуметтік меншік пен мемлекетті қорғаушы субъектілердің мазмұнын білдіретін терминдік мәнге ие болды.

Сондай-ақ, прокурор, адвокат, заседатель, банк, бандитизм, абонимент, аванс, автономия, агент, кодекс, коллегия, контрабанда, ордер, факт, пассив, патент, полис, ратификация, реквизиция, репатриация т.б. осындай заңдық ұғымды білдіретін сөздер ана тілімізде баламасы болмағандықтан өзге тілдерден өзгеріссіз алынды.

Бұл күндері қазақ тілінің заң терминдері күрделі сөздермен де толықты. Олардың құрамы әртүрлі болып келеді:

а) шабуыл жасап тонау, сыйға тарту келісімі, жалақы алу құқығы, жас балаларды аздыру, ерікті халық жасақтары, азаматтық хал актілері, тікелей шек қоюшылық т.б.

ә) жолдастық сот, азаматтық құқық, тәртіп сақтау батальоны, тұрмыстық прокаттық қалыпты договоры т.б.

б) авторлық құқық, автономиялы округ, аккредиттелген чектер, адвокаттар коллегиясы, сот коллегиясы, колхоз құқығы, коммерциялық акт т.б.

Кеңес үкіметі тұсында қалыптасқан заң терминдерінің одан бұрынғы кездегі заңдық ұғымдағы атаулармен салыстырғандағы негізгі ерекшеліктері деп мыналарды айтуға болады:

1) Заңдық ұғымды білдіретін сөздер бұл күндері қазақ тілі лексикалық құрамынан салалық терминдердің негізгі бір саласы ретінде жеке дара бөлініп өзінің тиісті орнын алды;

2) Осы кездегі құқықтық мекемелерді, оқу орындарының көбейе, ұлғая түсуіне, соған байланысты жаңа ұғымдардың қалыптасуының арқасында заңдық ұғымдағы сөздер ерекше мән алып, бұл топтағы сөздер мазмұндық жағынан байыды;

3) Құқықтық терминдер тобы басқа тілден ауысып келген кірме сөздермен толықты. Олар көбінесе орыс тілінен не болмаса орыс тілі арқылы басқа еуропа тілдерінен ауысып келген интернационалдық атаулармен байы түсті;

4) Заң терминдерінің құрамы өзіміздің ана тіліміздің төл сөздерінің негізінде, олардың мағыналарының кеңеюі нәтижесінде де дамыды;

5) Заңдық ұғымды білдіру үшін ана тіліміздегі сөздерді пайдаланғанда, оларды басқа тілдерден дәлме-дәл аудару (калька) жолымен де жүзеге асырылды. Заң терминдері ана тіліміздің лексикалық қорынан өзінің тиісті орнын алуына байланысты олар ғылыми зерттеу объектісіне айналды, құқықтық мәндегі сөздердің түсіндірме және аударма сөздіктері жарық көрді.

Сонымен бірге, заң терминдерін қалыптастыру бағытында осы кезде жүргізілген жұмыстарда бірқатар кемістіктер мен асыра сілтеушілік те болды. Мысалы, бір ұғымды әр кезде әрқалай атаушылық: ғасырымыздың 40 жылдарына дейін ең басты заң қорғау органдарының бірін “Қазақ ССР заң халық комиссариаты” десек, соңғы кездерге дейін юстиция министрлігі деп жүрдік, ал қазір “Әділет министрлігі” деп атайтын болдық. Осындағы *заң, юстиция, әділет* сөздерінің мәндестігі шамалы, синонимдік қатар құрай алмайды, сонда осы бір үлкен абыройлы мекемені қалай атаған жөн? Кеңес үкіметі тұсында жаңа қолданысқа енген заңдық ұғымдарға қазақ тілінен балама іздеп көп басымызды ауыртпай-ақ орыс тіліндегі атауды сол күйінде ала салдық. Және оған ана тілімізге Ұлы орыс тілінің еткен игі әсері деп мақтанатын болдық. Терминдердің моносемантикалы болу керек екендігін ескермей, бір ғана заңдық ұғымды бірнеше атаумен атаушылық та осы кездегі сөздік құрамымыздан едәуір орын алды. Мысалы: қылмыскер, айыпкер, істі, жауапты сөздері бір ұғымды білдіріп, қатар қолданылып жүрді. Заң терминін жасайтын грамматикалық формаларды іріктеп алуда да бірізділік болмады. Қылмыскер – қылмысты, айыпкер – айыпты, жауапкер – жауапты

т.б. осы тектес сөздердегі –қар//-кер, -ты//-ті жұрнақтарының да жарыса қолданылуы осыны дәлелдейді.

Ө.Айтбаев өзінің “Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы” деген монографиясында ұлттық тіліміздің терминдік лексикасының кезеңдеріне тоқтап, былай дейді: “Қазақ терминологиясының жасалуына ең басты екі арна, екі көз себеп болды: оның бірі – ұлттық тіліміздің өз сөз байлығы (ішкі мүмкіншілігі) де, екіншісі – әрқилы тілдік амалдар қолдану нәтижесінде қабылданған кірме сөздер. Бұларды іштей жіктеп, бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады” [1, 200].

Қазақ тіліндегі заң терминдерінің шығу тегін айтқанда да осы екі арнаны негізге алу керектігі байқалады. Ана тіліміздегі заңдық ұғымды білдіретін атаулардың дені өзіміздің төл атауларымыздың терминдік мәнде қолданыла келе біртіндеп осы қасиетке ие болды. Әрине, олардың терминдік мән алып, жаңа лексикалық топ құрауына әртүрлі құқық қорғау мекемелерінің пайда болуы, қоғамдық тәртіп, оны бұзушылар мен оған қарсы күресетін күштердің дүниеге келуі, қоғамға жат қылықтар, олармен күрес, жеке адамның басына, мемлекетке зиянын тигізетін әрекеттер мен оның түрлері сияқты ұғымдардың адам санасына ұялауының нәтижесінде осы ұғымдарды білдіретін атаулардың қажеттігі, осыған мұқтаждық негізінде бірқатар сөздер жаңа мәнде қолданыла бастады да, олардың соңғы мағынасы бұған дейінгі мәндерінен бөлініп, жаңа сөздердің қызметін атқара бастайды. Сөйтіп, тілімізде жаңа құқықтық атау пайда болады. Мысалы, іс сөзі – көне түркі дәуірінен бері бар атау. О баста бұл әрекет ұғымын білдірген, қазір де осы мағына жалпыхалықтық лексикада жиі қолданылып келеді: *іс бітіру, іске шығу, ұжымшарда жұмыс істейді* т.б. Сонымен бірге кейінгі кезде осы атаудың бір мәні қылмыс жасалғанда оны тексеру барысында жиналған құжат ұғымын не қылмыс бойынша тексеру жүргізуді бастау мәнін білдіретін болды. Сонымен, оның осы соңғы мағынасының негізінде бір терминдік атау пайда болды:

*“Осы үш бұзақының үстінен іс қозғалды. Көп жылдан бері қоғам мүлкін талан-таражға салған бұл топтың үстінен жүргізген тексеру құжаты он томдық іс болды”,* - деген сөйлемдердегі “іс” сөзі таза заң термині екеніне шек келтіруге болмайды. Мұның терминдік мәні толық айқындалған. Тағы бір мысал, *“анықтау”* сөзі де жалпыхалықтық лексикада бар; *білу, басын ашып алу, естігеніңді басқа бір жолмен тағы да айқындай түсу* мәнінде қазір де қолданыста жиі ұшырайды, түбірі – анық. Оның мағынасы “яс-



ный”, “точно” т.б. орыс сөздеріне дәл келеді. Осы сөздер де мағыналық жағынан дамып, бір мағыналы заң терминін жасаған. Дознание – анықтау. “Қылмысты алдын ала тергеуге байланысты әрекеттердің әр түрі” [2, 55].

Неке сөзінің мағынасындағы өзгерістерден де заңдық атаудың біртіндеп қалыптасқандығын көруге болады. Бұл сөздің бастапқы мағынасы екі жастың (ер мен әйелдің) жеке отбасы болып бірлесуі дегенді білдірген және оның салттық (әдеттік) тәртіп бойынша дін басы молдалар орындаған (“некесін қию”, “некеге отыру” тіркестері осыны білдіреді). Ал қазір бұл процесс мемлекеттік мекеме орындайтын ерекше азаматтық акті болып саналады, оған, оның орындалуына заң жүзінде қорғалуына өзгеше мән беріледі. Сондықтан да бұл ұғымның атауы “азаматтық құқық” саласындағы негізгі ұғымдардың бірін білдіретін терминге айналған. Бұл атау туралы “Заң терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігінде” (1986 жыл) мынадай анықтама берілген: “Брак – неке. Еркек пен әйелдің материалдық есепқойлықтан аулақ, өзара сүйіспеншілік, сыйластық сезімдеріне негізделген ерікті ынтымағы.

Некені қию азаматтық хал актілерін жазатын мемлекеттік органдарында жүргізіледі. Некені қию үшін некеге отыратын адамдардың өзара келісімі және олардың неке жасына толуы керек” [3,15].

Сонымен, ұлттық тіліміздің құрамындағы заң терминдерінің дені төл тіліміздің негізінде, соның лексикалық құрамында бар сөздерінің жаңа мән алып заңдық ұғымдарды білдіру мүмкіншілігіне ие болуының нәтижесінде пайда болған. Осындай сөздердің көпшілігінің бастапқы мағынасы ұмытылмаған, бұрынғы күйінде жалпыхалықтық лексикада әлі күнге дейін қолданылып келеді. Мысалы, кінә сөзі ана тіліміздің жалпыхалықтық лексикасында жиі қолданылады да, әлдебір қолайсыз жайға (оқиғаға) біреудің айыпты екенін білдіреді: “Менің одан әрі оқи алмауыма тек өзім кінәлімін” – деген де солай. Ал бұл күнде белгілі бір қылмысты іске жауапты адамды білдіру үшін де, осы сөз қолданылып, қылмыстың жалпы атауы ретінде қолданылатын болды. Осы мағынасы заң термині мәнінде қолданылып қалыптасты. Бұл жөнінде сөздікте былай делінген: “вина – кінә”. 1. Қылмыстық жауаптылыққа тек қана қылмыс істеген, яғни қылмыстық заңда көрсетілген қоғамға қауіпті іс-әрекетті немесе әрекетсіздікті, қасақана немесе абайсыздықпен жасаған кінәлі адам ғана тартылады. Кінәнің түрлері: қасақаналық, абайсыздық.

2. Азаматтық құқықтың нормаларын реттейтін міндеттемені орындамаған немесе оны мардымсыз орындаған жан әдетте кінәсі болғанда ғана мүліксіз жауапқа тартылады. Кінәнің болмағандығын міндеттемені бұзған жақ дәлелдеуі керек. Басқа біреуге зиян келтірген жақ, егер зиянын келтірілуіне өзінің кінәлі емес екендігін дәлелдесе, зиянды өтеуден босатылады. Кейбір заңдарда мүліктік жауаптылыққа біреуге кінәсіз (қасақана да емес абайсыздықта да емес) зиян келтірген жақты тарту көзделуі мүмкін” [4,24].

Төл тіліміздегі сөздердің мағыналық жағынан дамып, жаңа заңдық терминдердің жасалуы жайында айтқанда, жаңа терминдердің жасалуы жайында айтқанда, жаңа терминдер тек лексикалық процестің нәтижесі деп ұқпау керек. Бұл жолда грамматикалық тәсілдердің де атқаратын қызметін естен шығармау керек. Сондықтан төл тіліміздің заң терминдерінің қалыптасуында шешуші рөл атқарғандығын осы айтқандарымызбен тоқтата тұрып, ана тіліміздің негізінде жасалған термин сөздердің құрылысында қысқаша зер салағанда, мыналарды байқаймыз: олар құрылысы жағынан дара және күрделі болып келді. Дара құрылымды терминдерге мысалдар:

а) дау, қаулы, атақ, дәреже, қылмыс, тонау, жала, нұсқау, қарау, асырау, қорғау, өсиет, тексеру, құжат, құқық т.б.

ә) қорғаушы, асыраушы, тергеуші, тонаушы, жалақор, қылмыскер, даугер, тексеруші, заңгер, айғақты, куәгер, талапкер, азаматтық, зиянкестік, кінәлілік, айыптылық, иелену, парақорлық, болжам, салттық, тапсырма т.б.

Заң терминдерінің қалыптасу және даму жолдары әлеуметтік өмірдегі болып жатқан әртүрлі экономикалық, мәдениет, тұрмыстық, құқықтық өзгерістермен байланысты екендігі анықталды. Қазақ тіліндегі заң терминдер жүйесінің ғылыми термин ретінде қалыптасуын, зерттелуін кеңес дәуірімен байланыстыра отырып, оның бастауының өзі ерте дәуірлерде болғандығын көруге болады.

Қазан төңкерісіне дейін қазақ тілі лексикасында заңдық ұғымды білдіретін сөздер болды, дегенмен, олар ана тіліміздің лексикалық құрамынан белгілі жүйеге негізделген терминдік топ құра алмады, оған әлеуметтік жағдай да жоқ еді. Яғни, құқықтық мекемелер, ғылым мен құқықтық оқу орындары.

Қазақ терминологиясының заңдылықтары мен негізгі принциптерін жасауда тіл мамандарының үлкен маңызы болды.

Тіл бүгінгі деңгейіне жету жолы оның тарихына толығы, толысудың

әрбір кезеңіне лайықты із қалдырып, сан түрлі жолдармен дамығандығын көреміз. Демек, қазақ терминологиясының қалыптасу жүйесі және даму тарихы әртүрлі кезеңдерді басынан кешірген деп айта аламыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988;
2. Заң терминологиялық сөздігі. – Алматы, 1964.
3. Заң терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1986.
4. Байсалов С. Заң терминдерінің орысша – қазақша сөздігі. – Алматы, 1960.

Қазақ терминологиясының дамуына бір кісідей қомақты үлес қосқан ғалымдар санатында филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Шерубай Құрманбайұлы да бар.

Ғалымның «Қазақ терминологиясы» зерттеулер, оқулық, сөздік, кітабынан өткен санымызда берілген терминжасам тәжірибесін жалғастырамыз. («Қазақ терминологиясы» кітабының 436-438, 450-451 беттерінен)

### **Өткеннен жеткен терминжасам тәжірибесі**

1930 жылдарға дейінгі терминқор қалыптастыру үрдісінің өзіндік ерекшелігін айқындап, қазақ тіліндегі термин шығармашылығының бағытын бағамдап, терминжасам тәжірибесіне үңілу үшін сол кезеңде жасалған терминдермен танысуға тура келеді. Төменде аталған кезеңде түрлі газеттер арқылы жұртшылық талқысына ұсынылған және Қазақстан Оқу комиссариатының білім секциясы бекіткен пән сөздері беріліп отыр. Бұл атаулардың арасынан сұрыптап алып, пайдалануға болатын сәтті терминдерді бүгін де табуға болады деп білеміз.

#### **Осы пән атаулары дұрыс па?**

Забой	забой (кен орны)
Забойщик	кен қазушы (забойшы)
Забол ривание почвы –	
Заводская книга	тұқым кенеге
Загон	түнек – шарбақ
Заготовительная цена	даярлау баға
Заградительный огонь	жау бөгейтін от
Задачник	есептік
Заказ	Заказ
Законодательная власть	заң шығару орны
Законодательная инициатива	заң шығару иелік
Закономерность –	Закономерность –
Законоположение	салынған заң (жол)
Законопроект	заң жобасы

Закон убывающего плодородия	жер сүмесінің кему заңы
Заливные луга	қорық
Залепсь	1) қордалы кен; 2) тыңайту (жерді)
Залежная система полеводства	жер тыңайту жүйесі
Замещение (хим.)	ауыстыру
Замкнутое хозяйство	бұйығы шаруа
Заочное обучение	сырттан оқу
Заочное решение	сырт билік
Зарница	найзағай (жасыл)
Зародышевая плазма	тұқымдық шарана
Засухоустойчивость	құрғаққа төзімді
Затон	затон (тығырық)
Затор	іркілу
Захватное землевладение	жерді тартып алып иемдену
Затуги	толғақ
Зачаток	басталу
Защитная окраска	сақтаушы түс
Звездная система	жұлдыз қотаны (құрысы)
Звездное скопление	жұлдыз шытырманы
Зверинец	аң көрмесі
Звероводство	аңшылық
Звукоподражание	дыбыс еліктеуі
Звукопроводность	дыбыс өтерлік
Зебра	ала құлан
Зеленое удобрение	көк пен өңдеу
Зеленое насаждение	көк егу
Зеленый корм	көктем (көк шөп)
Зеленая рента	жер ренти
Земельное общество	жер қоғамы
Землеведение	жер су тану

Земледельческая артель	егіншілік әртел
Земледельческая машина мәшине	егіншілік мәшине
Землеройка	көртесер
Землечерпание	жер аршу (көз аршу, кен аршу)
Землечерпательница (землечерпалка)	жер қазғыш
Землесос	тереңдеуіш
Земельный участок	жер танабы
Земляника	қайың бүлдірген (жидек, жиде)
Землячество	жерлестік
Зерно	дән, тұқым, ұрық
Зерновой влагомер	астық дымын өлшеуіш
Зерноочистительная машина	тұқым тазартатын жер
Зерноочистительный пункт	тұқым тазартатын жер
Зернодробилка	дән жарғыш (уатқыш)
Зерносушилка	тұқым тобартқыш
Зернотрест	зернатірес
Зернохранилище	тұқым қоймасы (астық қоймасы)
Зефир	1) қоңыржел; 2) зепір (сарша-матай)
Зимаза	аштқы (қор)
Злободневный	қыл үстіндегі
Знаки препинания	жазу белгілері
Знахарь	дауашы
Зодукальный свет	ақтаңлақ
Золотопромышленность	алтын кесібі
Зоология	залогие («жануарлар»)
Зоогеография	айуанат жағрапиясы
Зоологигиена	зауагегиене
Зоопалентология	зауапаленталогие (тұқымдары құрыған айуандызер, ғылым)

Зоопатология	зауапатологиие (айуан ауруын қарастыратын ғылым)
Зоопозы	айуанат ауруы
Зоопсихология (псих. животных)	зауапсиқалогиие (айуанат өмірін қарастыратын ғылым)
Зоологический сад (зоол. парк)	зологиие бағы
Зоологическая станция	залогиие ыстансасы
Зоотехника (зоотехния)	зауатекнике
Зрения	көру
Зрительная труба	көру дүрбісі
Зрительный нерв	көз тамыр
Зритель	қараушы
Зубчатые колеса	тісті дөңгелек
Земная кора (литосфера)	жер қабығы
Земной магнетизм	жер мәгниті

Әлкей

«Еңбекші қазақ» 1930. 7 апрель №79 (1684)

## ҚАЗАҒЫСТАН ОҚУ КАМЕСЕРЕТІНІҢ БІЛІМ СЕКСИЯСЫ АЛҒАН ПӘН СӨЗДЕРІ

(Жалғасы, басы өткен санда)

қазақша	орысша
Омыртқалы	Позвоночное
Емшекті	Млекопитающие
Қол	Верхние конечности (Анат)
Аяқ	Нижние конечности
Қол аяқ	Конечность
Кеуде	Туловище
Ішкі сарай	Внутренность
Ішкі мүшелер	Внутренние органы
Сыртқы мүшелер	Наружные органы

Мүше	Орган
Мүше жүйесі	Система органов
Сүйек жүйесі	Костная система
Ет	Мышцы
Ет жүйесі	Мышечная система
Жалған аяқ	Ложная ножка
Жыбырлау	Мерцательное движение
Ас қазан жүйесі	Пищеварительная система
Дем тыныс жүйесі	Дыхательная система
Сідік жүйесі	Мочевая система
Шағылыс жүйесі	Половая система
Қан, жүрек жүйесі	Кровеносная система
Жүйке жүйесі	Нервная система
Оң жүйесі	Система покровов
Тері	Кожа
Түйіршік	Клетка
Өзек	Организм
Өзекті	Органический
Өзексіз	неорганический
Шарана	Протоплазма
Шырыш	Студень
Дән	Ядро
Дән бояуы	Хроматин
Дәншік	Ядрышко
Амебі	Амеба
Жиырылу	Сократительное движение
Тітіркеніс	Раздражимость
Дем алу, дем алыс	Дыхание
Қоректену, қоректендіру	Питание
Қанның ақ түйірі (обқыр)	Фагоцит, лейкоцит, белые кровяные шарики



Қанның қызыл түйірі	Красные кровяные шарики
Обқырлық	Фагопитоз
Іріткі ашытқы	Фермент
Зат алмасуы	Обмен веществ
Өсіп-өну	Размножение
Жай бөлініс	Простое деление
Қорытқы пеш	Доманная печь
Казарма	Казарма
Ор	Канава
Қырағылық	Дальновидность
Нобай	Конспект
Шошақ	Конус
Касты	Касса
Кастр	Кассир
Кеуде	Грудная клетка
Көкірек	Грудная клетка
Сын	Качество
Қалақша	Каланча
Соғылмалдық	Ковкость
Бөлім	Знаменатель
Алым	Числитель
Кариекенез	Сложное деление (кариокинез)
Жетілу	Восстановление
Мамандау, мамандану	Специализация
Оң ұлпасы	Покровная ткань
Без ұлпасы	Железистая ткань
Без суы	Секрет
Жүйке	Нерв
Нейрен	Нерврон
Жүйке ұштарының талауратуы	Нервит
Дендрт (жүйке түйірінің бұтақтары)	Дендрит

Жүйке талы	Нервное волокно
Ет	Мышцы (мускулы)
Ет жүйесі	Мускулатура
Тегіс ет	Гладкие мышцы
Айналшық ет	Круговые мышцы
Жолақ ет	Поперечное-полосатые мышцы
Пебрел (талшық)	Фибрилль (волоконце)
Өлік қатуы, сіресуі	Трупное окоченение
Демеу ұлпа	Поддерживающая ткань
Жалғау ұлпа	Соединительная ткань
Шеміршек ұлпа	Хрящевая ткань
Сүйек ұлпа	Костная ткань
Сілекей ұлпа	Слизистая ткань

## МАЗМҰНЫ

### РЕСМИЕТ

Республикалық терминология комиссиясының шешімі.....3

### КӨКЕЙКЕСТІ

- Ш.Құрманбайұлы.** Оқулықтарға енетін терминдерді іріктеу мен қолдану мәселесі.....31
- Н.Әшімбаева.** Ұлттық терминологиялық қорды қалыптастырудың лингвәдістанымдық негіздері.....42
- А.Қожахмет.** Алғашқы қазақ ғылыми мәтіндеріндегі терминдердің тілдік ерекшеліктері.....51
- Ә.Сейітбатқал.** Халықтық географиялық терминдердің қолданысы.....57

### ТАЛҚЫ

- Ә.Смықова.** Сөздіктер түзу тәжірибесінен.....61
- О.Мақсұт.** Салалық терминологиялық сөздіктер: жетістіктері мен кемшін тұстары.....67
- А.Ахмет.** Кірме терминдерді игерудің бір жолы – будан терминдер.....74
- Э.Кемельбекова.** Қолданбалы геометрия терминдерінің қазақ тіліндегі салалық сөздіктерде берілуі.....82
- С.Ерғали.** Терминологияны дамыту тетігі.....92

### КӨЗҚАРАС

- Б.Ысқақ.** Жаңа әліпбиде шеттілдік терминдерді игеру жайы.....97
- С.Жанжігітов.** Кеңестік жүйе тұсындағы құқықтық лексика мәселелері.....101

### ТӘЖІРИБЕ

Өткеннен жеткен терминжасам тәжірибесі.....108

## **РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ**

Авторлардың стилі,  
орфографиялық хақы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы  
"ТІЛ-ҚАЗЫНА" ұлттық  
ғылыми-практикалық орталығында  
теріліп, беттелді.

Бас редактор **Ш. Құрманбайұлы**  
Жауапты шығарушы **Қ. Есентаев**  
Корректор **М. Шіменбай**  
Дизайнын жасап, электрондық нұсқасын дайындаған  
**С. Баубек**

### ***Редакцияның мекенжайы:***

Қазақстан Республикасы  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Сығанақ көшесі, 25,  
Тел.: 8 (7172) 27-30-43  
info@tilqazyna.kz

Беттеуге берілген күні 19.05.2021 ж.  
Электронды нұсқаға қол қойылған күні 21.06.2021 ж.  
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 9.4